

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ  
АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ**

**«МҰХТАР ӘУЕЗОВ ТАҒЛЫМЫ»  
ҚАЛАЛЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК-ТӘЖІРИБЕЛІК  
КОНФЕРЕНЦИЯ МАТЕРИАЛДАРЫ**

Астана, 2023 ж.

УДК 821.512.122.0  
ББК 83.3 (5Қаз)  
М86

**«Мұхтар Әуезов тағлымы» қалалық әдістеме-тәжірибелік  
конференция материалдары. Астана қаласы әкімдігінің  
«Әдістемелік орталығы» МКҚК, 2023 ж. 77 б.**

ISBN 978-601-08-3803-1

Жинақ «Мұхтар Әуезов тағлымы» қалалық әдістеме-тәжірибелік конференциясы материалдарын қамтиды. Жинаққа жазушының шығармаларын оқыту әдістемесі негізіндегі мақалалар енгізілді. Жинақ білім беру мекемелерінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдеріне арналған.

**Редакция алқасы:**

С.М. Дауешова – төрайымы, Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК басшысы

**Мүшелері:**

1. Ж.С. Маман – Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК, әдіскер;
2. Б.Ғ. Ғалымжанов – Еуразия гуманитарлық институтының оқытушысы, PhD докторант, әдіскер, тренер;
3. А.М. Момынқұлова – ардагер ұстаз, халықаралық тренер;
4. З.А. Бимбетова – Қ. Мырза-әлі атындағы BINOM мектеп-лицейінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі;
5. М.Ж. Карамурзина – «Білім-Инновация» мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, қалалық Шығармашылық топ жетекшісі;
6. С.Ж. Толеубаева – М. Әуезов атындағы №86 мектеп-гимназиясының қазақ тілімен әдебиеті пәні мұғалімі, қалалық Педагогтер қауымдастығының лидері.

Әдістемелік орталығының оқу-әдістемелік кеңесінің шешімімен бекітілді және басылымға ұсынылды. Хаттама. 17.05.2023 ж. №2/2

Конференция ұйымдастырушылары мен редакция алқасы мақаладағы көзқарастар мен фактілердің нақтылығы үшін, авторлардың жіберген стилистикалық және грамматикалық қателеріне жауап бермейді.

## АЛҒЫ СӨЗ

Заманымыздың заңғар жазушысы, XX ғасырдағы қазақ әдебиеті мен мәдениетінің шыңы – ұлы Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің мұрасын зерттеу және түсіну үшін әр дәуір мен әр ұрпақтың өз айтар сөзі мен таным-түсінігі болатыны сөзсіз. Қазіргі таңда кемеңгер тұлғаларымыздың рухани мұраларын заман сұранысына сай тереңдете оқытқанымыз жөн. Жаңартылған білім мазмұнына сай құндылыққа негізделген білім беру үдерісінде ұлттық дәстүріміз бен мәдениетіміздің дамуына өлшеусіз үлес қосқан жазушы-ақындардың мол мұрасын жете меңгерту басты міндет болып отыр. Осы орайда, «Мұхтар Әуезов тағлымы» қалалық әдістеме-тәжірибелік конференциясында қорғалған мақалалар жинағы құрастырылды.

М.О.Әуезовтің өмірі мен шығармашылығын оқытудың өзекті мәселелері мен оны оқыту әдістемесіне негізделген баяндамалар мұхтартану ғылымын танытуға әдістемелік жағынан қыр-сырын аша білген. Оқушы зердесіне М.Әуезовтің көркем де бай мұрасын оқытудағы өзіндік тәжірибелері, жаңартылған білім беру мазмұнына негізделген әдіс-тәсілдері ұстаздар үшін таптырмас құнды дүние.

М.Әуезов шығармаларының құндылығын, балаларға арналған мұраларының көркемдік, танымдық сипатын әр дәуір әр қырынан өзінше танып, оған өзінің ой-пікірін білдіріп отыруы заңды құбылыс. Әр дәуір, әр ұрпақ қанша пікір білдірсе, мұхтартану саласы соншалықты байып, күрделене түспек. Мұхтар шығармаларының балаларға арнап жазған туындыларының рухани табиғатын танып білуде, зерттеуде ұлттық рухани тәрбиені басты назарда ұстанғанымыз жөн.

Әуезов әлемі дейтін кең дүниенің жаратылысы мен табиғатын екі сөзбен қайырып айту мүмкін емес. Оны терең танып, жан-жақты талдау – әр дәуір, әр ұрпақтың киелі міндеті. Француздар – Бальзакты, орыстар – Толстойды, американдықтар – Драйзерді, немістер – Гетені қалай зерттеп, зейіндесе, қазақтар Әуезовті дәл солай тануға ұмтылғанда ғана ұлттың өзін-өзі тануы, өзін-өзі бағалауы, өзін-өзі қадірлеуі қалыптаспақ, күшеймек, жалғаспақ. Әуезов әлемі көзге көрінбейтін ғажайып ұлы сиқырымен, құдіретімен ұлттық рух тәуелсіздігін қорғауға, сақтауға үйретеді!

«Мұхтар Әуезов тағлымы» қалалық әдістеме-тәжірибелік конференцияның мақсаты: жазушының әлемдік әдебиет пен мәдениетке, ғылымға қосқан үлесін, ұлылығын дәріптеу, қазақ елінің мақтанышына айналған заңғар жазушының мұрасы арқылы өскелең ұрпақтың рухани жан дүниесін байыту. Жинаққа мектеп мұғалімдерінің М.О.Әуезов шығармаларын оқытуда жаңашылдық таныту, түрлі әдіс-тәсілдер арқылы оқушының қаламгер туындыларына ынтасын, сүйіспеншілігін арттыруға бағытталған баяндамалары енгізіліп отыр.

**Спанова Ақгүл Спанқызы,  
Қ. Мырза Әлі атындағы  
BINOM SCHOOL мектеп-лицейінің  
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі**

**М. ӘУЕЗОВТІҢ «АБАЙ ЖОЛЫ» РОМАН-ЭПОПЕЯСЫН  
ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙЛІ ОҚУ МАҚСАТТАРЫ НЕГІЗІНДЕ  
ЖАСТАР ТӘРБИЕСІНЕ ЫҚПАЛ ЕТЕ ОҚЫТУ**

Халқымыздың бүгінгі тарихында, мәдениеті мен әдебиетінде Мұхтар Әуезов дара, бірегей тұлға. Әлемнің жазушылары мен ғалымдары жоғары баға берген адамзаттың Әуезовінің шығармашылық мұрасын бүгінгі және болашақтағы ұрпаққа таныту - әдебиеттегі маңызды мәселелердің бірі. М.Әуезов шығармашылығын оқытумен бірге, жасөспірімдерге жеткізу, рухани жан дүниесіне бойлату мәселесін алағаш рет әйгілі ұстаз әдіскер Қ.Бітібаеваның еңбектерінде көтерілді. Оған дейін тек «Абай жолы» роман-эпопеясын оқытудың жолдары мен талдаудың түрлері белгілі әдіскер-ғалым Т.Ақшолақовтың, Қ.Тасболатұлының еңбектерінде ұсынылған болатын. М.Әуезов шығармашылығын оқыту дегеніміз - үлкен мұхитқа сапар шеккенмен тең деген сөз. Осыған байланысты Қ.Бітібаева өз сөзінде былай дейді: «Ұстаздар қауымы Әуезов тағлымын оқу мен тәрбие беруде тиімді пайдалануы, қажетке айналдырудың көзін тауып, қонымды жолын ізденуі керек. М.Әуезов шығармашылығын оқытудың тиімді жолдарын іздеу бүгінгі оқыту үрдісінің талап деңгейінен туындайды», дейді [2;6].

Заманауи білім беруде ұлттық бірегейлікті, тұтастықты сақтауда, ұлттық сананың қалыптасуы үшін мектептегі білім берудің маңызы зор. Соның ішінде ұлтжандылық тәрбие идеяларын оқушы санасына сіңіруде әдебиеттің алатын орны ерекше. Осы сөзімізді Қ. Бітібаеваның сөзінмен сабақтастырсاق: «Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары» атты оқу құралында: «... әдебиет пәні жас жеткіншектерге жай ғана білім беріп қоймайды, ол өмірдің ең қымбаттысы, ең асылы – жақсылық пен ізгіліктің ұрығын себеді. Әдебиет пәнінің әр сабағын – адам бойындағы асқақ арман, берік сенім, әсемдік пен сұлулыққа құштарлық тәрізді ең мөлдір сезімдер мен кісілік қасиеттер туралы сырласу сабағы десек те болады. ...Бұл пән жас қауымды мақсатты өмір сүруге үндейді, оны туған анасын сүйоден Отанын сүйуге, бүкіл адамзатты сүйуге дейін жетелейді. Әдебиет пәнінің алдында тұрған осындай қасиетті мақсат ең алдымен сабақ процесінде, оның әр тақырыбында жүзеге асырылуға тиіс...», - дейді [3; 4-5]. Жоғарыда аталған Әдебиет пәніне қойылатын талап пен биік мақсаттарымызды бүгінгі жаңартылған білім мазмұнының оқу мақсаттарымен байланыстырып көрейік. Мазмұн мен гуманистік идеялардың басын қосқан әдебиет сабағында М.Әуезовтің Ұлт энциклопедиясына айналған туындысын бүгінгі ұрпақты тәрбиелеудің қаруы етіп пайдалана алудың жолы қандай? “Абай жолын” оқытуда жоғары деңгейлі оқу мақсаттарын осы мақсатымызға

жетуде тиімді пайдаланудың жолдары қандай? Осы сұрақтардың жауабын ұсынып отырған жұмысымда өз тәжірибеммен бөлісе отырып тарқатамын.

Жалпы білім беретін мектептердің 11-сынып жаратылыстану-математика бағытының оқу бағдарламасында «Абай жолы» роман-эпопеясы 3-тоқсанда оқуға берілген. Бағдарламада ұсынылған оқу мақсаттары оқушыны ойлау деңгейінің жоғары сатысына жетелейді, сыни ойлап, әлемдік деңгейдегі туындыны әлемдік шығармалармен салыстыруға тартады. Әрбір әдебиетші ұстаз «Абай жолын» оқу мақсаттары негізінде тереңдете оқытуды ұстаным ете отырып, Қанипа ұстазымыз айтқандай, әдебиет сабағының басты мақсаты – баланы тәрбиелеу бағытын тең ұстап отырса, көздеген мақсатына жетеді. Күрделі оқу мақсаттары жас өреннің ойлау, саралау, талдау, салыстыру, баға беру, қорытынды жасау дағдысын дамытып кемел ой иесі болуына үлес қосуы тиіс.

**Оқу мақсаты:** Шығарманы әлем әдебиеті үлгілерімен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау. (Оқушыға тарихи және көркемдік құндылық туралы ақпарат нұсқаулық беріледі.)

**Тапсырма.**

Көтерілген мәселе немесе болған оқиға	Көркемдік құндылық	Тарихи құндылығы	Әлем әдебиетіндегі маңызы
«Биікте» тарауы. Амал жоқ қайттым білдірмей... Тізесінде жатқан жазуына көз қиығын тастап отырып, барлық Татьяна хатын іркілмей айта берді. Тоғызқұмалақ тоқталып қапты. Абай міз бақпай, кірпік қақпай тыңдайды.[5]			
«Жолда» тарауы.Бұл ой Абайға ең алғаш келген ой еді де... және тіпті өз ойы сияқты көрінді. Анығында: «ақыл, қайрат...», «ақыл мен бақыт, байлық» дегендердің өзара дауы, таласы деген «парсы, түрік» тіліндегі кітаптардан былтырлар бір оқыған нақыл әңгімесі бар-ды.[5]			

**Дескриптор:** – Үзіндіден болған оқиғаны нақтылайды;

- Көтерілген мәселені анықтайды;
- Тарихи құндылығын талдайды;
- әлем әдебиетіндегі маңызына баға береді.

**Күтілетін нәтиже, тәрбиелік мән:** 1. Өнерге құмар жастардың әрекеті, әсіресе, Мұхамеджанның табандылығы, «Татьянаның қырдағы әнінің» маңызы, махаббат сезімінің Абай ортасында талқылануы.

2. Абайдың өзі жасаған іске іштей талдау жасап, өз ісіне өзі баға беруі. Ақынның Он жетінші қарасөздегі ойымен сабақтастыру.

**Оқу мақсаты:** көркем шығармадағы заман көрінісі мен қазіргі заман көрінісін салыстырып бағалау; Осы шығармада замана көрінісін талдау арқылы отбасылық құндылықты, жас ұрпақ тәрбиесін талдауға мән берілді.

**Тапсырма. [5]**

«Қайтқанда» тарауы. Абай оқудан ауылға сағынып келгенде анасына бірінші ұмтылған кезде анасының “алдымен Әкеңе бар” деуі.	Бүгінгі замандағы әкеге құрмет
«Жолда» тарауы. Құнанбаймен араздығы Бөжей, Байсал, Байдалыларды көргенде күтіп тұрып, құрметпен сәлем беруі.	Ата-анамызбен араздығы бар адамдармен қалай қарым-қатынас жасаймыз?
«Өрде» тарауы бойынша үзіндідегі Бөжейдің асын берген кездегі жас Абайдың жауапкершілікті әреке	Бүгінгі жастардың әрекетімен салыстыру

**Дескриптор:** – Үзіндіні толық қарастырады;

- Кейіпкердің әрекетіне талдау жасайды;
- Бүгінгі күнмен байланыстыра салыстырады;
- Өз көзқарасымен баға береді.

**Күтілетін нәтиже, тәрбиелік мән:** 1. Ауылын, ата-анасын сағынып келген бала Абайдың бойындағы ұстамдылық, анасының алдымен әкеңе бар деп әкенің орнын бірінші орынға қойғаны, әкесімен болған қысқа амандасудағы Абайдың тиянақты жауабы.

2. Құнанбай мен Бөжейлердің арасы қатты ушығып тұрған кезде оларды алыстан танып, арнай күтіп тұрып, құрмет көрсетіп сәлем берді. Ішкі ренішін тежей алмаған Байсалға Бөжейдің “сен бата бермегенмен мынау болайын деп тұрған бала ғой”-деуінде қанша мән жатыр. (Сәлем беруі: анасының сөзі, Халфе сөзі, ішкі шешімі)

3.Әкесі мен Бөжейдің арасындағы кикілжіңнен кейін Бөжей өлімі екі елдің арасын ашып жіберген кезде, Абайдың жауапкершілік танытып, ас өткізуге белсене қатысты. Осы әрекетімен ағайынның тұтастығын сақтауға күш салды. Жанындағы достары да ауызбіршілікпен ұйықтамай қызмет етті.

**Оқу мақсаты:** Шығарманы көркемдік-эстетикалық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу;

Оқушыға берілетін қысқаша ақпарат.

**Тапсырма:** Төмендегі тақырыптардың бірін таңдап, әдеби эссе жазады. Эссе көлемі: 250 сөз

**Эссе тақырыптары:**

1.М. Әуезовтің «Абай жолы» роман- эпопеясындағы жаңашылдық пен сабақтастық. Жаңашыл жастар.

2.М.Әуезовтің «Абай жолы» роман- эпопеясында кейіпкер Құнанбай баласы Абайға үш мін тақты. Үш міннің бірі – «орысшылсың». Қалай ойлайсыз, қазіргі уақытта жастарға батысшылсың деп мін таға аламыз ба?

3.«Абай сұлулықты бағалаған ба, әлде тектілікті бағалаған ба?»- деген сұрақпен байланыстыра отырып, Абай мен Ділданың қарым-қатынасын талдап жаз. [5]

### **Дескриптор:**

- Көркемдік –эстетикалық тұрғысынан талдайды;
- Әдеби эссе жазады;
- Бүгінгі күнмен байланыстыра салыстырады;
- Өз көзқарасымен баға береді.

**Күтілетін нәтиже, тәрбиелік мән:** 1. Абай және оның жанына топтасқан жастардың ұстанымы: білімге, өнерге ұмтылу, тілді меңгеру, әр істе адамгершілікті, адалдықты ұстаным ету т.б. Осы ұстанымды бүгінгі таңдағы өзінің, құрбы-құрдастарының мақсаттарымен байланыстыру;

2. Абайдың “орысшылдығы” мен бүгінгі жастардың “батысшылдығы” SWOT талдау жасай отырып қорытынды жасау.

3. Ұсынылған тақырыпты ашу үшін бүгін біз сұлулық пен тектілік ұғымын қалай түсінеміз, бідің таңдауымыз қандай деген қарсы сұрақты қатар қойып таразылау;

**Оқу мақсаты:** Шығарманы идеялық жағынан мазмұндас туындылармен салыстыра отырып, әдеби сын жазу.

**Тапсырма.** Оқушылар төмендегі тақырыптардың бірін таңдап, әдеби сын жазады:

«Абай жолы» роман - эпопеясындағы кейіпкерлер жүйесін өзі оқыған өзге шығармамен салыстыру; «Абай жолы» роман - эпопеясындағы авторлық идеяның өмір шындығымен байланысы; «Абай жолы» роман - эпопеясындағы әлем және қазақ әдебиетіндегі құндылықтардың үндесуі; «Абай жолы» роман-эпопеясындағы заман көрінісін ұқсас туындымен салыстыра талдау; [5]

**Дескриптор:** – Шығарманың идеясын анықтайды;

- Ұқсас немесе өзі оқыған кез келген туындымен салыстыра алады;
- Әдеби сын жазады;
- Әдеби сынның талаптары мен құрылымын сақтайды;

**Күтілетін нәтиже, тәрбиелік мән:**

1. Әр кейіпкердің тұлғалық ерекшелігіне назар аударып, одан өзіне сабақ алуға ұмтылады. Әр қайсысынан тәрбиелік мән іздейді.

2. Автор идеясын шығарманың әр тарауынан анықтап, сол идеяның құндылығын ашады.

3. Әлем және қазақ әдебиетіне ортақ құндылықтарды тани түседі. Құндылықтардың маңызын сезінеді.

4. Сол замандағы кейіпкерлер басындағы тағдыр, қоғам бейнесін бүгінгі күнмен немесе ұқсас туындымен байланыстырып таразылайды.

Қорытындылай келгенде, шығарманы оқу барысында жас жеткіншек әкеге, анаға, әжеге, бауырға деген құрметті, жақсы көруді, өнерді сүюді, білімге құштарлықты үлгі етеді;

Әке мен ананың тәрбиесі мен оқыған білімін ұштастыра отырып дұрыс шешім жасауға, өзінің әр шешімін таразыға салып саралауға, жауапкершілікті қиын міндеттерді қорықпай мойныналып, соңына дейін

жоғары деңгейде жеткізуге, әр айтқан сөзі мен ісінің ұштасып жатуы маңызды екенін түсінуге үйренеді,

Айналасын тануға, үлкенге де, кішіге де, ағайын-туғанға қамқор болуға, ел мүддесі үшін әрекет етуге, ел мұңын мұндап, қайғысын жеудің маңызын түсінеді;

Табандылықты, білімге, өнерге ұмтылуда бәсекеге қабілетті болудың шын мәнісінде қандай екенін түсінеді, өнер, білім, ізденісті ұстаным ете отырып сол жолда адалдықты, әділдікті ту етуді бойына сіңіреді;

Оқуға, түсінуге қиын күрделі сюжетті, ескі заман туралы классикалық шығарма деген қорқынышын жойып, Абай жолы – менің жолым, сенің жолың, біздің жолымыз деп танып, Абайды өз құрбысындай жақын тартып, сырласып, Абай жүрген соқтықпалы, соқпақсыз жол мен Абай салған дара жолдың маңызын түсінеді.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Жұртбай Т. Бесігінді аяла!.. Монография-эссе.–Астана: Фолиант, 2003.- 504 б.
2. Бітібаева Қ. Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары. – Алматы: Рауан, 1990. – 200 б.
3. Бітібаева Қ. М.Әуезов туындыларын мектепте оқыту. – Алматы: Мектеп, 2002. – 120 б.
4. Бітібаева Қ. Әдебиет сабағының түрлері мен үлгілері. – Алматы: Мектеп, 2003. – 144 б.
5. Ақтанова А.С. Жүндібаева А.К. Нұрлыбаева Ж.Н. 11 сынып “Қазақ әдебиеті” оқулығы. – Алматы: Атамұра, 2020. - 107-176 б.



Ондыбаева Айжарқын Кузенбаевна,  
№64 мектеп-лицейінің  
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

## ӘУЕЗОВ ШЫҒАРМАЛАРЫН КРЕАТИВТІ ТАПСЫРМАЛАР АРҚЫЛЫ ОҚЫТУ

«Жазба жұмыстарын әртүрлі формада ұсыну» мақсаты бойынша «Өзгерістерден ізденістерге дейін» НЗМ мектептерімен бірлескен жобада (С.А.Мендібаева) 7-сыныптардың шығармаларын зерттеп, креативті тапсырмалар құрастырылды. Білім алушылардың көпшілігі креативті ойлауға, өз ойын ұсынуға шебер, шығармаларды әлем әдебиетімен салыстыру, ұқсастықтарын ажыратып, ерекшеліктерін айқындау, кейіпкерлерге сыни баға беруі жоғары болғанымен, оны жазылымға алып келуі, креативті жазылымға салып жазуы қиындық тудырып жатады. Күнделікті сабақтарда тапсырмаларды жақсы орындағанмен, жоғары деңгей тапсырмаларында, әсіресе жиынтық бағалауда бұл жұмысын көрсете алмайды.

Сабақтың алғашқы сатысында оқушының креативті ойлауын жүзеге асыру үшін шығарманы көз алдына елестету керек. Жаңа тақырыпты елестету:

1. «Абай жолы» кітабының беті, не «Көксерек» суреті саған қандай ой тастайды?
2. Бұл қай уақыттардың оқиғасын қамтуы мүмкін?
3. Неліктен қасқыр бейнесі таңдалып тұр?
4. Шығарма бақытты оқиғаны меңзей ме, әлде трагедия болуы мүмкін бе?
5. Бұл шығарма туралы бұрын естіп біліп пе едің? деген сұрақтар оқушы ойын қозғайды.

«Абай жолы» шығармасындағы эпизодтарды оқытқанда оқиғаны болжау бойынша төмендегі тапсырма оқушының қызығушылығын арттырып, өз үлесін қосуға септігін тигізеді.

### Эпизод

*Құнанбай тез бұрылып... алды да, қысқа ғана ... сұрады. ... қасына да шақырмады. Азғантай уақыт Абайға қарап:*


*– Балам, ... ер жетіп қалыпсың-ау? Молда болдың ба? Бойыңдай боп... өсті ме? – деді. ... , жоқ күдік пе? Немесе шынымен жай білгісі келгені ме? Бала ес білгеннен бері әкесінің қабағын жұтаң қыста күн райын баққан кәрі бақташыдай бағып, танып өскен. Әкесі де бұл баласының ... өзге балаларынан артық санаушы еді. ... кешірмейтін әке мінезі Абайға мәлім. Ол сабырлы, момын пішінмен:*

*-Шүкірлік, әке,-деп біраз тұрды да-ат барған соң, дәріс тамам болмаса да, хазіреттің рұқсатын, фатиқасын алып қайттым,-деді. [3, 14 б.].*

Бұндай эпизодтармен жұмыста оқушы шығарманың ішіне өз болжамын қосады, сонан соң шығарманың түпнұсқасы беріліп, оқушы ойымен салыстырылады. Бұл жұмыс 11- сыныптардың білім алушыларымен

жүргізілгенде, оқушының ойланып, алдыңғы сөйлемдермен, соңғы сөйлемдермен жұмыс жасап, жалпы шығарманың мазмұнын білуге ұмтылдырады, креативті ойлауы, креативті жазылымға жол ашады. Бұл жұмыс жасалған соң, Абайдың ауылға келген осы сәтін, өз ойларымен жаңаша жазып шығады.

### «Көксерек» шығармасы бойынша тапсырмалар

КАЛИГРАММА	
	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Қасқырдың суретін жобалайды</li> <li>2. Көксерек бейнесін ашатын сөздерді, не сөз тіркестерін сурет бойымен жазып шығады.</li> </ol>

### «Дудл» нұсқаулығы


*Осымен жүріп жаз ортасы ауған кезде Көксерек зіңгіттей көк шолақ қасқыр болып шықты. Енді қара ала төбет те талай алмады. Жота жүні үрпін, көздері жасылданып, бар тістерін көрсетіп, аузын ақситып ашып жіберіп, ап бергенде, талай бұралқы төбет, быжып қаниық қаңсылай, шәуілдей қашатын болды.*

*Мынадай кезде Құрмаштың өзі де қорқақтай барып, «қой-қойлайтын» еді. Жетілмей келе жатқан тісі гана. Көксерек арлан еді. Сондықтан бұның бойы биіктене берді. Әлі тұрқы шығып ұзарған жоқ. Барлық жүні қара көк, жотасы күдірейіп, ауыз омыртқа мен құйрығына шейін тұп-тұтас болып, күлдіреуіштей бүгіледі. Атылып келе жатқан садақ оғындай үңілген, сүйірілген бір бітімі бар. Өзі ешкімге ізденіп соқтықпайды. Ит баласына заты қастай, жібімейді. Әлі күнге бір жадырап ойнап көрген емес. Татулық жоқ, суық. Жалғыз-ақ атын біледі. Құрмаш пен әжесе шақырса, келеді. Онда да жүгіріп келмей, құйрығын селектетіп, бүкеңдеп қана келеді. Бұны да ашыққа уақытында ісетіді. Әйтпесе, көбінесе анадай жерде қырыстанып, көзінің астымен жалт-жұлт қарап жатып алады. [2, 11 б.].*

1. Үзіндідегі Көксеректі сипаттайтын сөздерді, не сөз тіркестерін астын сызып, не бояп белгілеңіз.
2. Қай сөздер автор идеясын көрсетіп тұрғанын түсіндір.
3. Осы сипаттау мәтінін суретке түсіріңіз.

### Креативті экспрессия

Суретті түсініп оқы. Не себептен

	осы сурет таңдалған?
	Қасқыр мен адамның ұқсастығы бар ма?
	Қасқыр мен адам дос бола ала ма?
	Қасқыр мен адам арасындағы тартыс мәңгілік пе?
	Бүгінгі күні бұл шығарма өзекті ме? Жауабын дәлелмен нақтылау шарт
Ұқсастық ассоциациясының түйінді сөзін жазу	

«Креативті экспрессия» тапсырмасын аяқтаған соң «Монолог» алу тиімді, әрі тақырыпты қорытындылауға тамаша тәсіл.

1. Фотоға қарап, өзіңді қасқырдың орнына қойсаң, Құрмашқа, әжесіне, көршілерге не айтар едің?
2. Елдің бәрі шошынып, сені өгей жандай қабылдағанда қандай күйде болдың?
3. Күнде дайын ас, өзіңді жақсы көретін досың барда, не себептен тағылық өмірді таңдадың?
4. Не себептен жан досыңды өлім құштырдың? Осы сұрақтар төңірегінде қасқыр атынан монолог жазған, оқушының шығармашылығын шыңдайды.

Қорытындылай келе, осылай қадам-қадаммен атқарылған жұмыстар өзінің жемісін береді.

**Тапсырмалар құрастыру, зерттеу барысында анықталған кемшіліктер мен қиындықтарға келсек, алда нені ескеру қажет?**

- тапсырманы алғанда жас ерекшелігі, ойлау қабілетін ескеру қажет;
- қоғамдағы проблеманы анықтап, проблемалық тапсырма ұсына білу;
- синтез деңгейін дамыту;

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Білім беру бағдарламасы –NIS-Program. «Қазақ тілі мен әдебиеті» (Т1) пәні бойынша оқу бағдарламасы. Астана, 2018
2. Т.М. Көпжасарова, Г.К. Утешева Мәтінмен жұмыстың тиімді тәсілдері. Астана, 2016
3. М.О. Әуезов 2-том, «Жазушы» баспасы, Алматы, 1979
4. М.О. Әуезов 3-том, «Жазушы» баспасы, Алматы, 1979

**Жаңабек Дана Әкімжанқызы,  
№24 орта мектебінің  
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі**

## **М. ӘУЕЗОВ ШЫҒАРМАЛАРЫН ЗАМАНАУИ ТАЛАПТАРҒА САЙ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ**

Қазақ халқында өз елін түрлі кезеңдерде рухани құлдырауларға ұрындырмай, ұлттық болмыс-бітімі мен құндылықтарын сақтауда негізгі өзек болатын мұндай тау тұлғаның бірі де бірегейі ұлы гуманист жазушы Мұхтар Омарханұлы Әуезов.

Ұлы жазушының көркемдік ойлау қабілеті, реалистік бағыттағы көзқарастары, характер жасаудағы шеберлігі, образ шындығын суреттеуі, тіл шеберлігін сипаттауы секілді қол жеткізген табыстары алғаш рет прозалық әңгімелерінде көрініс берген.

Адамзат тарихы бастан кешкен қоғамдық үш формацияны көзбен көріп оймен сүзген жазушы өмірден көргені мен түйгенін көркем оймен суреттеп, туған халқының адамгершілік идеалы мен дәстүр салтын, рухани болмысын, тұрмыстағы күйбелең тіршілігін қағаз бетіне түсіріп шебер бейнелеуі де тұңғыш рет көркем әңгімелерінен басталған болатын.


М. Әуезовтің әңгімелерін тақырыптық-идеялық сипаты мен объектісіне, қарастырған проблемасына қарай екі топқа бөліп жіктеген. Соның бірінші тобын «интеллигенция тақырыбына арналған әңгімелер» - деп атаған. Демек, ұлы жазушының әңгімелерінің ауқымды бір бөлігінде білім философиясы туралы көзқарастары айқындалып, ағартушылық бағытына арналып білімді, оқуды игерудің мәні мен маңызын, халықты тәрбиелеп тура жолға салуда атқаратын рөлін анықтауға арналған деп тұжырымдауымызға болады. М. Әуезовтің әңгімелерін оқытудың келесі ғылыми-теориялық кезеңін оның психологиялық негіздері құрайды. Жазушының алғашқы әңгімесі «Қорғансыздың күнінен» бастап «Жетім», «Қаралы сұлу», «Кінәмшіл бойжеткен», «Қасеннің құбылыстары» және т.б. туындыларында психологизм табиғатының бояуы барынша шебер суреттелген. [6.480-б.] Көркем әдебиетте адамның жан дүниесіндегі сезім иірімдері мен түрлі психикалық күйлерді суреттеу, характер жасау және портрет, монолог, диалог сияқты көркемдеуіш құралдар ортақ болғанымен, оны әр жазушы қарым-қабілетіне қарай түрлі деңгейде қолданады. Заңғар жазушы М. Әуезов өз әңгімелерінде кейіпкерлерінің ішкі әлеміне жан-жақты тереңінен үңілу арқылы олардың психологиялық образдарын сомдауда аталмыш көркемдеуіш құралдарды шебер пайдалана білген. Бұл жазушының проза жанрындағы шеберлігі мен негізгі ойын айқындайтын айрықша құбылыс болып табылады. Сондықтан, ұлы жазушының әңгімелерін оқытқанда ондағы терең психологизмге толы суреттеулердің білім алушылардың психикасына тигізетін ықпалын ескере

отырып, біртұтас психологиялық тұтастықта қарастырған жөн. Бұл орайда психологиялық анықтау, талдау, саралау, салыстыру және т.б. әдістерді қолдану мен қатар автор әңгімелерінің жазылған кезеңіндегі заманға сай контекстік көзқарас пен қазіргі білім беру жүйесіндегі білім алушылардың жеке тұлғалық психологиясындағы ерекшеліктер мен құбылыстар айрықша ескере білген. Себебі, қазіргі білім беру үрдісінің көздеген бірден-бір мақсаты жеке тұлғаның психологиялық, интеллектуалдық қабілеттерін дамытуға бағытталған.

Ұлы реалист жазушының әңгімелеріндегі тарихи факты мен өмір шындығының суреттелуін әсте естен шығармағанымыз абзал. Мәселен, тарихи шындық тұрғысынан алғанда «Қорғансыздың күні» әңгімесі өмірде болған нақты оқиғаның негізінде жазылған. [2.480-б.] Тіпті шығармадағы тарихи жер аттары да қазіргі таңда сол қалпында сақталған. «Семей қаласының оңтүстігін жайлаған елдің қалаға қатынасатын қара жолының үстінде Арқалық деген тау бар.... Арқалықтың жолы асатын кезең - Күшікбай кезеңінің түбінде бір жіңішке қара сызық секілденіп Қанайдың жалғыз қорасының орны» әлі де көрінеді. Ал шығармадағы кейіпкерлер аттары көркем әдебиеттің ішкі заңдылығына сәйкес протатиптік бейнелермен беріліп өзгертіліп алынған. Ондағы Ақан болыс - Шыңғыс елінің жас болысы Біләл Ысқақов, ал кәрі кемпір - Мұхтар Әуезовтің немере апайы Қаптағай, қасіретке ұшыраған Ғазиза - М.Әуезовті жиеншары болып келеді. Бұл оқиғаның егжей-тегжейі мен өмірлік деректері туралы жазушының тетелес інісі Ахмет Әуезовтің «Бала Мұхтар» (1967ж.) атты кітабында толық мағлұматтар берілген. Жазушының Ақан болыстың озбырлығы мен зұлымдығы Ғазизаның пәктігі, арлылығы секілді қарама-қарсы адами қасиеттерді ашып суреттеуі де жайдан-жай емес. Мұндай бояуы анық жазылған шығарманы оқушы оқырмандар адамның адамшылығы ең алдымен оның бойындағы түрлі қасиеттерге байланысты болатындығын аңғарып, жамандық пен зұлымдықтан бойларын таза ұстауға ұмтылып дүниедегі барлық тіршіліктің өлшемі адамға байланысты екендігін түсіндіреді.

М. Әуезовтің әңгімелерін оқытудың әдістемелік жүйесін қалыптастыру оқу мен оқырман аудиториясының эволюциясын қалыптастыруда өте маңызды. [5.240-б.] Оқу процесі объективті дүниені пассив түрінде қабылдамау үшін өткен шақ пен осы шақтың арасындағы әрдайым өзгеріп тұратын диалог болады, өйткені осы шақ оқырмандарды оқыған шығармасына қатысты түрлі сұрақтарды қоюға итермелейді. Нәтижесінде шығарманы оқуға деген оқырмандардың қызығушылықтары артып, жаңаша көзқарастары туып әдеби оқиғаға қатысты диалог қалыптасады. Бұл кез келген әдеби шығарманың өміршең болуының басты факторына айнала алады.

Жоғарыда айтылған М. Әуезовтің әңгімелерін оқытудың әдістемелік негіздері туралы ойымызды қорытып, төмендегі сызбамен де ұсынуды жөн көрдім.



В.В.Давыдов, Г.К.Селевко сынды белгілі ғалымдар : «Оқушы оқу үдерісі барысында, өз әрекетінің субъектісі, яғни білімді, жаңа ойды өзі табушы ретінде танылады», - деген пікір- тұжырымдарын біз де толық құптаймыз.[1.224-б.]Оқушының көркем туындыны талдау әрекеті барысында сыни көзқарасы қалыптасады. Мұның өзі әдеби жаттығулар мен тапсырмалар негізінде жүзеге асады. Сондықтан М.Өуезовтің әңгімелерін оқыту барысында мұғалім әр әңгімеге жеке дара тапсырмалар құрастырып, түрлі жаттығуларды орындатқаны орынды болмақ.

Негізгі білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы бойынша 7-сыныптың 3-тоқсанында М.Өуезовтің «Көксерек» әңгімесі бар.

3-тоқсан				
Балалар мен үлкендер	М. Жұмабаев «Батыр Баян», М. Өуезов «Көксерек», Қ. Қайсенов «Жау тылындағы бала», С. Сарғасқаев «Тәмшіш қара»	Түсіну және жауап беру	7.1.1.1 әдеби шығарма сюжетінің бөлшектерін талдау; 7.1.2.1 әдеби шығармадағы тұлғалық болмысты гуманистік тұрғыдан талдау; 7.1.3.1 көркем шығармадағы кейіпкерлердің типтерін жасалу тәсілдері тұрғысынан анықтау; 7.1.4.1 көркем шығармадағы кейіпкер бейнесін ашып, үзінділерді жатқа айту	шығарма құрамдас

М.Өуезовтің «Көксерек» әңгімесін оқытуда өз іс - тәжірибемде мынандай әдістерді қолдандым:

- «Түртіп оқу» әдісі- «Көксерек» әңгімесінің тарихы, авторы жайлы кесте сызу;
- «Алтын қор» әдісі- әңгімеде кездесетін жаңа сөздерді түсіндірме сөздіктен мағыналарын ашу.Оқушылардың сөздік қорын молайтады;
- «Болжау» әдісі- «Көксерек» әңгімесін бөліктерге бөліп, әрі қарай не болатынын оқушыларға болжату. Оқушының жауабымен әңгімені салыстыру, ұқсастықтарын ажырату;
- «Ақпараттық материал» әдісі- оқушыға аудио, видео-ролик көрсету арқылы немесе суреттер, көрініс арқылы әңгіме мазмұнын түсіндіру;

- «Кілттік сілтемелер» әдісі- жаңа ақпараттарды «Көксерек» әңгімесі бойынша мақалалар, веб-беттер, ақпараттық контенттермен арнайы берілген сілтемелермен жұмыс жасайды.

Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11-сыныптарына арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы бойынша 11-сыныптың 3-тоқсанында М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы өтіледі.

3-тоқсан			
Ғасырлық туынды	М. Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясы	Түсіну және жауап беру	11.1.1.1 әдеби шығарманың сюжеттік-композициялық құрылысын талдау арқылы көтерілген ғаламдық мәселелерді терең түсіну; 11.1.2.1 әдеби шығармадағы көтерілген мәселелерді қазіргі өмірмен байланыстырып, ұлттық мүдде тұрғысынан ашу;

Жаңартылған білім беру идеясының өзі оқушыны ізденімпаздыққа, зерттеуге, қорытынды жасай білуге баулу болып табылады. [4.156-б.] Жалпы инновациялық технологияны үлкен 3 топқа бөліп қарастыруға болады.

1. Оқу-танымдық іс әрекеттің дұрыс ұйымдастыру методикасы;
2. Оқу -танымдық әрекетті меңгертуде әдіс-тәсілін тиімді пайдалану;
3. Оқу-танымдық әрекеттің тиімділігін тексеру және өзін-өзі тексеруге арналған әдістер.

М.Әуезов шығармашылығын оқыту дегеніміз- үлкен мұхитқа сапар шеккенімен тең. Қай кезеңде, қай туындысын алсақ та, Әуезов туындыларының тақырыбы мәңгілік мәселені қозғайды. [3.366-б.]

Жоғары сынып оқушыларына «Абай жолы» роман-эпопеясын ең тиімді оқыту әдісі: дидактикалық материалдар мен кітаптағы материалдарды жинақтап, топтап оқушыға берген соң, проблемалық сұрақтар қоя отырып, сабақтың нәтижесіне тиімді жетуге болады. Әдебиеттегі негізгі детальді таба отырып, оқушыны нақтылыққа бағыттаған жөн. Бұдан соң жеке образдық талдауға назар аударамыз. Кейіпкерлер мен сол дәуір мәселесін түрлі кесте, кластер арқылы көрсетіп, нақты нақыл сөздер оралымымен қорытынды жасаймыз. Эпопеяны оқытуда түрлі қызықты әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы пікірталас, диалог, сұхбат, монолог, түрлі жазба жұмыстарын сан-алуан түрінде пайдаланып білім мазмұнын аша түсуге болады.

Қорыта айтқанда, қоғам үнемі жетіліп, дамып отыратындықтан, білім берудің жаңа әдістері мен тың тәсілдері пайда болады, басқаша айтсақ жеке тұлға білім алу арқылы дамитын болса сол білімге жаңа әдістемелерді енгізуге өзі де үлес қосады. Ұлы жазушы М.Әуезовтің көркем әңгімелерін қазіргі білім беру үрдісіндегі жаңа парадигмалардың негізінде оқып, тану

арқылы білімді игеруші тұлғалар өздерінің теориялық, әдістемелік білімдерін толықтырып қана қоймай оларды өмірде қолдануларына дағдыланады.

**Пайдаланған әдебиеттер:**

- 1.Пірәлі Г.Ж. «Қазіргі Мұхтартану» 2-кітап. – Алматы: Елтаным, 2014. – 224 б.
- 2.Жетек. Ә.Н.Нысанбаев. 10 томдық: Гуманистік психология. 5 Т. – Алматы: Таймас, 2005. – 480 б.
- 3.Сманов Б. (2016). Көркем шығарманы талдау негіздері. – Алматы: Ұлағат, 2016. – 366 б. Caffee N. (2018).
- 4.Тұрғынбаева Б. Ғылыми зерттеуің әдіснамасы мен әдістері. – Алматы: Сенім, 2012.–156 б.
- 5.Дәулетбекова Ж.Т. Сөз мәдениеті - тілдік білім нәтижесі. Монография. - Алматы: Ғылым мен білім интеграциясы институты, 2017. - 240 бет.
- 6.Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. - Алматы: «Дәуір», «Жібек жолы», 2014. 2-том: Мақалалар, әңгімелер, аудармалар, пьесалар. 1921-1925. -480 бет.



**Г.Ж. Тулегенова,  
№92 мектеп-лицейінің  
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі**

### **М.ӘУЕЗОВ ӘНГІМЕЛЕРІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ**

Қазіргі білім беру үрдісі ұлттың мәдени және тарихи құндылықтарын оқу бағдарламасына енгізуге белсенді түрде ұмтылады. Бұл Мұхтар Әуезов сынды қазақ әдебиетінің байлығы мен жан-жақтылығын танытқан ұлы жазушылардың шығармаларын оқыту әдістемесі мәселесін өзекті етеді. Әуезов әңгімелері- оқырманға ұлттық мәдениеттің, тарихтың, философияның терең қабаттарын ашатын бірегей құбылыс. Сондықтан да оларды оқытудың тиімді әдістері оқушылардың мәдени тұлғасын қалыптастыру үдерісінің негізгі элементі бола алады.

Бұл баяндаманың мақсаты - оқу материалын меңгеруді ғана емес, сонымен қатар сыни ойлауды, эстетикалық қабылдауды дамытуды және Қазақстанның мәдени мұрасын терең түсінуді қамтамасыз ететін Мұхтар Әуезовтің әңгімелерін оқытудың оңтайлы әдістемелерін зерттеу, талдау және ұсыну.

Мұхтар Әуезов – тек Қазақстанның ғана емес, бүкіл әлемдік әдеби кеңістіктің мәдени мұрасында өшпес із қалдырған қазақ әдебиетінің көрнекті тұлғасы. Оның шығармалары қазіргі оқырмандар үшін өзекті және мағыналы бола отырып, әлеуметтік, тарихи және философиялық мәселелердің кең ауқымын қамтиды. Әуезов шығармашылығы терең эрудициямен және өмірді нәзік қабылдауымен ерекшеленеді, соның арқасында оның шығармалары оқырмандарға қазақ мәдениетінің бай және жан-жақты әлемін ашады. Жазушының басты назары - адам және оның ішкі әлемі. Бұл талғам күрделі моральдық-этикалық дилеммалар мен болмыстың мәңгілік мәселелеріне бағытталған Әуезов шығармашылығын әртүрлі ұлт пен мәдениет өкілдеріне түсінікті етеді.

Әуезов ЮНЕСКО-ның адамзаттың ауызша және материалдық емес мұраларының жауһарлары тізіміне енгізілген қазақ әдеби дәстүрінің қалыптасуы мен дамуына зор ықпал етті. Сонымен қатар, Әуезов шығармашылығы жалпы адамзаттық құндылықтар мен мәселелерді қозғай отырып, ұлттық әдебиет шеңберінен шығып, оны әлемдік мәдени мұра контекстінде маңызды әрі өзекті етеді. Олай болса, Мұхтар Әуезов әңгімелері қазақ және әлем әдебиетінің құрамдас бөлігі, адамзаттың мәдени-тарихи дәстүрлері тізбегінің маңызды буыны болып табылады. Оларды зерделеу мен талдау Қазақстанның мәдени мұрасының бірегейлігі мен алуан түрлілігін жақсырақ түсінуге және бағалауға, сондай-ақ жалпы әлемдік әдебиет пен мәдениет туралы түсініктерімізді кеңейтуге мүмкіндік береді.

Әдебиетті оқыту тек білім беру ғана емес, сонымен қатар оқушылардың әдеби талғамын мақсатты түрде қалыптастыру, сыни ойлау мен эстетикалық қабылдауды дамыту қызметін атқаратын оқу процесінде ерекше орын алады.

### **Әдеби талғамын қалыптастыру:**

Әдеби талғамды қалыптастыру білім берудің құрамдас бөлігі болып табылады, ол оқушыларды әлемдік және ұлттық әдебиеттің жауһарларымен белсенді түрде таныстыруды көздейді. Бұл үдеріс оқушылардың көркем сөздердің сұлулығын танып, бағалай білу қабілетін дамытуға, сонымен қатар оқуға бейімділігін дамытуға бағытталған. Бұған Әуезов шығармалары сияқты өзекті де мәнді мәтіндерді іріктеп алу, әдебиетке деген қызығушылық пен сүйіспеншілікті оятатын әдіс-тәсілдерді қолдану септігін тигізеді.

### **Сын тұрғысынан ойлауды дамыту:**

Сыни тұрғыдан ойлау әдебиетті тиімді оқытудың негізгі құрамдас бөлігі болып табылады. Бұл дағды оқушыларға әдеби мәтіндерді өз бетінше талдап, түсіндіруге, олардың терең мағыналары мен идеяларын анықтауға, мәдени контексте шығарманың рөлі мен маңыздылығын бағалауға көмектеседі.

### **Эстетикалық қабылдау:**

Оқушылардың эстетикалық қабылдауын дамыту үшін сыныпта көркем мәтіннің әсемдігі мен үйлесімділігін қабылдауға қолайлы атмосфера құру қажет. Эстетикалық қабылдау оқушылардың әдеби шығармамен әрекеттесуден алатын эмоционалдық және сенсорлық тәжірибесін қамтиды[1].

Әдебиетті оқыту әдістерін Қ.О.Бігібаева төмендегідей қарастырған болатын:сөздік,көрнекілік,тәжірибелік,түсіндірмелі-иллюстративтік, репродук-тивтік,эвристикалық,зерттеу, мәтінді көркемдеу,мәнерлеп оқу. Ал академик Бабанский «Оқу-тәрбие үдерісін оңтайландыру» деген еңбегінде (1982 ж., «Просвещение»,177-бет) әдістерді былай топтаған:

- 1) Оқушылардың оқу-таным қызметін ұйымдастыру әдістері
- 2) Оқушылардың оқу-таным қызметін көтермелеу әдістері
- 3) Оқу-таным қызметінің тиімділігін бақылау әдістері.

Әр топқа бірнеше оқу әдістерін біріктіре отырып, бірінші топқа сөздік(әңгіме,дәріс,пікірлесу),көрнекілік (иллюстрация,портрет,суреттеу), тәжірибелік(поэтикалық теңеу,мәтінмен жұмыс) әдістерді жатқызған.Екі ұстаздың да көзқарасы бір арнаға тоғысады десек еш қателеспейміз.

Мұхтар Әуезовтің хикаяларын оқытудың қолданыстағы әдістерін талдау.

### **Дәстүрлі әдістер:**

#### *1.Дәріс әдісі:*

-Сипаттама: Мұғалім Әуезов шығармаларының тақырыбын, құрылымын және негізгі идеясын аша отырып, материалды жүйелі түрде баяндайды.

-Артықшылықтары: тақырыпты енгізу және негізгі ақпаратты беру үшін тиімді.

-Кемшіліктері: Оқушылардың белсенділігінің болмауы және аналитикалық және сыни дағдылардың дамуы.

#### *2.Мәтінді оқу және талдау:*

-Сипаттама: Оқушылар шығарманы (толық немесе үзінді) оқиды, содан кейін оны талдайды.

- Артықшылықтары: Мәтінге терең бойлау, аналитикалық ойлауды дамыту.
- Кемшіліктері: Оқушылардан жоғары зейінді және белсенді позицияны талап етеді.

### Интерактивті әдістер:

#### 1. Пікірталас:

- Сипаттама: Әуезов әңгімелерінде көтерілген түйінді тақырыптар мен идеяларды талқылау.
- Артықшылықтары: өз көзқарасын дәлелдей алу қабілетін дамытады, мәтінді белсенді қабылдауға қатысады.
- Кемшіліктері: Оқушылар мен мұғалімдерден жақсы дайындық пен талқылау дағдыларын талап етеді.

### Технологиялық әдістер:

#### 1. Мультимедиялық технологияларды қолдану:

- Сипаттама: Мәтінді нақтырақ көрсету үшін презентацияларды, бейнелерді және басқа мультимедиялық ресурстарды пайдалану.
- Артықшылықтары: Материалдың көрнекілігі мен түсініктілігі, оқушылардың назарын аудару.
- Кемшіліктері: Техникалық дайындық пен жабдықты қажет етеді[2].

### Талдау және қорытындылар:

Мұхтар Әуезов әңгімелерін оқытудың қолданыстағы әдістері дәстүрліден заманауи, интерактивті және технологияға бағытталған. Нақты әдістемені таңдау сабақтың мақсатына, оқушылардың жасына, олардың алдын ала дайындығына және басқа факторларға байланысты. Әр оқушы үшін оқу үдерісін барынша тиімді, қызықты және нәтижелі ету үшін әртүрлі әдістерді біріктіру маңызды.

Мысалы, менің өз тәжірибемде әдіскер К.Ә.Қылышбаеваның «Әдебиет пәнін тірек сызбалар арқылы оқыту» деп аталатын оқу-әдістемелік құралындағы жазушының қызметі мен сан қырлылығын көрсеткен сызбасы мен «Көксерек» әңгімесін оқыту кестесі тиімділігін көрсетіп, нәтиже берді.

М.Әуезовтің «Көксерек» әңгімесіне аннотациялық талдау


Тарау	Бөлімі	Оқиғалар	Іс-әрекеті	Міндеті
Көксерек Қарадыр ауылында	I Қасқырлар мекені	Қарадыр сайының суреттелуі	Тағызыр тірлігі	Қасқыр қашан да қасқыр
	II Адамдар қинаыты	Бөгірліктер тағдыры	Адамдар тағалығы	Қатаалды
	III Адамдар және Көксерек	Көксерек ауылда	Адамдардан жөбірі	Құрмаштың сөбі таза көңілі, мейірімі
	IV Ұяласымен табысу	Көксеректің ауылдан кетуі	Айқас	Арлан
Көксерек - түз тағасы	V Шабуыл	Қарадыр еліндегі маңсаздық	Тағызырдың тағылық істері	Татулық жоқ, суық
	VI Жауыздық	Құрмаштың өлімі	Көксеректің жойқын дүлей күшке айналуы	Өшпенділік
Жекпе - жек	VII Соңғы майдан	Көксеректің жазасы	Әже зары	

Тірек сөздер	Тірек сөздердің мағынасын ашу
Көксерек	Адамдар ауылға әкелген күшік. Құрмаш асыраған қасқырдың күшігі.
Құрмаш	Көксеректі асыраған бала. Басты кейіпкер. Көксерек құрбаны.
Қасен	Көксеректі ұстаған ақсақал иттің иесі. Аңшы.
Әже	Құрмаштың әжесі. Немересінен айырылып, зарлап қалған жазықсыз жан.

Шығарма аты, авторы	Несімен ұнады?	Сүйікті кейіпкерін	Қорытынды ой
Мұхтар Әуезов «Көксерек»	Өте қызықты, тартымды, түсінікті тілмен жазылған.	Құрмаш, Қасен	Қасқырдың болмысы адам тәрбиесіне көнбейді екен. «Қасқырды қанша



### Мұхтар Әуезовтің әңгімелерін оқытудың жаңа әдістерін жасау

#### 1. Интерактивті оқу сессиялары:

- Сипаттама: Оқушылар үзінділерді оқитын сессияларды ұйымдастырыңыз, содан кейін оларды талқылаңыз. Пікірталас диалог форматында, әр қатысушының белсенді қатысуымен өтеді.

- Мақсаты: Мәтінді талдап, түсіндіру, сыни тұрғыдан ойлау қабілетін дамыту.

### *2. Әдеби шеберлік сыныптары:*

- Сипаттама: Әуезов шығармашылығына терең бойлауға бағытталған сарапшылар мен оқытушылардың шеберлік сабақтары.

- Мақсаты: Жазушы шығармашылығына қызығушылықтарын арттыру, әдеби дағдыларын дамыту.

### *3. Интерактивті әдеби квесттер:*

- Сипаттама: Әуезов шығармалары бойынша квест құрастыру және орындау. Ойын барысында оқушылар шығармалардың негізгі тұстары мен идеясын ашады.

- Мақсаты: Ойын арқылы оқуға қызығушылығын ояту, шығармашылық ойлауын дамыту.

### *4. Мәтінді талдаудағы практикалық жаттығулар:*

- Сипаттама: Оқушылар мәтінді талдаудың практикалық тапсырмаларын алады, соның ішінде негізгі идеяларды, кейіпкерлерді, қақтығыстарды және олардың шешімдерін анықтау.

- Мақсаты: Көркем мәтінді өз бетінше талдау және түсіндіру дағдыларын дамыту.

Мұхтар Әуезов әңгімелерін түрлі жас санаттарына арналған білім беру бағдарламаларына кіріктіру оқушылардың мәдени бірегейлігін қалыптастыруға және интеллектуалдық қабілеттерін дамытуға бағытталған стратегиялық міндет болып табылады.

Бастауыш сыныпта Әуезов әңгімелерімен таныстыру оның мәтіндерін бейімдеу арқылы жүзеге асады. Балаларды қазақ әдебиетімен, мәдениетімен таныстыруда жанды да есте қалатын бейнелері бар жеңіл де түсінікті әңгімелерді пайдалануға болады. Бұл кіші мектеп оқушыларының кітап оқуға деген қызығушылығын арттырып, ой-өрісін кеңейтуге ықпал етеді.

Орта мектеп үшін күрделірек және тереңірек жазылған шығармаларды құрылымы, стилі, тілі және астарлы тақырыптары бойынша талдауға болады. Бұл жас тобындағы оқушылар мәтінге сыни тұрғыдан қарап, түйінді ойларды анықтай алады, шығармаларда көтерілген моральдық-этикалық дилеммаларды талқылай алады.

Орта және жоғары оқу орындарында Әуезов әңгімелерін әдебиет, мәдениеттану және Қазақстан тарихы курстарына қосуға болады. Оқушылар мәтіндерге тереңірек талдау жасай алады, шығармалар жасалған тарихи және мәдени контексті зерттеп, жазушының әңгімелерін талдау негізінде зерттеу жобаларын әзірлей алады[3].

Ұсынылған әдіс-тәсілдердің оқу-тәрбие үрдісінде сәтті қолданылуын көрсету үшін Мұхтар Әуезов әңгімелері бойынша мектеп жобасын мысалға келтіруге болады.

## **«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Әуезовпен кездесу: Ұлы жазушы әлеміне жолсерік» тақырыбында жұмыс жүргізілуде.**

### *1.Дайындық кезеңі:*

«Әуезовпен кездесу: Ұлы жазушы әлеміне жолсерік»тақырыбында жазушы шығармашылығын зерттеумен біріктірілген іс-шаралар кешенін қамтитын бағдарлама әзірленді. Бағдарлама интерактивті оқу сабақтарын, әдеби шеберханаларды және шығармашылық зертханаларды қоса алғанда, әртүрлі әдістемелердің комбинациясын қолдануды қамтиды.

### *2.Әдістерді қолдану:*

Интерактивті оқу сабақтары: Оқушылар Әуезов әңгімелерін оқуға және талқылауға белсене қатысады. Бұл олардың шығармаларға тереңірек үніліп, аналитикалық және сыни ойлауын дамытуға көмектеседі.

Әдеби шеберлік сыныптары: Сарапшылар мен оқытушылар мамандандырылған сабақтар өткізеді, онда оқушылар мәтіндерді талдау бойынша қосымша білім мен дағдылар алады.

Шығармашылық зертханалар: Оқушылар өздерін жазушы ретінде сынап көреді, өздері оқыған Әуезов шығармаларынан сусындап, шығармашылық әлеуетінің дамуына үлес қосады.

*3.Нәтижелер:* Оқушылардың Әуезов шығармашылығына, жалпы қазақ әдебиетіне деген қызығушылықтары артқанын көрсету.

Жобаға қатысушылардың сыни ойлауы мен аналитикалық дағдыларының айтарлықтай артуын бақылау.

Жоба оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуға және олардың бірлесіп жұмыс істеу және талқылау қабілеттерін арттыруға ықпал етеді.

### *4.Кері байланыс:*

Күзгі демалыс уақытында жас ерекшелігіне қарай 3-4 сынып оқушыларына «Ақын қонақтар»,5-7 сыныптарға «Көксерек», 8-11 сыныптарға «Абай жолы» шығармаларын шамалары келгенше оқып,танысып келу тапсырылды.

Жоба оқушылардан, мұғалімдерден және ата-аналардан оң пікірлер күтеді. Мұғалімдер оқушылардың әдебиетті оқуға деген ынтасының артқанын, сондай-ақ мәтіндерді талдау және түсіндіру дағдыларының жақсарғанын бақылайды.

### *5.Қорытынды:*

«Әуезовпен кездесу: Ұлы жазушы әлеміне жолсерік»тақырыбындағы іс-шара Мұхтар Әуезовтің шығармашылығын оқу үдерісіне жан-жақты және күрделі әдіс-тәсілдердің көмегімен қалай тиімді енгізіп, оқушылардың қызығушылығы мен белсенділігін арттырып, олардың білім алуында оң нәтижелерге қол жеткізуге болатынын көрсетеді және дамиды.

Әзірленген әдіс-тәсілдерді Әуезов әңгімелерін оқыту тәжірибесіне енгізу мұғалімдерден стратегиялық, саналы көзқарасты талап етеді. Ең алдымен, әрбір әдістеменің ерекшеліктерін ескеріп, оны белгілі бір оқу тобына және оқушының дайындық деңгейіне бейімдеу маңызды. Мұғалім Әуезов шығармашылығын жақсы білуі, оның маңызын түсінуі және оны оқушыларға жеткізе білуі керек. Сондай-ақ әрбір оқушыны оқу үдерісіне

белсенді қатысуға ынталандыратын, қолдау көрсететін оқу ортасын құру өте маңызды. Мұндай кеңістік оқушыларға өз ойлары мен идеяларын еркін жеткізуге, шығармаларды талқылап, талдауға, бір-бірімен және мұғаліммен қарым-қатынас жасауға көмектеседі.

Оқытуға технологияны енгізу де тиімді болуы мүмкін, себебі ол материалды қазіргі оқушыларға қолжетімді және қызықты етеді. Мультимедиялық презентациялар, бейне және аудио материалдар, электронды кітаптар және басқа да сандық ресурстар сабақтарды байытып, оларды қызықты әрі нәтижелі ете алады. Сондай-ақ қандай әдістер тиімді және табысты болғанын және нені жақсарту немесе өзгерту қажет екенін түсіну үшін оқушылардан кері байланыс жинау және талдау маңызды. Бұл тұрақты рефлексия және өзін-өзі талдау процесі педагогтарға педагогикалық тәжірибесін жақсартуға көмектеседі. Зерттеу барысында Мұхтар Әуезов хикаяларын оқытудың бар және мүмкін әдістері қарастырылып, сарапталды. Талдау нәтижелері көрсеткендей, дәстүрлі және инновациялық әдістерді үйлестіру оқушыларда Әуезов шығармаларын терең түсіну мен құндылықты қалыптастыруға ықпал етеді.

Мұғалімдер оқушылардың жас ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, әдістерді бейімдегенде оқу процесі тиімдірек болады. Сабаққа интерактивтілік пен диалогизмді енгізу оқушылардың жазушы шығармашылығына деген қызығушылығын оятып қана қоймай, олардың сыни ойлауын, талдау, коммуникативті дағдыларын дамытады. Сонымен қатар ұсынылған әдістердің практикалық бағыттылығы оқушылардың әдебиет пен өмірдің байланысын тереңірек білуге, сол арқылы олардың мәдени-әлеуметтік құзыреттілігін дамытуға мүмкіндік береді. Оқушылардың кері байланысын жинау және талдау оқыту әдістерін үздіксіз жетілдіру мен бейімдеудің негізгі құралы болып табылады, ол түптеп келгенде оқу үдерісінің сапасын арттырады.

Осылайша, зерттеу нәтижелері Мұхтар Әуезов әңгімелерін оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін әр түрлі деңгейдегі білім беру бағдарламаларында әзірлеу мен енгізудің маңыздылығы мен өзектілігін көрсетеді. Бұл оқу-тәрбие үрдісін байытып қана қоймай, Әуезов шығармашылығын оқушылардың кең ауқымына қолжетімді әрі тартымды етуге мүмкіндік береді.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. MUKASHEVA, M.; ORAZBAYEVA, F.; KARTAYEVA, A.. Новая технология обучения эпопеи М. Ауэзова «Путь Абая». Вестник КазНУ. Серия педагогическая, [S.l.], v. 75, n. 2, p. 173-181, june 2023.
2. AZATBAKYT, A.; TAMAYEV, A.; KARTAYEVA, A.. Жоғары оқу орындарында М.Әуезов әңгімелерін оқытудың инновациялық технологиясы. Вестник КазНУ. Серия педагогическая, [S.l.], v. 72, n. 3, p. 109-120, oct. 2022
3. JANZAKOVA, M.; ZHOLDASBEKOVA, D.; ZHOLDASBEKOV, A.. Коучинг технологиясын пайдалана отырып, болашақ арнайы мұғалімдердің кәсіби іс-әрекетке дайындығын қалыптастыру. Вестник КазНУ. Серия педагогическая, [S.l.], v. 74, n. 1, p. 36-43, mar. 2023.

**Кабдулова Айжан Тургановна,  
I. Есенберлин атындағы № 67 гимназиясының  
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі**

**М.ӘУЕЗОВ ӘНГІМЕЛЕРІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ**

Баяндамада қазіргі білім беру үрдісіндегі қазақтың классик жазушысы М.Әуезовтің көркем әңгімелерін оқытудың тиімділігі мен ерекшелігі тұрғысында ойлар айтылып, шығармалардың заманға сай интерпретациялануы қажеттігі баяндалады. Сонымен бірге жазушының көркем әңгімелерінде көтерген негізгі идеялары сараланып, қазіргі білім беру бағдарламасына сәйкестендіріп, ғылыми салыстыру, ой қорыту әдістері арқылы мысалдар келтіріле отырып талданады.

Жазушының көркем әңгімелерін оқытуды гимназия компонентінен бөлінетін «Көркем шығарманы талдау» вариативтік курсының оқу жоспарына енгізуді ұсынып отырмын. 7-8-9- сыныптарға жазушының «Жетім», «Қараш, қараш оқиғасы», «Бүркіт аңшылығының суреттері», «Текшенің бауырында» әңгімелерін таңдадым. Оқушылар осы шығармалар арқылы күллі адамзатқа ортақ құндылықтар- мейірім, адам құқығы мен бостандығы, табиғаттың тағы перзенттерінің табиғи жаратылысы туралы оқушының түсінігін қалыптастыру. Ал 10-11-сыныптарға «Қорғансыздың күні», «Оқыған азамат», «Барымта», «Кінәмшіл бойжеткен» әңгімелерін таңдадым. Аталған шығармаларды төрт тоқсанға бөліп оқытқанды жөн көрдім. Осы шығармаларды оқу арқылы оқушылар өткен замандардағы қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі, адамдардың мінез-құлқын, тарихи оқиғаларды тереңірек зерделей отырып, туған халқының өткені мен бүгінін бағалап, салыстыра алатын болады.

<b>№</b>	<b>Оқытылатын шығармалар</b>	<b>Сыныптар</b>	<b>Сағат саны</b>	<b>Оқу мақсаттары</b>
1	Жетім	7-8-9-сынып	8 сағат (1-тоқсан)	Көркем шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекеті арқылы образын ашу. Эпикалық, поэзиялық, драмалық шығармадағы автор бейнесін анықтау;
2	Қараш, қараш оқиғасы	7-8-9-сынып	8сағат (2-тоқсан)	Көркем шығармадағы кейіпкерлерді сомдауда тура және жанама мінездеулерді жіктеу; Шығарманың көркемдік- идеялық құндылығын гуманистік тұрғыдан талдап, әдеби эссе жазу;

3	Бүркіт аңшылығының суреттері	7-8-9-сынып	10сағат (3-тоқсан)	Шығарма бойынша жазылған әдеби сын-пікірлерге сүйене отырып, өзіндік сыни пікір жазу; Шығармадағы материалдық және рухани құндылықтарды заманауи тұрғыда салыстырып, жаңашылдығына баға беру; Көркем шығармалардан алған үзінділерді өз көзқарасын дәлелдеу үшін орынды қолдану;
4	Текшенің бауырында	7-8-9-сынып	8-сағат (4-тоқсан)	Әдеби шығармадағы психологизмді анықтау; Көркем шығармалардан алған үзінділерді шығармашылық жұмыстарда қолдану;
5	Қорғансыздың күні	10-11-сынып	8 сағат (1-тоқсан)	Көркем шығарманың идеясына сай кейіпкерлер жүйесін анықтау; Шығарманы басқа өнер түрлеріндегі осы мазмұндас туындылармен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау;
6	Оқыған азамат	10-11 сынып	8сағат (2-тоқсан)	Шығармадағы авторлық идеяның өмір шындығымен байланысын айқындау; Әдеби шығармадағы көтерілген мәселелерді ұлттық мүдде тұрғысынан ашу;
7	Барымта	10-11-сынып	10сағат (3-тоқсан)	Әдеби шығарманың композициясын уақыт пен кеңістік тұрғысынан талдау; Шығармадағы ұлттық құндылықтардың әлемдік тақырыптармен үндестігін ашу;
8	Кінәмшіл бойжеткен	10-11-сынып	8-сағат (4-тоқсан)	Шығарманың көркемдік- идеялық құндылығын гуманистік тұрғыдан талдап, әдеби эссе жазу;



Ендігі кезекте оқушылардың аталған шығармаларды оқу барысында түсініп, талдап, бағалап-салыстыру тиімділігін арттыру үшін оқытудың белсенді әдіс-тәсілдерін талдап беремін.



## «Қара жәшік» әдісі

1. «Қара жәшік» әдісі бойынша оқылған шығарманың сюжеті бойынша оқушыларға тапсырма мен сұрақтар құрастырылып беріледі. Оқушылар сұрақтар мен тапсырмаларды ҚК –ты сканерлеу арқылы оқиды да топта талқылап, постер жасайды. / <https://yandex.kz/video/search/> /  
Мектебімізде 2023-2024 оқу жылында Т.Т.Галиевтің «Жүйелік тұғыр» технологиясын экспериментке енгізгендіктен, өзім де осы экспериментке қатысушы мұғалім болғандықтан, «Жүйелік тұғыр» технологиясының кейбір әдістерін де ұсынып отырмын.



	Оқу мақсаттары	Әдеби шығармадағы көтерілген мәселелерді ұлттық мүдде тұрғысынан ашу;
	Сабак мақсаты	Шығарма мазмұнын меңгереді; Шығармада көтерілген мәселені айқындайды; Шығармада көтерілген мәселені ұлттық мүдде тұрғысынан ашады.
	Құндылықтарды дарыту	«Мәңгілік Ел», қазақстандық патриотизм
	Қажетті ресурстар	М.Əуезов «Қорғансыздың күні» кітабы. Презентация, ғаламтор ресурстары, сызбалар

**КОНСПЕКТ-СЫЗБА**

А бөлігіне әңгіменің тақырыбын жазады. Әңгіме нәліктен «Қорғансыздың күні» деп аталғандығын түсіндіреді; Шығарма кейіпкерлері туралы қысқаша жазып шығады. Б бөлігінде әңгімеде көтерілген мәселелерді айқындайды; В бөлігінде Әңгімеде көтерілген мәселені ұлттық мүдде тұрғысында талдайды; Г бөлігінде әңгіме эпизодтары бойынша сурет қиындыларымен жұмыс жасайды; Әңгіме желісі бойынша сурет салады; Кейіпкерлер атынан монолог жазады. Д бөлігінде әңгіме тақырыбы бойынша шешілмеген мәселелерді талдап жазады, яғни сол дәуірдегі адам құқығының аяққа басылуының себептері туралы т. б. талданады.

/Т.Т.Галиев <https://docs.google.com/presentation/> /

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. М. Әуезов. Жиырма томдық шығармалар жинағы, «Жазушы» баспасы. Алматы, 1979 ж
2. Kitap.kz / <https://kitap.kz/author/363>
3. <https://erketai.kz/matematika/fishbon-adisi/>
4. Әдебие порталы. <https://adebiportal.kz/kz/books/view/muxtar-aezov>
5. <https://yandex.kz/video/search>
6. Т.Т. Галиев. <https://docs.google.com/presentation/>
7. Бітібаева Қ. О. Әдебиетті оқытудың инновациялық технологиясы. Өскемен, 2002 ж

**Рашитова Дияна Елеуовна,  
Ә. Бөкейхан атындағы №76 мектеп-лицейінің  
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі**

## **БІЛІМ БЕРУ ҮРДСІНІҢ БАРЛЫҚ СУБЪЕКТІЛЕРІНІҢ ТҰЛҒАЛЫҚ ӨСУІНЕ ЖАҒДАЙ ЖАСАУДА М.ӘУЕЗОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ РОЛІ**

«Бір жылыңды ойласаң күріш ек, мәңгілікті ойласаң адам тәрбиеле» демекші, болашақты тәрбиелеу, өзіңнен кейінгі ұрпақты тәрбиелеу – ешқашан мәнін жоғалтпайтын мәңгілік проблема. Сондықтан мектептің жүрегі тек сабақ беру ғана емес, оқушының тұлға болып қалыптасуына әрекет ететін сыныптан тыс жұмыстар, үйірмелер, орталықтар. Осы бағытта оқушылардың тұлғалық өсуіне бірден-бір бағыттаушы жол - көркем шығармаларды оқу.

Халқымыздың бүгінгі тарихында, мәдениеті мен әдебиетінде Мұхтар Әуезовтің алатын орны ерекше, оны бір сөзбен айтып жеткізу қиын. Мұхтар Омарханұлы Әуезов қазақ мәдениеті мен әдебиеті үшін дара да күрделі тұлға. Әлемнің жазушылары мен ғалымдары жоғары баға берген адамзаттың Әуезовінің шығармашылық мұрасын бүгінгі және болашақтағы ұрпаққа таныту - әдебиеттегі маңызды мәселелердің бірі. Себебі әдебиеттегі кесек тұлға Әуезов шығармашылығын мектепте оқыту мәселесі өте күрделі сала болғандықтан, терең білімпаздық пен аса ізденімпаздықты қажет етеді. Әр шығармасын оқыту үшін үлкен дайындық, терең эрудиция, үлкен жүрек пен сезім қажет.

Адамзаттың ақыл-ойының ғұлама жазушысы Әуезов шығармашылығын қалай оқыту керек, оны жастардың бойына қалай сіңіру керек, осы мәселе әрбір әдебиетші ұстазды ойландыратыны анық. Бүгінде ғаламтор әлеміне бой алып кеткен жасөспірімдерді қызықтырудың жолы аға буынға қиын соғып тұрғаны. Көркем шығарма оқымаған баланың тілі шұбар, ойы таяз. Ал М.Әуезов шығармашылығын оқыту дегеніміз - үлкен мұхитқа сапар шеккенмен тең деген сөз. Қай кезеңде, қай туындысын алсақ та, Әуезов туындыларының тақырыбы мәңгілік мәселені қозғайды. Қазақ халқының өткен тарихын баяндап, толғағы жеткен мәселелерді көтеріп, ел тұрмысының шынайы болмысын көрсетіп, адамдар тағдырының шындығын суреттейді.

Әр жасөспірімнің өзіндік көзқарасының нығаюы мен жеке тұлға қалыптастыруда өзіндік пікірінің жетілуіне көп көмегін тигізері сөзсіз. Осы бағытта «Мұхтар Әуезов кім? Ол несімен ұлы?» деген сұраққа жауап беру оқушылардың жазушы шығармаларымен таныс болуы қажет. Иә, бір ауыз сөзбен жауап беру, әрине қиын, өйткені оның ұлт үшін сіңірген еңбегі жатқан бір ұлы дастан емес пе? Ал қалай оқытамыз, қызықтырамыз деген сұрақ сіздің алдыңызда тұруы шарт.


Қазіргі міндеттерінің бірі - кез келген жасөспірімге білімді меңгерту ғана емес, оның рухани-адамгершілік қасиеттерін танып, ішкі жан дүниесіне әсер ету арқылы жас ұрпақтың өзін-өзі дамытуына жол көрсетуде. Бұл жолда пән сабағынан бөлек мектепте жүргізілетін қосымша білім беру, үйірме

жұмыстарының, танымдық кабинеттердің, кітапхананың маңызы зор. Көркем шығармаға деген қызығушылықты оятуда жүргізілетін әдеби қонақ үйі, сыныптан тыс шаралар, жазушы шығармаларынан монолог оқыту, үзінділер жаттату, проблемалық сұрақтарға жауапты мәтіннен іздетудің маңызы зор.

Мақсат: Кешегіні болашақпен байланыстырып, қаламгер мен бүгінгі ұрпақ арасындағы әдеби-рухани байланысты нығайту және ғасырларға сын бермес мұраларын насихаттау.

Әуезов шығармаларын оқу – оқушылардың бар мүмкіндіктерін дамытуға, олардың өз-өздерін еркін көрсетуіне жағдай жасауға, яғни білім алушылардың тұлғалық қасиеттерінің анықталуына және дамуына мүмкіндік береді.

Әуезов шығармаларын оқытуда түсіндіруден – түсінуге, монологтан – диалогқа, әлеуметтік бақылаудан – дамытуға, басқарудан - өзін-өзі басқаруға көшуге негізделген. Мұғалімнің негізгі міндеті – қолайлы қарым-қатынасты орнату, оқушылардың өзара түсінісуі, оларға шығармашылық үшін жағдай жасау, қажетті еркіндік кеңістігін беру.



Мүмкіндік ішкі ресурстарымыз: вариативтік бағдарламалар, үйірмелер, сыныптан тыс шаралар, зертхана (шығармалары, естеліктер, фото-шежірелер, т.б.)

Бұл әрекеттің бәрі – әрине теория. Біз мектептегі мұғалімдер практик мұғалімдерміз. Практика тұрғысында мұны іске асыру қиындық келтірері анық, сіз күткендей нәтиже бермеуі де мүмкін. Сол себепті өз

тәжірибемді атқарып келе жатқан міндетті деңгейлер оқушының тұлға болып қалыптасуына септігін тигізері хақ. Соның дәлелі ретінде М.Әуезов шығармаларын оқу арқылы сахнаға шығару, кейіпкерлерді сомдау оқушы қызығушылығын ерекше оятады. Әуезов шығармаларындағы кейіпкерлерді сомдау арқылы оқушылардың кітап оқуына, шығармаларымен танысуға, кейіпкерлерді тануға жағдай жасалады.



Жазушыға арнап ұйымдастырылған «Сөз зергері соққан көркем туындылар» әдеби-қонақ үйі оқушылардың жазушы шығармаларымен танысуының бірден бір жолы болды. М.Әуезовтің ескі өмір ауыртпалықтарын суреттеуге арналған әңгімелері: "Қорғансыздың күні", "Жетім", "Ескілік көлеңкесінде", "Барымта", «Көксеректен» үзінділер оқып, жазушының сөздік қолданысына, сөз саптасына,

суреттеуіне аса назар аударылды. Ал Қарагөз, Еңлік монологтарын кейіпкер әлеміне кіре отырып, жатқа айтуда айтылым дағдысы қалыптасты. «Қараш-Қараш оқиғасындағы Бақтығұл, Тектіғұл, Қатша, бала Сейіт, Әзберген рөлдеріндегі сөздер тек кейіпкерлер рөліндегі баланың ғана емес, оны көрермендерге жеткізудегі ерекше шеберліктеріне көрермендер дән риза болды. Бұл оқушылардың жазушының әр сөзіне ерекше ыждаһатпен қарап, бойынан өткізе отырып түсінуінен уақыттың текке кетпегенін ұқтық. [[https://www.instagram.com/reel/Cxcb0JbM6zV/?utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link&igshid=MzRIODBiNWFIZA==](https://www.instagram.com/reel/Cxcb0JbM6zV/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRIODBiNWFIZA==)]

Өзара ынтымақтастық әрекетте мұғалім оқушыны тұлға ретінде танып біліп қана қоймай, оның дамуында кешегіні, бүгінгіні, болашақты көре білуі қажет. Мектептегі педагог пен оқушының өзара ынтымақтастығы мінез-құлық нормаларын игеруіне бағытталған үздіксіз үрдіс. Оның мазмұны оқушының жеке тұлғалық қасиеттерінің қалыптасу шеңберінде дамиды. Сол бағытта тағы да бірнеше оқушылардың өзара осы бағытта жұмыс жасауының негізінде сөздік қоры, тілдік дағдысы жинақталды. Сондықтан оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыруда оқушылардың жеке тұлғалық ерекшеліктерін ескере отырып, «Тұлғаға бағытталған білім беру де» маңызды орын алмақ. Бүгінде «Мұхтартану» факультативтік курсы, тұлғаға бағытталған кабинеттер мүмкіншілігі, мұражайлар бар. Алайда, «Оны үйлестіремін?, «Оқушыны қалай қызықтырамын?» деген сауалдар оқушы еншісінде.



Жұмыс бар жерде идея қалыптасады. Осы жұмыс аясында, оқушылардың қызығушылығын арттыру мақсатында «Ұрпақ үні» бағдарламасы, телестудия жобасын іске асыру қажеттілігі туындап, іске асырылды.

[<https://www.instagram.com/reel/ComCW8rKFqS/?igshid=MTC4MmM1YmI2Ng> ==]



Бұл оқушылардың өздері сценарий құрып, өздері камераға түсіріп, монтаждап және өздерінің актерлік шеберліктерін шыңдауға үлкен септігін тигізеді деген ойдамын. Бұл ой жазушы М.Әуезов шығармаларын насихаттауға, оқушылардың экран алдында өз-өздерін сенімді ұстауына көмектеседі деген ойдамын.

Осындай жұмыс оқушы мен мұғалім арасындағы шығармашылық ізденіс пен өзара сенім өз нәтижесін беретініне сенемін. Қорыта келгенде, бұл үшін кәсіби біліктілік, адал еңбек, шығармашылық ізденіс ұстаздың өмірлік серігіне айналуы тиіс деп ойлаймын.

«Тау алыстаған сайын биіктейді» дейді. Сахна мәдениетін, талаптарын пайдалана отырып, ұлының ұлылығын таныту ұстаз міндеті. Өз тәжірибемде атқарып келе жатқан

міндетті деңгейлер оқушының тұлға болып қалыптасуына септігін тигізеді хақ. Бүгінде қаламын ұштаймын деген жас қанатқа М.Әуезов шығармаларынан үзінді жаттау арқылы өз мүмкіншілігін көрсету таптырмас амал. Ақын М.Жұмабаев: «Қазақтың тағдыры да, келешекте ел болуы да мектебінің қандай негізде құрылуына барып тіреледі», - дейді. Ендеше, ұрпақ тәрбиелеуде ісіміз алға баса берсін демекпін.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Жұртбай Т. Бесігіңді аяла!.. Монография-эссе. – Астана: Фолиант, 2003.- 504 б.
2. Бітібаева Қ. Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары. – Алматы: Рауан, 1990. – 200 б.
3. Бітібаева Қ. М.Әуезов туындыларын мектепте оқыту. – Алматы: Мектеп, 2002. – 120 б.



5. Бітібаева Қ. Әдебиет сабағының түрлері мен үлгілері. – Алматы: Мектеп, 2003. – 144 б.
6. Мұхтар Әуезов тағлымы. А., 1987 ж.
7. [https://www.instagram.com/reel/ComBBAhKwLL/?utm\\_source=ig\\_web](https://www.instagram.com/reel/ComBBAhKwLL/?utm_source=ig_web)

**Дуйсенова Куанышкул Кадиршиновна,  
«Райымбек батыр атындағы №50 «Қазғарыш» мектеп-дицейінің  
қазақ тілі мен әдебиеті пәндері мұғалімі**

### **«АБАЙ ЖӘНЕ ӘЙГЕРІМ»**

#### **сахналық қойылым (сыныптан тыс жұмыс)**

Сыныптан тыс жұмыстар – мұғалімнің оқушыларға тікелей тәрбиелік әсер ету мақсатында ұйымдастыратын, оқушылардың қызығушылығын, ортаға бейімделуін арттыратын әдіс-тәсілдердің бірі.

Оқытудың табыстылығы көп жағдайда сабақта сабақта оқытудың тиімді әдістері мен формаларын таңдауға ғана емес, сонымен қатар пән бойынша сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыруға да байланысты.

Мектептің тәрбие жұмысының құрамдас бөлігі болып табылатын сыныптан тыс жұмыс оқыту мен тәрбиелеудің жалпы мақсаты – баланың өмірге және қоғамға қажет әлеуметтік тәжірибені игеріп алуына және қоғам қабылдаған құндылықтар жүйесін қалыптастыруға бағытталған.

Бұл талап тәрбиенің негізгі идеясына сәйкес келеді – рухани байлықты, адамгершілік тазалықты және тәндік кемелді үйлесімді үйлестіретін тұлға тәрбиелеу. Сыныптан тыс жұмыстардың міндеттерінің бірі – мектеп оқушыларын адам өмірі мен қоғамының түрлі жақтарын бейнелейтін жаңа, қызықты деректермен, ұғымдармен байыту және ұлттық құндылықтарды дәріптеу.

Сыныптан тыс жұмыстардың мақсаты мен міндеттері оның функцияларын анықтайды – оқыту, тәрбиелеу және дамыту. Осы мақсатты жүзеге асырудағы сахналық қойылымды назарларыңызға ұсынамын.

#### **I бөлім**

**Ербол:** -Күн кешкіріп қалды Абай,бүгін елге жете алмаспыз. Мына көрінген ауылға қонып, аттарымызды тынықтырып, ертең ерте аттандық.

**Абай:** -Қалың елім,қазағым,қайран жұртым,  
Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың.

Жақсы менен жаманды айырмадың,  
Бірі қан,бірі май боп енді екі ұртың.

**Ербол:** -Абай,ой етегінен шық.Қиялыңды кейін қайыр.

Қайран еліңнің жағдайын ғана емес,өзіңнің жағдайыңды ойласаңшы. Бүгін ауылға жете алмайтынымызды сезіп келе жатқан шығарсың.

**Абай:** -Әрине,әрине.Ат басын мына бір шеткі үйге бұрайық.Үйінің маңы қандай жинақы! Қойы қотанда,қозысы көгенде.Бәйбішесі пысық қой,шамасы.Қайнап жатқан самаурынын үйіне кіргізбегеніне қарағанда,қонақ күткендей ме,қалай?

**Үйдегі бәйбіше:** -Шүкіман,сыртқа шықшы. Біреулердің дауысы шыққандай болды.

**Шүкіман:** -Жарайды,апа

(Шүкіман сырттағы қонақтармен сәлемдесіп,үйге шақырады.)



**Қонақтар есіктен кіре:** -Ассалаумағаләйкум! Құдайы қонақпыз-деп үй иесінің қолын алып,төрге озады.

**Үй иесі:** -Қаракөлеңкеде жүздерінді айыра алмай отырсам,Абай мырза сіз екенсіз ғой. Бәйбішеге жаңа ғана түкірігімге қайта-қайта шашалып отырмын,самаурынды қайната бер,алыс жолдан қонақтар келе жатыр деп едім.Ой,аллай,жаманның сандырағы келеді деген.Бүгін Абай мырза біздің үйге ат басын тірейді,құдай қонақ болады деп кім ойлаған?Жайғасындар,өз үйлеріңдей көріңіздер.Мал-жан,отбасыларың амандықта болар.

**Ербол:** -Алыс жолдан жол соққан құдайы қонақпыз,отағасы.Абай мырзаны жол үстінде кездескеннің бәрі таниды. Бұл да кісінің кісілігінен шығар шамасы.

**Абай:-** Ербол,үлкен кісінің көпті көргендігі сөз сабақтасынан сезіліп тұр.Көкірегі ояу үлкені бар елдің жастарының санасы саяз болмайды.Елінің тірлігін,халқының бірлігін ойлайтын жазулы хат емес пе,бұл кісілер.

**Үй иесі:** -Бәйбіше, асыңды қамда.Шүкіман шешене көмектес.Қонақтарға сусын беріңдер.Жол соғып,сусап келген шығар.Абайжан, өзіңнен бұрын сөзіңді естіген едік.Бүгін жүзіңді көріп отырмыз.Өзіңнің:

Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,

Жоқты-барды,ертегіні термек үшін-деп айтқандарыңның ауыл арасының ақыны емес,атыңның алысқа кететінін осы өлеңдегі емеурініңнен сезгенбіз.

**Бәйбіше:-**Құтты қонақ келсе,қой егіз табады-дегендей.Сіздердің алдарыңызда ғана,көршінің келіні босанып,ауылымызда той болып жатыр.Құдай қонақ,енді құтты қонақ болдыңыздар.Дәм алып отырыңыздар.

**Шүкіман:** -Апа,мен шілдеханаға барып келейін.Көрші үйге жастар жиналып жатқаны.

**Бәйбіше:-** Бара ғой,жаным бара ғой.Көп кешікпей үйге қайт.Үйде қонақтар бар ғой.(Шүкіман шығып кетеді)

**Үй иесі:-**Абайжан,өздеріңіздей қонақтар қолға түседі.Шаршасандар бүгін дәм алып,ертеңдер өзінді,өлеңінді сағынған халқыңның сусынын өнеріңмен қандырсаң,нұр үстіне нұр болар еді.

**Абай:** - Айтқаныңыз дұрыс отағасы.Оған арнайы да келетін уақыт болады алда.Жұмысымыз бар.Ертең ертерек жүріп кетпекпіз.Ербол солай емес пе?

**Ербол:**Әрине,әлбетте (осы уақытта ән естіледі)

**Абай:-**Тоғжан.Тоғжанның әні ғой,мынау.(ән аяқталды.Бәрі де үнсіз.)

**Абай:** -Әнді айтқан кім ?Жоқ...Тоғжан ба?

**Бәйбіше:-**Ойбай-ау,Абайжан-ау.Әнді айтқан жаңағы біздің қыз,Шүкімән ғой.Ауылдың жастары қолқалаған шығар тойда.

**Абай:-**Көбіне ән басы ащы. «Кел тыңда!»-деп-өзгеге болар басшы.Керім толғап,таусылар қаңғыр-күңгір.Сол жеріне ойыңмен араласшы.Міне,ән.Міне әнші!

**Ербол:** -Өмірдің алды-ыстық,арты-суық,

Алды-ойын,арт жағы-мұңға жуық.

Жақсы әнді тыңдасаң ой төзіммен,

Өмір сәуле көрсетер судай тұнық...

Абай сезімталсың-ау. Жаратқан сені көкейдегіні көңіліңмен түсінетін жан еткен ғой. Әннің де естісі бар, әкесі бар ғой дегендей, бір жақсы ән, оны орындаған әншінің даусын естіп көңіліміз көтеріліп қалды. Енді дем алып ертең аттанайық.

## II бөлім

**Абай:** - Ербол, менің ойымнан түндегі айтылған ән кетпей отыр.

Әншінің өзі де, әні де менің ойыма Тоғжанды қайта оралтты.

**Ербол:** - Абай-ау, кезінде Тоғжан көңіліңнің төрінен орын алса, енде, тек қиялыңда ғана қалған, тек арман күйіндегі елес емес пе. Орындалмайтын арманның шегіне жете алмайсың. Қиялың қияға сүйресе жақсы қиялы етпей.

**Абай:** - Жоқ. Ербол сен мені бұл жолы түсіңбедің. Менің қиялымдағы арманым бүгін орындалды. Мен Тоғжанды таптым. Енді бұл жолы одан айырылмаймын. Түндегі қонып шыққан үйдің, қызын айттырмақпын. Көркі де, көңілі де, әні де дәл Тоғжандыкіндей емес пе?

**Ербол:** - Ділдәні қайтпексің. Бұл ойыңды құптай қояр ма екен?

**Абай:** - Ділдәнің мәселесін әжем мен шешеме тапсырамын.

Дәстүріміздің заңына сәйкестендіріп өздері шеше жатар. Ал, құдалық мәселесін Ербол, барысымен өзің қолға ал!

**Ербол:** - Өте жеделдетіп жібердің ғой. Әні арқылы әншіге, әншісі арқылы қызға ғашық болған жан.

**Абай:** - Жарқ етпес қара көңілім не қылса да,

Аспанда ай мен күн шағылысы да,

Дүниеде, сірә, сендей маған жар жоқ,

Саған жар менен артық табылса да, Тоғжан

Қыздың аты кім еді?

**Ербол:** - Шүкіман

**Абай:** - Аты келеңсіздеу екен. Жоқ, өзі керім қыз. Ай. Керім. Енді сенің атың бүгіннен бастап Әйгерім болады. Әйгерім! Әйгерім!

### Пайдаланған әдебиеттер:

1. Сынып жеткшінің тәрбие жұмысын ұйымдастыру формалары мен тәсілдері (1-11 сынып жетекшілеріне арналған әдістемелік құрал) Дуйсенова К.К. 2019ж.
2. «Ай-Керім» жинағы. Дуйсенова К.К. 2016ж.
3. М.Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясы
4. <https://astana-akshamy.kz/abaj-zhane-ajgerim/>

**Байсалиева Айсулу Пернебековна,  
№18 орта мектебінің  
қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі**

### **«МҰХТАР ӘУЕЗОВ ӘНГІМЕЛЕРІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ»**

Әр мұғалім – өз пәнінің иесі. Нағыз иесі болу үшін, өз пәніне деген сүйіспеншілігі болуы керек. Сүйіспеншіліктен шығармашылық туады. Мұғалімдік шеберліктің арқасында оқушыны өз пәніне қызықтырасың, тәрбиелейсің, дамытасың. Ұстаз еңбегін көзбен көріп, сырласқандағы әсерді қағаз бетіне түсіру өзіндік бір «бояуын» жоғалтқандай сезім тудырады. Әдебиет сабақтарында жүргізілетін шығармашылық жұмыстардың да түрлері мен әдіс тәсілдері мол. Әр мұғалім шәкіртінің ақыл-ойын, бойындағы табиғи қабілеті мен қасиеттерін жан-жақты дамыту идеясын көтеріп, соған сәйкес шығармашылық жұмыстың жаңа түрі мен оқыту әдісін іздестіреді.

Қазақтың ұлы жазушысы Мұхтар Омарханұлы Әуезов қазақ мәдениеті мен әдебиеті үшін дара да күрделі тұлға «Кімде-кім ана тілін, әдебиетін сыйламаса, бағаламаса, оны сауатты, мәдениетті адам деп санауға болмайды», «Халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін нәрсе – білім» деген М. Әуезов болашақ ұрпақ тәрбиесіндегі мұғалімдердің алатын орны туралы жүйелі пікірлері ерекше назар аудартады. Олардың идеялық шыңдалуы, аса жоғары жауапкершілік сезіммен қатар ізгілік, интелектілік, моральдық тазалығын, өзін-өзі ұстау, байыптылық, білімнің түрлі саласынан хабардар болу, шәкірт психологиясын терең білу, педагогтік техниканы жете меңгеру т.б. жеке қасиеттерді бойына дарытуы қажет дейді. Ол өз оқулықтары мен бағдарламаларында, оқыту ісі жөніндегі мақалаларында мұғалімдерден әрбір сабағын ұқыпты ойластырып, білім беру мен тәрбиелеу тәсілін жетілдіре беруді, шәкірттердің ақыл-ой дамуын адамгершілік қасиетпен тығыз байланыстырып отыруды талап етті, оқу құралында Әуезовтің алғашқы әңгімелерінің өзіндік ерекшелігі мен жазушы шеберлігінің қырларына талдау жасайды да, әңгімелерін оқытудың әдістемелік үлгісін береді. [Бітібаева Қ. Әдебиет сабағының түрлері мен үлгілері].

7- сынып қазақ әдебиеті пәнінде М. Әуезовтің «Көксерек» әңгімесі туралы оқушыларға толық мағлұмат беру және әңгімені талдау барысында тақырыпқа қызығушылықтарын ояту, мағынаны танып білуге, ой толғауға дағдыландырып, оқушыны өз пікірін қорғай білуге үйрету. Оқушыларды адалдыққа, табиғатқа қамқор болуға тәрбиелеу. Сабақтың көрнекілігі: Мұхтар Әуезовтің суреті, тірек сызба, әңгіме мазмұнын аша түсетін суреттер, өлеңдер, жұмбақтар, интерактивті тақта. Ұйымдастыру кезеңі жүргізіледі. Оқулықтар әзірленеді. Шәкірттердің бар зейінін сабаққа шоғырландыру жағы қарастырылады. Өтілетін сабақты түсіндіру.

Бүгінгі кезекті **сабақтың тақырыбы** М. Әуезовтің «Көксерек» әңгімесі екендігі жарияланады. Осы тұста жазушының суреті көрсетіледі де, сөз

зергерінің өміріне. еңбек жолына қысқаша шолу жасалады. Осы талдау сабағын **оқытудағы әдіс-тәсілдер: инсерт** («Білемін» қатарын толтыру); **ой-қозғау; венн диаграммасы; семантикалық карта; Шаттық шеңбері** «Білім кілті» (оқушылар бір-біріне тілек айту арқылы, «Білім кілтін» табыстайды); **Ой қозғау кезінде** Қай жазушының шығармасын алып қарасақ та табиғат назардан тыс қалған емес. Олай болса, мына сөйлемге назар аударыңызшы.

1. «Табиғат — күллі тіршілік атаулының құтты қоныс мекені, алтын ұя, тал бесігі» осы сөйлемді естігенде ойларыңа не келеді?
2. Ендеше табиғат дегеніміз не?
3. Қалай түсінесіздер?
4. Ал табиғатқа шабуыл жасау, оның тылсым тыныштығын бұзу мәселесіне қалай қарайсыздар?
5. Әр шығарманың шығу тарихы болады. М.Әуезовтің бұл әңгімені жазуына не әсер еткен?

**«Мағынаны тану»** әдісімен сұхбат алу.

1. Көксерек фильмін көрдің бе?
2. Қай жері сіздің есіңізде қалды?
3. Көксерек туралы сіздің ойыңыз?

Тақырып бойынша интерактивті тақтадан қысқаша видеоматериал көру «Қасқырлар» (алған әсерлерімен бөлісу)

Естеріңе түсіріңдер, ойларыңа не келеді? Қандай іс-әрекеттерге барады?.

Түрткі болу сұрақтарын қоя отырып, назарын оқулыққа аудару.

**«Ыстық орындық» әдісі. «Ыстық орындықта Құрмаш»** 1) Көксеректі неге асырадың? 2) Көксерек үлкейгенде өзіңе тап береді деп қорықпадың ба?

**«Ыстық орындықта Көксерек»** 1) Көксерек, сен неге ит сияқты асырауға көнбейсің? 2) Адамдармен жауласудағы басты мақсатың не? 3) Құрмашты неге өлтірдің? 4) Өмірге өз қалауыңмен келер болсаң қасқыр болған жақсы ма әлде ит боп өмір сүрген жақсы ма?

**Әңгіме бойынша жоспар құру.**

(**Топтық жұмыс:** мәтін бөліктерін ретімен орналастыру)

1. Қасқыр күшіктерінің өлтірілуі.
2. Көксеректің адамдар қатарына қосылуы.
3. Көксерек деп аталуы.
4. Ауыл адамдарының наразылығы.
5. Көксеректің өсуі.
6. Ауыл иттерінің бөтенсуі
7. Ұрлық
8. Ашқарақ Көксерек
9. Құрмаштың қайтыс болуы
10. Әжесінің қайғыруы

**Композициялық құрылысына талдау.**

Ең алдымен осы әңгіменің композициялық құрылысына талдау жасап көрсек.

1. Оқиғаның басталуы. Қараадыр табиғаты. Қасқырлар мекені.
2. Оқиғаның байланысы. Адамдар шабуылы. Көксеректі асырауы
3. Оқиғаның дамуы. Көксеректің ауыл тірлігін жатсынуы.
4. Оқиғаның шиеленісуі. Көксеректің өз қандастарына қосылуы
5. Оқиғаның шарықтау шегі, Көксеректің жойқын күшке айналуы
6. Оқиғаның шешімі. Құрмаштың қазасы. Көксеректің жазасын тартуы

**Сергіту сәті.** Жұмбақ шеше білейік

Күші десең, күші бар,	Белестен шыққан бестіит,
Тісі десең, тісі бар.	Бүкір келген желісті ит.
Торуылдап ауылды	Бейғам елді іздейді,
Түнде жортар ісі бар.	Малдан күдер іздейді.

**Шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтау әдісінде:**

**Тақырып** – жазушы суреттеп отырған өмір құбылысы, қасқырдың мінез-құлқы, өзіне тән табиғи қасиеттері болса,

**Идея**-жазушының сол өзі суреттеп отырған табиғат пен адам арасындағы байланыс, түсіністік, бір-бірімен жарасымды тіршілік ету қажеттігін айтады.

Әдеби шығарманың атауы да тақырып деп аталады. Мысалы: М.Әуезовтің «Көксерек» повесі. Әдебиет теориясында шығармадағы автор көтерген басты мәселе де тақырып деп аталады. Мысалы, «Көксерек» повесінің автор көтерген тақырыбы – адам мен табиғат арасындағы байланыс пен қайшылық. «Көксерек» әңгімесінің идеясы табиғаттағы байланыс үйлесімі болуы керектігі екендігін, адамның табиғаттың заңдылығын бұзуы апатқа әкелетіндігін білдіреді. [С.Ч.Тұсынғалиева, Р.Зайкенова «Қазақ әдебиеті» оқулығы, Арман-ПВ баспасы 2017 жыл. «Қазақ әдебиеті» анықтамалығы]

**«Кубизм» әдісі бойынша тапсырмалар:**

1. Суретте: Көксеректің портреті
2. Зертте: Қасқыр туралы мақал-мәтел
3. Салыстыр: Ауыл иті-көксерек
4. Қолдан: Көксерек туралы ел не дейді?
5. Дәлелде: Көксеректің Құрмашқа бас салуының себебі неде?
6. Талда: Көксеректің қатыгездігі.

**Кубиктің алты қырының жауабы:**

1. Жотасы күдірейген, құйрығы шолақ бойы тау басында тайдай көрінеді, нағыз көкжал, сұсты, көзі жап-жасыл.
2. «Қасқырды қанша бақсаңда, тауға қарап ұлиды.» «Қасқырды қасқыр қылатын да адам.» «Қасқыр қасқырлығын істемей қоймайды.»
3. Көксерек- айлакер, ашқарақ, дыбыс шығармайды, сұсты, жасымайды. Ит-қолдан тамақтанады, өз иесіне бауыр басады, еркелейді, тілін алады, иесіне қызмет етеді
4. Кәпір, қырыс, тағы емес пе? Кеудесін бермейді жасымайды. Ұры асырасаңда мал болмайды, тұқымы жау емес пе?
5. 1-шіден ол аш, 2-шіден адамдарға деген өшпенділік және ол бөрі, тағы аң, оның иесі болмайды
6. Қасқырдың болмысы адам тәрбиесіне көнбейді екен, тұз тағысы да өмір сүруге құқылы.

**«Фила» әдісі** арқылы ғаламторды пайдаланып, әр топ өз тобының атымен байланыстыра отырып постерлерін қорғайды.

- 1-топ. Екі аяқты адам жыртқыш па?
- 2-топ. Әлде көкбөрі күшті ме?
- 3-топ. Табиғаттың заңдылығы мықты ма?

**Шығармашылық жұмыс:** қасқырға байланысты мақал-мәтел айтады.

«Қасқырды қанша асырасаң да, орманға қарап ұлуын қоймайды.»

«Қасқырдың аузы жесе де қан, жемесе де қан.»

«Ауыл иті болса да, бөрі келгенде бірігеді»

«Иттің иесі болса, бөрінің тәңірісі бар»

**«Ой толғау» әдісі** арқылы сабақты қорытындылау. Сұрақ:

1. «Көксерек» әңгімесі қалай аяқталушы еді?

2. Қалай ойлайсындар, кемпір қарғысымен әңгімені аяқтауына не себеп?

3. Жазушы неге үндейді?

**жауабы:** 1. Әңгіме кемпірдің қарғысымен аяқталады.

2. Бұл кемпір қарғысы - Әуезовтің озбырлыққа, жауыздыққа, қаталдыққа деген қарғысы

3. Жазушы жер бетіндегі адамдарды татулыққа, бір – бірін, өзін сыйлауға, құрметтеуге үндейді.

Үйге тапсырма беріледі. «Көксерек» әңгімесін қайталап оқып, мазмұнын айтып беру. Қасқыр туралы мағұлматтар жинастыру.

**«Желкенді қайық» әдісімен** кері байланысқа шығамыз.

Тақырып бойынша оқушылардың білімі бағаланып, зейінділік танытқандарын мадақтау қажет. Ол оқушылардың келесі өтілетін тақырыпқа деген ынтасын арттыруға септігін тигізері сөзсіз.

Ұстаздың әдебиетті оқыту пәлсапасы ой, ойлау, ойланту мәселелерінен тұрады. Әр сабақта оқушыға ой салу, ойланту ұстаздың әдістемесінің биік жемісі. Ол әдебиетті - ғылым, өнер пәні ретінде қарастырады. Байырғы әдістемемен оқытылып келе жатқан әдебиет пәніне жаңа бетбұрыс әкеліп, инновациялық технологиямен оқыту мәселесін қазіргі педагогика ғылымының күн тәртібіне қойды. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесін мүлде тың арнаға бұрды деуге болады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Қ.Әбдесұлы, Г.Д.Рыскелдиева, С.Ч.Тұсынғалиева «Қазақ әдебиеті» жұмыс дәптері, Арман-ПВ баспасы 2011 жыл.

2. С.Ч.Тұсынғалиева, Р.Зайкенова «Қазақ әдебиеті» оқулығы, Арман-ПВ баспасы 2017 жыл.

3. Бітібаева Қ. Әдебиет сабағының түрлері мен үлгілері. – Алматы: Мектеп, 2003 жыл.

4. Бітібаева Қ. М. Әуезов туындыларын мектепте оқыту. – Алматы: Мектеп, 2002 жыл.

Даулетова Гулфайрус Ермекбаевна,  
Мәшһүр Жүсіп атындағы №57 орта мектебінің  
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

## М. ӘУЕЗОВ ШЫҒАРМАЛАРЫН ЗАМАНАУИ ТАЛАПТАРҒА САЙ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

Ұстаздың биігі ойлана қарасаң биіктей береді, үңіле қарасаң, тереңдей береді, қол созсаң қарсы алдында, айналсаң артында тұрғандай» – деп Сократ айтқандай болашақ ұрпаққа әлемдік деңгейде білім беру мақсатына орай білім мазмұнына жаңаша қарау – басты міндеттердің бірі болып табылады.

Осы орайда, сөз зергері, әлемдік әдебиет пен мәдениетке, ғылымға үлес қосқан М.Әуезовтің ғылыми мақалалары мен сөйлеген сөздерінде көрініс тапты. Жазушының негізгі мақсаты- халыққа қызмет ететін білікті, білімді азамат тәрбиелеу, олардың жан-жақты ой-өрісі дамыған тұлға болуына көп ықпал ету педагогикалық әдістемелік еңбектер мен дидактикалық құралдар жазуды қолға алды. Және табиғатынан педагогикалық қызметке бейімі бар надандық пен қараңғылыққа қас жауындай қарайтын және соны жою жолында сан түрлі әдіс - тәсілдерді ойлап табатын педагогтерді тәрбиелей бастады. Қазіргі таңда мұғалімдер алдында білім жүйесін, заман талабына сай үйлестіре, жаңа үлгіде жүргізу міндеті туындап сапалы білімге барлық оқу - әдістемелік жүйеге жаңа талаптар болу керек.

Мен бүгін қазақтың белгілі жазушысы, көркемсөз зергері М.Әуезовтің шығармашылығына тоқталмақпын. Табиғаты қатал қасқыр мінезді Шыңғыстауда М. Әуезовтің «Көксерек» повесі дүниеге келді. Повесть проблемалық өзектілігі жағынан болсын, ерекшілігі жағынан болсын табиғаттың тылсым сипатына ие терең мағыналы шығарма екенін дәлелдеді. Адам мен табиғат арасындағы байланысты шебер суреттеген ақынның шығармасын оқытқан сайын креативті идеялар жаңа білімді игеру үрдісінде оқушының нәтижелі қатыса білу дағдысын қалыптастыруға зор мүмкіндіктер ашылуда.

«Күн мен ай» әдісі автордың өзіндік үні мен жеке көзқарасын қалыптастыруға мүмкіндік береді. «Күн мен ай» әдісі түз тағысының күнде де түнде де жасаған әрбір әрекетін бақылау оқушыларды шығарманы терең игеруіне, әр детальға назар аудартады және бес-алты сөйлеммен ойды тұжырымдауға мүмкіндік береді. Оқушыларды жалықтырып алмас үшін күн мен айларға қатысты сюжетті суреттер қолданамын. Тапсырманы оқушы сюжетті суреттерді оқиға ретімен қою арқылы жүзеге асырады. (сандар да кіргізіледі)



Кестеге назар аударсақ:

**Топтық жұмыс. Жазылған әр беттегі күн және айларға назар аударатырып, суретті сюжетті пысықтап өтеміз.**

Май айының салқын лебі	85-бет
Ертеңіне түсте	86-бет
Бір жұма бойы	87-бет
Жаз ортасына жақындаған кезде	87-бет
Жаз ортасы ауған кезде	88-бет
Осы оқиғаның ертеңіне	90-бет
Екі күн өткен соң	90-бет
Үш күн өткенде	90-бет
Күздің бір қара дауылды түнінде	90-бет
Қысқа да жеткен еді	91-бет
Ақпан, наурыз кезінде	93-бет
Қыс қатты. Қар қалың	93-бет
Бірер айдай	94-бет
Күн жылына бастады	94-бет
Көк молайып, жаз шыққан соң	94-бет
Жазғытұры көкпенбек	95-бет
Жаз бойы жалғыз тіршілік етті	96-бет
Қайтадан қарлы боранды қыс келді	97-бет
Арада бірнеше күн өтті	99-бет
Арада бес-алты күн өтті	99-бет

Сюжетті суреттерді ретімен орналастырып болған соң Әр суретке қарап бір сөйлеммен жазып шығады. *Мысалы, май айының салқын лебі деген суретке қарап оқиғаның көктемде болғаны туралы сөз етсе, 2 деген сан жазылған суретте ауылға әкелген күшік көзін екі күннен соң ашты деп жазады. Жұмыс барысы осылай жалғасып сюжеттің соңына дейінгі аралықты айтып шығамыз. Қорытындысында аяқталған тұтас ой шығады. Кестедегі сөз тіркестер мен сөйлемдер оқушыға бағыт-бағдар болады.* (слайдта көрсетіледі).

## **2. «КНБ» әдісі. Детальдармен жұмыс. Топтық жұмыс**

Көркем шығармада белгілі бір мағыналық, идеялық-эмоциялық жүк көтеріп тұрған көркемдегіш құралдарды байқап отыру оқушының танымын кеңейтеді. Ол сөз, суреттеме арқылы берілуі мүмкін. Деталь оқушыны әсерлі сезімге бөлейді, кейіпкер образын ашуға мұқият болуға және оның қызметін анықтап алуға көмектеседі. Нәтижесінде оқушы зерек, байқампаз, есте жадында ұзақ уақыт сақтауға жол ашатын тамаша әдіс болып табылады. <https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%94%D0%B5%D1%82%D0%B0%D0%BB%D1%8>

<b>Көркемдік детальдің түрлері</b>	<b>Мысал</b>
портреттік деталь	Жота жүні үрпиіп, көздері жасылданып, бар тістерін көрсете аузын ақситып ашып



	жіберіп...
<b>заттық деталь</b>	Қасқырдың ақ жүндері, қалың сасыр, көк күшіктер т.б.
<b>тілдік деталь</b>	-Кәпір, қырыс, тағы емес пе!? Кеудесін бермейді, жасымайды.
<b>пейзаждық деталь</b>	Бастары көгеріп, бүрленіп қалған қалың қараған жел лебімен сыбдыр-сыбдыр қағып теңселіп, ырғалып қояды. Маңайдан жуаларды, жас шөптердің иісі келеді.
<b>кейіпкердің мінез-құлқындағы, іс-әрекетіндегі маңызды ерекшелікті білдіретін психологиялық деталь</b>	Көксерек әлі күнге ешбір уақытта «қыңқ» етіп ауырсынған дыбысын шығарған емес.

**Көркемдік** деталь - мағыналық, **көркемдік** мәні бар ұсақ ерекшелік, сөз болып отырған нәрсенің жекелеген сипат-белгілері. Әншейінде оп-оңай көзге түсе бермейтін өзгешеліктерді байқағыштықтан, көрегендіктен туындайды, сондықтан ол өмір құбылысының әр түрлі нәрсенің ерекшелігін сондай-ақ адамның бойындағы қандай да бір қасиет- сипатты дәл тауып, бейнелеп беру шеберлігін танытуда «КНБ» әдісінің берері мол.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Кеммис және Мак Таггарт «Іс-әрекеттегі зерттеудің айналымы» ғылыми еңбектері.
2. Тіл тазалығы  
<https://kerekinfo.kz/tag/%D0%BF%D0%B0%D1%80%D0%B0%D0%B7%D0%B8%D1%82%20%D1%81%D3%A9%D0%B7%D0%B4%D0%B5%D1%80>
3. Мәтінді өңдеу <https://kitaphana.kz/refkaz/233-informatika/2733-mtnd-deu.html>
4. М. Әуезов «Көксерек» повесі.

## **МҰХТАР ӘУЕЗОВ ШЫҒАРМАЛАРЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ЖЕТІЛДІРУ**

Ұлт ұстазы, ұлы реформатор, Алаш қайраткері А.Байтұрсынұлы: *«Жақсы дерлік те, жаман дерлік те бір әдіс жоқ, олақтықтың белгісі – бір әдісті болу, шеберліктің белгісі түрлі әдісті болу»* деп бала оқытудағы мұғалімнің басты қаруы - әдіс екенін меңзеген болатын. Сабақ мазмұнының түсінікті болуы, тақырыпқа терең ену, кері байланыстың ойдағыдай деңгейде болуы үшін басты шарт – сабақтың дұрыс ұйымдастырылуы, яғни басынан аяғына дейінгі сәттердің бір-бірімен жымдасып, байланысты болуы. Бұл-мұғалім үшін бұлжымас қағида. Қазіргі таңда қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытуда қолданылып жүрген «Сын тұрғысынан ойлау» технологиясы, «Жаңартылған білім мазмұны» бойынша оқыту элементтері А.Байтұрсынұлының педагогикалық еңбектерінде көрсетілген. Бүгінгі тақырып бойынша ұсынылатын оқыту мәселелерінің негізі жоғарыда айтылған әдістемелерден бастау алады. Жаңартылған білім мазмұнындағы негізгі идея – функционалдық сауаттылық. Бұл дегеніміз бала алған білімін өмірде, күнделікті тұрмыста, болашақта қолдана білу мүмкіндігіне ие болу. Мен сабақ беретін 8-11 сыныптарда белгілі бір ақпаратқа өзінің көзқарасын білдіре алатын, түйін жасай білетін жастағы оқушылар отыр. Оларға теңдей қарым-қатынас орнату арқылы ескі мен жаңаның арасындағы байланысты көре аламыз. Қазақ әдебиеті сабағында оқу сауаттылығына мән аса мән берілетін болғандықтан, сөйлеу дағдыларының оқылым-жазылым, оқылым – айтылым бөліктері тереңірек қарастырылады.

Оқылым әрекеті – басқа сөйлеу әрекеттерімен салыстырмалы түрде ересектердің көпшілігі орындай алатын қызметтердің бірі. Ғалым Ф(фаузия). Оразбаева оқылымның маңызын төмендегідей жіктейді:

- 1) Тіл үйренуші оқылым арқылы бүкіл тілдік қатынасқа қажетті ақпараттан хабардар болады және оны тілдік қарым-қатынаста керегіне жаратады.
- 2) Оқылымның нәтижесінде әдеби, мәдени, әлеуметтік салалардағы жылдар бойы жиналған адамзаттық тәжірибелер бір кезеңнен екінші кезеңге өтіп, адамдардың қарым-қатынасын жетілдіреді, ішкі ой-санасын дамытады. Ойлау қабілеті мықты дамыған адамның сөйлеу қабілеті де ерекше болады.
- 3) Оқылым әрекеті арқылы көңілге түйгенін тіл үйренуші жинақтайды, сұрыптайды, тұжырымдайды. Сабақтың құрылымы сияқты оқылым жұмысын жүргізудің де оқылым алды, оқылым кезеңі, оқылым соңы жұмыстары жоспарлануы тиіс. Мәтінді оқытудың үш кезеңі бойынша әдістер мұғалімнің шеберлігіне қарай таңдалып, сыныптың әлеуетін ескере отырып жасалғаны дұрыс. Ендігі мәселе ұзақ мәтіндерді аз уақыт ішінде оқытып, меңгерту болып отыр. Бұл тұрғыда «кванттеу» теориясын ұсынар едім. Квант - бір заттың ең кішкентай бөлігі. Яғни, мәтіннің бейімделген түрі. Ресей

тестологы В.С.Аванесовтің: «Теория квантования учебных текстов» деп аталатын еңбегінде мәтінді кванттеудің түрлі тәсілі көрсетілген. Өз тәжірибемде жоғары сыныптарда ұзақ мәтіндерді меңгертудің тиімді тәсілі ретінде осы әдістеме қолайлы. Қай мәтінді оқыған ыңғайлы, қай мәтінмен жұмыс істеген тиімді деп ойлайсыздар?

11 сыныпта М.Әуезовтің «Абай жолы» романы оқытылады. Әуезов шығармалары дүбірлі дәуірдің түбірлі көріністерін, заман шындығын бүкпесіз көрсететіндіктен көлемді туындылар. Тілі күрделі, мазмұны терең, оқырманды ойға қалдыратындай мағыналы. Ал күндіз-түні алақандай экранға бауыр басып қалған балалардың төзімі көлемді шығармаларды көруге жетер ме екен, әлде бұл мәселені қалай шешуге болады?

Осыған орай бүгін әдістемелік қоржындағы әдістерді көрсету үшін әуелі «Қорғансыздың күні» әңгімесі ұсынылады.

*Бірінші жолы:*

**Мәтінді бөліктерге бөлу – оқу – қысқаша мазмұндау жұмыстары;**

*Екінші жолы:* **Бөліктерді кванттеу жолымен әзірлеп ұсыну.**

Тәжірибем бойынша мәтінді меңгертудің екі түрлі жолы да нәтижелі болды. Тек мұғалімнің көбірек ізденісі болса жетіп жатыр. Бала ойын қысқаша айтып үйрену керек. Осы мақсатта тірек сөздер бойынша жұмысты ұсынамын.

**Мысалы: «Мәтіндегі негізгі тірек сөздер қатарын толықтырыңыз».**

*әйел, теңсіздік, заман, жолаушы ....., ....., .....,*

немесе «Тірек сөздерді тауып жазыңыз» сипатындағы жұмыстар арқылы оқушының негізгі ақпаратты түсінгенін байқай отырып, лексикалық минимумын байыта түсеміз. Бұл тұрғыда «Асыл сөз» айдарымен сөздік дәптеріне сөздер тізбесін жаздырып қоюға да болады. Одан кейін жұмыс-«Мәтін бөліктеріне ат қойыңыз» немесе «Мәтін бөліктерін ретімен орналастырыңыз» сипатындағы тапсырмаларды ұсынуға болады.

- 1-бөлім: Арқалық әңгімесі
- 2-бөлім: Күшікбай туралы сыр
- 3-бөлім: Екі жігіт немесе жолаушы
- 4-бөлім: Қыстаудағы кездесу
- 5-бөлім: Үш әйел
- 6-бөлім: Қорғансыз отбасы
- 7-бөлім: Тауқымет
- 8-бөлім: Жақып – адамдық бейнесі .

Мәтіндегі сандық ақпараттарды бөлшектеп берудің негізгі көрінісі ретінде «Сандар сөйлейді» айдары бойынша жұмыс жасатамын.

*Үлгі: Сандарды нақты ақпаратпен сәйкестендіріңіз.*

<b>80</b>	<b>1</b>	<b>40</b>
<b>9-10</b>	<b>2</b>	<b>4-5</b>

Мұқаш	Қалтай	Жақып
Ақан	Дүйсен	Ғазиза
	Мәңгі	

Ал «Жетім» әңгімесі бойынша: <http://kitapal.kz/book/zhetim/>.

- мәтінді бірнеше бөліктерге бөлу;
- реттілігі бойынша орналастыру арқылы жалпы мазмұнды меңгертуге болады. Әңгімені, мәтінді оқытуға қажет тапсырма түрлерін төмендегіше жіктеуге болады.

<b>Тапсырманың берілу формалары</b>	
Мәтіндегі негізгі сөзге ассоциация жасату	мәтіндегі басты тірек сөздерді табыңыз
Сіз мәтінге қандай ақпарат қосар едіңіз?	-мәтінге қосымша ақпаратты табыңыз; -мәтіндегі маңызды емес ақпаратты көрсетіңіз.
Ұлттық тағлымдар	сөздердің мағынасын көрсетіңіз
Сәйкестендіріңіз	-мәтінде жауабы бар сұрақты табыңыз; -мәтінге сәйкес келетін ақпаратты табыңыз
Мәтінге ат қойыңыз	мәтінге нақтырақ тақырып қойыңыз
Мәтіннің әр бөлігінде берілетін негізгі ойды анықтаңыз	I азатжолға тақырып таңдаңыз; II азатжолға тақырып таңдаңыз
Мәтінді аяқтаудың нұсқасын ұсыныңыз	Мәтіннің түйінін табыңыз

Жоғарыда аталған шығармаларды оқытуда «kitapal.kz» порталының да рөлі ерекше. Аудиокітап арқылы оқушының тыңдай (тыңдалым) отырып меңгеру дағдылары қалыптасады. Әр шығарманы оқып, мазмұнына талдау жасағаннан соң, «буктрейллер», «кітап оқырмандарының конференциясы» сияқты дамыту жұмыстарын жүргізген жөн. Бұл ретте, оқушылар қысқа мазмұнға маңызды ақпаратты сыйғызып, көркем, мәнерлі мазмұндауға жаттығады.

Жалпы сабақ мазмұнын меңгертуге арналған әдістерді қолдану барысында оқушылар:

- өз бетінше пікір білдіруге;
  - сөйлем құрауға;
  - есте сақтауға,
  - маңызды, маңызды емес ақпараттарды ажырата білуге;
  - негізгі ойды табуға;
  - тақырып қоя білуге;
  - сөздерді қолдана білу және мағынасын түсінуге;
  - кіріспе, негізгі, қорытынды бөлімдерді ажырата білуге машықтануы тиіс.
- Сонымен қатар балаға назарына ұсынылатын шығармалар мазмұнының ұлттық болмысқа, қазақы құндылыққа байлануы қажет. Өткен ғасырларда дүниеге келген шығармаларды жаңа ғасырда өзектілігін жоймай оқытудың негізі осында. Қазіргі таңда балалар батыстық, шығыстық мәдениеттің үлгілерін таңсық көріп, төл әдебиетімізден ажырап бара жатқандай көрінеді. Әсіресе жастар тілі, әлеуметтік желі мәдениеті «сленг» сөздерге толы. М.Әуезовтің бір ғана «Абай жолын» оқып, күллі қазақ мәдениеті мен өнерін, тұрмысын, тарихын тайға таңба басқандай көре аламыз. Міне осы

шығарманы тудырған М.Омарханұлының шағын әңгімелерінің өз түйдек-түйдек ой, кесек-кесек сөзді сыйдырған қымбат қазыналар қатарында. Көркем шығарманың тілі, идеясы көркемделген сайын, замана мәселесін тереңірек қозғаған сайын оның өміршеңдік қабілеті арта түсері сөзсіз. Жазушы : «Сымбатты өнер болмаған елде – мағыналы тіршілік жоқ, қандай қауым, қандай тапты алсақ та, қаны мен жанының сурет өнер айнасына түсірмей отыра алмайды. Өнерден қуат алмаса, тіршіліктің шырағы сөнеді»-деп осыны меңзесе керек.

«Кешегі күн – тарих, бүгінгі күн – шындық, ал ертеңгі күн – сыр» деп Қорқыт баба айтқандай, кешегі тарихымызды бүгін оқып, болашаққа жұмыртқадай жұмыр қалпында аманаттау – біздің перзенттік парызымыз болып саналады. Олай болса, оқу мен оқыту ісіндегі қызметтеріңіздің мазмұны мәңгілік, мәні тұңғыық болсын:

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Тілдерді оқытуға арналған заманауи әдіс-тәсілдер. Қызылорда, 2023 жыл
2. [massaget.kz](http://massaget.kz) порталы
3. Әуезов Мұхтар. Таңдамалы шығармалары [Мәтін]: 5 томдық /Мұхтар Әуезов; [Құраст. А.П. Құрманбаева, Ш.М. Әмірбаева].- Алматы, 2022 жыл.
4. Теория образования и обучения. 2/2014 жыл.

### **М.ӘУЕЗОВ ӘНГІМЕЛЕРІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ**

Қай елдің болсын өсіп-өркендеуі, ғаламдық дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына байланысты. «Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды» дегендей, жас ұрпаққа сапалы, мән-мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру-бүгінгі күннің басты талабы. Әлемдік білім берудің стандарттарына сай білім берудің мазмұны, құрылымы әр түрлі варианттарда, ғылым мен практикаға негізделген жаңа идеялар, әр түрлі оқыту әдістеріне толы жаңа технологияларды кеңінен қолдану жүзеге асырылуда. Бұл оқыту технологияларының негізгі мақсаты – оқу үрдісін жаңалау, инновациялау, оқытудың жаңа әдістер мен тәсілдердің әдістемесі мен дидактикалық талаптарын енгізу және бағалау, инновациялық технологияны енгізу, қолдану болып табылады. Қысқаша айтқанда, оқу үрдісінде шығармашылық ойлауды қамтамасыз ету деп айтар едім. Мәселен, қазақ әдебиетінің классигі ұлы жазушы М.Әуезовтің шығармашылығын жас ұрпаққа оқытуда озық технологияның маңызы зор және тұлғаның шығармаларын зерттеу бүгінгі ұрпақ үшін тиімді.

«Бұрынғы жас ұрпақ жасап кеткен мұралар – тарихи дүниелер. Оларға келсін-келмесін бүгінгі күннің кимешегін кидірудің керегі жоқ. Сол мұралар ішінен бүгінгі талап, бүгінгі оқыту мақсатына сай нені қабылдау, нені саралау, нені оқыту, қалай оқыту – басқа мәселе. М.Әуезовтей ұлы тұлға шығармашылығын оқыту, оның тиімді әдістерін іздестіру – барлық оқу орындарының міндеті», – деді әдіскер ұстаз Қ.Бітібаева. Бұл пікірді құптаймын және тиімді әдістерді қолдана отырып, оқу мен тәрбие беруде іске асырамын.

Көркем шығарманы талдау – білімгердің бойындағы көркемдік танымның суреткердің туындысындағы көркемдік әлеммен ұштасуымен тығыз байланысты. Өйткені, кез келген көркемдікті талдау – тұтастық болса, сол «тұтастықтың» заңдылығының сақталуы оқытушыдан білім мен білік тәжірибесін талап етеді. Шығарманы жай түсіну және білу жеткіліксіз. Оқушы ұстаздың көмегі мен нұсқауымен өзі сезіне алатындай білімді талап етуіміз қажет-ақ.

Әдебиетті оқыту әдістемесінің өзекті мәселелерінің бірі – көркем шығарманы талдау болып табылады. Яғни, М.Әуезовтің шығармаларын талдауда образдар жүйесін, кейіпкерлер характерін талдау туындының идеялық-тақырыптық мазмұнына, композициялық құрылымы мен сюжеттік желілеріне мұқият зер салуды қажет ететіндігін атап көрсетеді. Осыған байланысты М.Әуезовтің көркем әңгімелерін зерделеу, талдау кезінде әдебиеттану ғылымында қалыптасқан прозалық шығармаларды талдаудың негізгі принциптеріне сүйене отырып, әдеби талдау әдісін кеңірек қолдану керектігін жөн деп санаймын.

«Ұстаздар қауымы Әуезов тағылымын оқу мен тәрбие беруде тиімді пайдалану, қажетке айналдырудың көзін тауып, қонымды жолын іздену керек. М.Әуезов шығармашылығын оқытудың тиімді жолдарын іздену бүгінгі оқыту үрдісінің талап деңгейінен туындайды», – дейді Қ.Бітібаева. Әдіскер ұстаз М.Әуезов шығармашылығын оқытуда даралап оқыту, саралап оқыту, проблемалық оқыту, образды оқытудың тиімді жолдарын ұсынады. «Қорғансыздың күні», «Кінәмшіл бойжеткен», «Оқыған азамат», «Қаралы сұлу» сияқты алғашқы романдары сол замандағы қоғамдағы рухани құндылықтардың өзгеруін сипаттайтын бағытта жазылған.

Заман озған сайын өткен тарихымызды зерделей келе, жаңаша көзқараспен оқытуды қолға алу тиімді. Қазіргі жас ұрпақ мектеп табалдырығынан бастап, М.Әуезов мұрасымен сусындап, кейін келе жоғары оқу орындарында рухани азығын толықтыра түседі. Жоғары оқу орындарында Әуезовті тану әлемі тереңірек әрі ғылыми арнаға бұрады. Оқушыларды эстетикалық ләззатқа, адамгершілікке, рухани тазалыққа жетелеуде дәріс сабақтарының, практикалық сабақтардың маңызы зор. Ең бастысы, рухани құндылықтарымызды дәріптеуші оқырман тәрбиелеуді мақсат етуді мақсат етемін. М.Әуезовтің көлемді де көркемдік-идеялық жағынан ауқымды «Қараш-Қараш оқиғасы» мен «Қорғансыздың күні» әңгімесін санаулы сағаттарда оқытудың күрделі әрі жауапты екендігі белгілі. Мәнерлеп оқу, рөлге бөліп оқу, проблемалық жағдаят, сұрақ-жауап, диалог алаңы, зерттеушілік әңгіме т.б. әдіс-тәсілдерді тиімді қолдануға болады. «Қараш-Қараш оқиғасында» практикалық жұмыстардың рөлі ерекше. Себебі, суреттеулер, портреттеу, мінездеу, баяндаулар, кейіпкерлердің психологиялық әр түрлі жан-дүниесінің сипатталуы өте жиі кездеседі, тілі де күрделі. Бақтығұл бейнесі арқылы заман шындығын ашқан жазушының табысы, шешімі туралы ой қозғау үшін оқушылармен проблемалық сұрақтар, зерттеу сұрақтары арқылы диалог жүргізуді ұйымдастыруды көздеймін. Оқушыларға проблемалық ситуация тастай отырып, көтерілген мәселенің төңірегінде ізденіс жасатуда әңгіме-дебат, пікірталас, пікір-сайыс жүргізудің тиімділігі зор. Бұл тапсырмалар оқушының өз бетімен ізденуіне, өзінің ой-пікірін дәлелді айтуға, мәселенің шешімін табуға жетелейді. Әр оқушының өз ойы, өз қиялы, өз болжам-пікірі бар десек, сол еркіндікпен өз тұжырымдарын жасап, мәтінмен жұмыс жасауға болады (1 кесте). Бұл, әрине, тәжірибелік кезеңде жүзеге асырылатын жұмыстар.

**1-кесте. “Қараш-Қараш” оқиғасы бойынша мәтіннің көркемдік-идеялық ерекшелігін талдау**

Бөлімдер	Тақырыбы	Басты оқиға	Кейіпкерлер
I	Іштегі кек		
II	Жортуыл		
III	Қашқын		
IV	Пана іздеу		
V	Адасқан өмір		
VI	Екі жүзділер		
VII	Қуғын		
VII	Алынған кек		

Келесі кезеңдерде, «Бақтығұлдың мақсаты қандай?», «Жарасбайды өлтіргенімен Бақтығұл өз мақсатына жетті ме?»- деген сауалдарды қоя отырып, әр оқушының ойын, пікірлерін тыңдау. М.Әуезов басты кейіпкер Бақтығұл арқылы шығарманың негізгі идеясын ашуға ой салдырады. Әңгімені бас кейіпкер тағдыры арқылы шебер қиюластырады. Жауыздық пен мейірімділік, екіжүзділік пен сатқындық сынды қасиеттердің тартысын, адамның ішкі жанкүйзелісін жазушы шебер суреттейді. Міне, осы мәселелерде, жазушының суреткерлік шеберлігі мен шығарманың көркемдік-идеясын ашудағы шеберлігіне талдау жасатуда іздену қажет. Тәжірибеде кеңінен тараған келесі талдаудың тағы бір тиімді түрі – проблемалық талдау (2 кесте). Ол туралы әдіскер-ұстаз Қ.Бітібаева «Әдебиетті тереңдетіп оқыту» еңбегінде: «Проблемалық талдау танымын арттыру, ойлау белсенділігін жетілдіруде үлкен рөл атқарады және өзіндік ізденістеріне мол мүмкіндік ашады әрі дамыта оқытудың негізгі бір жолы ретінде де пайдалы болып келеді. Проблемалық талдау сол көркем шығарма негізіндегі проблеманы дәл тауып, нақты проблемалық сұрақтар әзірлеуді талап етеді...».

**2-кесте. Проблемалық талдау**

Жай сұрақтар	Проблемалық сұрақтар
1.Бақтығұл қандай кейіпкер? Ол неге Жарасбайды барып паналайды? Осы іс-әрекеті дұрыс па? 2.Бақтығұл Жарасбайды неге өлтірді? 3.Ұрлыққа, барымтаға бару себебін түсіндіріңдер. Оны мұндай әрекетке кім жұмсайды?	1.Қалай ойлайсыңдар? Бақтығұл кім? Ол Сәлмен мен Жарасбайдың «құрбаны» ма, әлде кек алушы күрескер ме? Немесе қорғансыз сорлы ма? 2.Бақтығұлдың Жарасбайды өлтіруінде қылмыстық іс-әрекет бар ма? 3.Жаратылысында ары таза Бақтығұл соншама азғындап, ұрлық жолына неге түседі? Кінәлі кім?

Жазушы әңгімелерінде табиғат пен адам арасындағы тұтастық, кейіпкерлерінің тағдыры шынайы суреттеледі. Әр туындысын оқыған сайын ұлы суреткердің талант қыры ашылып, оқырманын тәнті етті. Әңгімені



талдау барысында көркем мәтінді оқыту, талдау жасатудың өз тиімділігі бар. Ол туралы: «Көркем мәтінді оқыту, оны талдауға баулу – әдебиет мұғалімінің ең негізгі қызметі, мақсаты. Оқу мен талдау – бір ананың егіз баласындай, жанды бір организмдей туыстас, әрі бірліктегі мәселе. Көркем мәтінді талдау оны оқусыз жүзеге аспайды», – дейді әдіскер ұстаз Қ.Бітібаева (Бітібаева,1997) [14]. Талдау барысында оқушының қабылдауы, пікірі, түсінуі, сезінуі басты назарға ұсталынатынын атап көрсетеді.

### **3-кесте. Шығарма талдаудың интеграциялық тәсілі:**

**География пәні.** «Қорғансыздың күні» әңгімесіндегі географиялық елді-мекендер сипаты

**Тарих пәні.** «Қорғансыздың күні» әңгімесіндегі тарихи сипат

**Музыка пәні.** «Қорғансыздың күні» әңгімесіндегі сезім күйі.

**Кейіпкерлер галереясы.** «Қорғансыздың күні» әңгімесіндегі кейіпкерлер галереясы. Келесі кезекте жазушының «Қорғансыздың күні» әңгімесін талдау барысына тоқталатын болсақ. Бұл әңгімедегі тақырыптық-идеялық ерекшеліктер, образдар галереясы, суреткерлік шеберлік сипаттары туындының классикалық белгісін танытады. М.Әуезовтің «Қорғансыздың күні» әңгімесін талдауда «интеграциялық әдісті» пайдалану өнімді дей аламын. Өйткені, оқушының танымдық білігін арттыруда бұл әдістің берері мол екені анық. Оқушыларды түрлі-түсті қағаздардың көмегімен 4 топқа (пәнге) бөліп, жоғарыдағы тапсырманы орындатуға болады. Бұл әдістің басты мақсаты: «интеграциялық принципке» негіздеуінде екенін айтып өттік. Осы әдісті орындау барысында тарих, музыка пәні мұғалімімен бірге орындалса, оқушыға жазушы шығармашылығын түсіну жеңіл болады.

Келесі әдісте оқушылардың көркем шығарманы талдаудағы жоғарыдағы «субъект пікірдің» өзі шығармадағы белгілі бір соқпақтан гөрі, әлеуметтік, этикалық, эстетикалық, философиялық мәселелерді көрсетіп, соған деген жазушы шешімін, ойын көрсету жағын байқатуды көздейді. Ал мұндай мәселелердің кілті – шығарманың өне бойындағы тартыс пен идеялар төңірегінде көрініс табады. Оқушы осы мәселелерді өз бетінше шешеді. Ойлауға, салыстыруға, үкім жасауға, алған білімдерін пайдалануға мүмкіндік жасайды. Талдау барысында әдеби-теориялық ұғымдармен жұмыс жасатудың да маңызы зор. Бұл олардың талдау барысындағы білім, білік деңгейлерінің ғылыми бағытта болуына, терең әрі ғылыми ізденіс жасауларына негіз болады.

### **5-тапсырма «Төрт сөйлем» әдісі:**

1. Пікір
2. Дәлел
3. Мысал
4. Қорытынды

Жоғарыдағы әдіс-тәсілдер жинақылыққа, дәлдікке негізделген. Оларды қолдану арқылы сабақтың соңындағы кері байланысты жасауға болады. Әдебиет сабағында оқытушы шығарма мазмұнын баяндап қана қоймай, оқушылардың сабақты түсінгеніне, ақын мұрасын түсінгеніне көз жету үшін

жасалатын әдістердің бір – «рефлексия». Бұл әдістің мақсаты: өтілген тақырыпты қорытындылау мақсатында жасалады. Яғни, оқушы сабақты түсінді ме? Ой қорыта алды ма? Осы сұрақтар бойынша жасалады. Рефлексия – кері байланыс ұғымы тек сабақтың соңында ғана емес, сабақтың алғашқы кіріспесінен басталуы қажет. Өйткені, бұл процестің оқушыларға берер мүмкіндіктері аз емес. «Қорғансыздың күні» мен «Қараш-Қараш» туындысын қорытуда осы әдіс тиімді болып келеді. Бұл мақсатта көркем талдау барысында проблемалық оқытудың тиімділігі зор екендігіне көз жетті. Ең бастысы, мәселенің бүгінгі өмірмен ұштастырылуы маңызды саналды. Себебі қабылдап отырған, сезініп, түйсініп отырған оқырманның бүгінгі көзқарасын білуге жол ашу маңызды. Заман озған сайын М.Әуезовтің мұрасын жас ұрпаққа танытып, көркем туындыларын меңгерту ұлттық құндылықтарымызды насихаттап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуге ықпал етеді.

Қорыта келгенде, әлемдік әдебиеттегі аса ірі тұлға М.Әуезовтің туындыларын жас ұрпаққа жеткізу – бүгінгі таңда да аса қажет. Сондықтан да, ғұлама жазушының туындыларын жаңаша оқыту, жаңа әдіс-тәсілдерінен іздену – уақыттың айнасы. М.Әуезовтің көркем әңгімелерін зерделеу барысында шығарманың тақырыбын, идеясын, образдар жүйесін, тілдік өнерді, сюжетті, композицияны ашып көрсету керек. Сондықтан, ұлы жазушының керемет әңгімесін оқып, тану үшін біз осы компоненттердің барлығына назар аударуымыз керек. М.Әуезов – ұлтымыздың мақтанышы, есімі ұлттық әдебиет пен мәдениет, тарихында мәңгілік жасай береді. Әлемдік әдебиетте ұлтымызды танытқан халқымыздың кемеңгер жазушысы, сөз зергері, қоғам қайраткері, ғалым, ұлт жанашыры Мұхтар Әуезовтің есімін мақтанышпен айта аламыз. Әлем жұртшылығы М.Әуезовтің «Абай жолы» арқылы ұлтымызды таныды, қаламгердің ұлылығын, шеберлігін мойындады. Ол туралы біршама зиялы, ойшылдарының пікірлері жазылды. Жазушы мұрасы ғасырдан-ғасырға жалғаса бермек. Ал оны жас ұрпаққа жеткізу – әр оқытушының міндеті.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Жұртбай Т. Бесігінді аяла! Монография-эссе. – Астана: Фолиант, 2003. – 504 б.
2. Бітібаева Қ. Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары. – Алматы: Рауан, 1990. – 200 б.
3. Бітібаева Қ. М.Әуезов туындыларын мектепте оқыту. – Алматы: Мектеп, 2002. – 120 б.
5. Бітібаева Қ. Әдебиет сабағының түрлері мен үлгілері. – Алматы: Мектеп, 2003. – 144 б.
6. Мұхтар Әуезов тағлымы. А., 1987 ж.
7. [https://www.instagram.com/reel/ComBBAhKwLL/?utm\\_source=ig\\_web](https://www.instagram.com/reel/ComBBAhKwLL/?utm_source=ig_web)

**Самалова Айгерим Мырзагажиевна,  
Қаныш Сәтбаев атындағы  
Binom school мектеп-лицейінің  
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі**

## **ӘУЕЗОВ ШЫҒАРМАЛАРЫН ЗАМАНАУИ ТАЛАПТАРҒА САЙ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ**

Қазақты әлемге танытқан заңғар жазушы Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің артында қалған ұлан ғайыр мұрасын зерделеп, ой елегінен өткізу үшін де әр дәуірдің, әр ұрпақтың өз айтар сөзі, таным-түсінігі болатыны сөзсіз.

Жазушы, ұлы педагог Мұхтар Әуезовтің ағарту ісіндегі негізгі мақсаты – халыққа қызмет ететін білікті, білімді азамат тәрбиелеу, олардың неғұрлым жан-жақты дамуына көңіл бөлу еді. Ал «халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін нәрсе – білім» деген Мұхтар Әуезов жастар тәрбиесіндегі мұғалімдердің алатын орны туралы жүйелі пікірлері ерекше назар аудартады. Мұхтар Әуезовтің ойынша, заман талабын дұрыс түсінген, адамзаттың өткен тарихындағы барлық мәртебелі де, игілікті істердің жалғастырушылары болуы шарт. Олардың идеялық шыңдалуы, аса жоғары жауапкершілік сезіммен қатар ізгілік, интелектілік, моральдық тазалығын, өзін-өзі ұстау, білімнің түрлі саласынан хабардар болу, шәкірт психологиясын терең білу, педагогтік техниканы жете меңгеру т.б. жеке қасиеттерді бойына дарытуы қажет дейді. [1] Мұхтар Әуезов өзінің көптеген ғылыми мақалаларында, сөйлеген сөздерінде мектепке нәтижелі жұмыс жасауы үшін оқытушының бойында білім мен біліктен басқа, педагогикалық қызметке деген табиғи бейімділік, зор талап, терең талғам мен ұғымдылық, ынталылық қажет екендігін ескертіп отырды. Өйткені оқытушы өзінің жұмысына селқос қараса, шәкірттерді шын жүрегімен сүймесе, ол жұмысы да ықылассыз болады. Ал ықылассыздық пен енжарлық, дөрекілік пен менмендік бірімен-бірі жақын тұрған адамгершіліктің көмескі жақтары ғана емес, тәрбиенің де жауы.[2] Осы тұста, қазіргі таңда мектеп қабырғасында жүріп, болашақтың негізін қалайтын ұрпақты тәрбиелеу барысында, Әуезов шығармаларын оқыту кезінде, жазушының айтайын деген ойын, жаңа заман ұрпақтарының санасына дұрыс жеткізіп, тәрбиелеп жүрміз бе?

Бүгінде педагогикалық жаңаша үрдістерде білім мен тәрбие беруде жаңашылдыққа талпынуды қажет етеді. Бұл – оқушыны ізденіске баулып, білімді өз ынтасы, өз еңбек – ізденістері арқылы қалыптастыруға жетелейді. Балаға берілетін білім мен тәрбие ең алдымен сөз арқылы жүзеге асатыны белгілі. Ал бұл жауапкершілік ең бірінші, әдебиетші ұстаздарға жүктеледі. Ал әдебиетті оқыту

көркем шығарманы оқудан басталады. Балаға көркем туындыны оқытпай, әдебиеттен білім беру мүмкін емес нәрсе. Ал оны оқушы жай оқып шықпай, одан алған әсерін өмірлік қажеттіліктеріне пайдалана алуы шарт. Оқушы бойында халықтың салт-дәстүрін қадірлейтін, елін сүйетін жан-жақты жетілген тұлға қалыптастыруда Мұхтар Әуезов шығармаларының ықпалы зор. Шынайы өмірді дәл сол қалпында түсірген ұлы жазушының қай әңгімесін, повесін, романын оқысаң да, еш жалықпайтын, қазақтың жалпақ тілімен әсерлі жазылған нағыз өмірді көре аласың. Олар әлем таныған «Абай жолынан» бастап, «Қараш-қараш оқиғасы», «Көксерек», «Жетім», «Оқыған азамат», «Қыр суреттері», «Үйлену», «Сөніп-жану», «Кім кінәлі?» т.б. шығармалары. Ал мектепте жазушы М.Әуезовтің шағын жанрдағы әңгімелерін оқытудан басталады. Ауызекі сөйлеуді қалыптастыру үшін оқушы әр сабақта жаңа білім алып қоюмен ғана шектелмей, өз бетінше ізденіп, талдап, пікір таластыру деңгейіне жетіп, даму біліктілігін арттырып отыруы қажет. Қазіргі кезеңде бұрынғы дәстүрлі болған қалыпты сабақ беру әдісін жаңа мазмұнда ұйымдастыру және жаңа технологияны пайдалана отырып түрлендіруіміз қажет. Мектеп бағдарламасына М.Әуезовтің барлық дерлік еңбегі енгізілмегені анық. Дегенмен де, бағдарламада бар шығармаларымен оқушыны қызықтыра алсақ, басқа да көптеген әңгімелерімен оқып танысуға өздері-ақ құлшына кіріседі деп ойлаймын. Осы тұста, өз тәжірибемнен мысал келтіріп өтсем. Қазіргі таңда балаларға кітап оқыту, оның мазмұнын, автордың айтайын деген ойын бойларына сіңіру оңай емес. Алайда, мен 7-сынып оқушыларына «Көксерек» әңгімесін өткенде және 11-сынып оқушыларына «Абай жолы» роман-эпопеясын өткен кезде, сингапур білім жүйесі негізінде қалыптасқан «Апгрейд 45 минут» әдісі арқылы өттім. Біріншіден, тақырыпты өтпес бұрын үй тапсырмасы ретінде тақырып туралы қызықты ақпарат жинап келуге бердім. Сосын сабақ барысында мазмұнын түсіну үшін Wordwall платформасы арқылы шығарманың мазмұнын ашатын сұрақтар бере отырып, сабақ мақсатына сай тапсырмалар орындап, мазмұны бойынша түсінгендерін топта талдап, өзара талдау жұмыстарын өткіздім. М.Әуезовтің «Көксерек» әңгімесінде сөз жоқ, оқушыларды ең алдымен оның оқиға желісі қызықтырады. Келесі сабақты дебат түрінде өтіп, Құрмаш пен Көксеректің іс-әрекеттерін талдап, сыни ойлау дағдыларын дамытып, жазушының айтайын деген ойын түсініп, түйсіну үшін және келешектің дидагына көз жүгірту үшін жұмыс жасалынды. Ал оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттыру мақсатында және әңгіменің идеясын терең түсіну үшін үй тапсырмасына «кинодубляж» және «фанфик» әдісін қолдандым. Бұл тапсырманы орындау барысында оқушылар жан-жақты ізденеді, ойлау қабілеттері артады, «фанфик» әдісін қолдану барысында

шығармашылыққа жақын оқушылардың қаламдары ұшталып, жаңа кейіпкерлер ойлап тауып, шығарманы өз қиялдарына қарай жаңа оқиғаларды кірістіріп аяқтайды және бұл тапсырма сабақтың танымды, әрі қызықты өтуіне септігін тигізеді. Сыныпта әр оқушының қабілеті әртүрлі. Сол қабілеттерін ашу барысында, әрі шығарманы қызықтыра оқыту үшін дубляж жасау барысында сөйлеу мәнерлері қалыптасса, фанфик жазу барысында жазу, ойлау қабілеттері арта түседі. Техникаға жақын оқушылар шығарманың мазмұнына жақын келетін кино, мультфильмдер іздеп, өндесе, ал суретке жақын оқушылар комикс салу арқылы өз қабілеттерін көрсете алады. Төменде оқушыларымның жасаған жұмыстарының үлгісін ұсынамын.



Ал, 11-сыныпта «Абай жолы» роман-эпопеясының барлық бөлімімен танысып шығу көп уақытты қажет ететіні белгілі. Massaget.kz жастар порталы Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына орай ерекше жоба жасаған болатын. Портал Мұхтар Әуезовтің "Абай жолы" роман-эпопеясының қысқаша мазмұнын doodle анимациялы видеосаммари ретінде жеткізеді. [3] Яғни, осы жобаны сабағымызда қолдана отырып, оқушыларды топқа бөліп, жоғарыда атап өткен әдіс-тәсілдерді түрлендіріп пайдалансақ, оқу бағдарламасында берілген уақытта оқушыларға Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясын оқытуға болады. Бұл тұста әрине, ұстаздың шеберлігі керек. Күрделі тақырыпты заман талабына сай, кітап пен АКТ құралдарын қатар ұстап, оқушы бойына сіңіруге болады. Өз тәжірибемде, үлгерімі төмен деген сыныптың өзінде бұл әдістің тиімді болғанына көзім жетті. Ең бастысы, әр оқушының қызығушылығы мен қабілеттерін ескере отырып, жаңа заманауи әдістерді тиімді қолдансақ ғана қуантарлық нәтиже беретіні анық.

Қорыта айтқанда, «Мен бір күншіл емес, менікі ертеңгі үшін» деп белгілі ғалым Ахмет Байтұрсынов айтқандай, бүгінгі таңда оқушы бойына ұлылар қасиетін сіңіру, шығармаларын бүгінгі күн талабымен оқытсақ, Әуезовтей зиялыларымыздың армандарының іске асқаны деп білу шарт. Ал қазіргі заман ұстазының міндеті – сол зиялыларымыз салып кеткен сара жолды жалғастырып, ұлтын сүйетін, ана тілін қастерлейтін, айтар сөздің мағынасын түсінетін жанашыр тұлғаны қалыптастыру басты парызымыз деп білемін.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Баймолдаев Т., Сәдуақасұлы Ә. Педагогикалық көзқарас және қазіргі мектеп: (М.Әуезовтің оқу және оқыту, тәлім-тәрбие жұмыстарына қосқан үлесі туралы // Ұлағат- 1997 №3 6-10 б.
2. Солтиева Ж. Ғұламаның бір қыры ( М.Әуезовтің ағартушылық қызметі туралы) // Егемен Қазақстан- 1997, 16 тамыз.
3. Massaget TV <https://www.youtube.com/watch?v=FC-8TcD35I8>

### **МҰХТАР ӘУЕЗОВ МҰРАСЫН ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ**

Заманымыздың заңғар жазушысы, ХХ ғасырдағы қазақ әдебиеті мен мәдениетінің шыңы – ұлы Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің мұрасын зерттеу және түсіну үшін әр дәуір мен әр ұрпақтың өз айтар сөзі мен таным-түсінігі болатыны сөзсіз.

Жазушы Мұхтар Әуезов көптеген ғылыми мақалалар мен сөйлеген сөздерінде ағарту саласы, білім мен тәрбие саласы жөнінде сөз қозғаған. Бұл жағынан Әуезовті алғашқы ағартушы-демократтар Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбайұлылардың тікелей мұрагері, солардың ісін жалғастырушы, үлгі-өнеге тұтушы деуге болады. Жазушы мен ғылым жолын қатар ұстаған Мұхтар Әуезов халық ағарту ісінің мәселелері жөнінде «Оқу ісі» мақаласында: «Оқытушылар — замана талабын дұрыс түсінген, адам баласының қас жауы надандық пен қараңғылыққа, қапастыққа қарсы күресуші азаматтың өткен тарихындағы барлық мәртебелі де игілікті істердің жалғастырушылары болуы шарт» десе, «Мәдениет һәм ұлт» атты мақаласында «Ғылым мен мәдениет барлық дүниенің алтын алқасы болып отыр. Осы күнде ғылым мен мәдениет жерде, суда, ауада, аспанда ай-жұлдызды билейді» деп ғылымды жоғары бағалаған. Ал, «Ғалым» атты мақаласында: «Адамшылықты таза жүргізу үшін — көп ой керек, ойлау үшін оқу керек және оқу әр тараптан мағлұмат беріп, ақиқатқа баланың көзін жеткізіп, көңіліне жақсылықпен тәрбие беру керек» деп білім мен тәрбиенің егіз болуы сөз етті. Әуезовтің ағарту ісіндегі негізгі мақсаты – халыққа қызмет ететін білікті, білімді азамат тәрбиелеу, олардың неғұрлым жан-жақты дамуына көңіл бөлу еді. Бұл бүгінгі таңда да өз өзектілігін жойған жоқ.

«Халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін нәрсе – білім» - деген М. Әуезов жастар тәрбиесіндегі мұғалімдердің алатын орны туралы жүйелі пікірлері ерекше назар аудартады. Оқытушылар М. Әуезов ойынша, заман талабын дұрыс түсінген, адамзаттың өткен тарихындағы барлық мәртебелі де, игілікті істердің жалғастырушылары болуы шарт. Олардың идеялық шыңдалуы, аса жоғары жауапкершілік сезіммен қатар ізгілік, интелектілік, моральдық тазалығын, өзін-өзі ұстау, байыптылық, білімнің түрлі саласынан хабардар болу, шәкірт психологиясын терең білу, педагогтік техниканы жете меңгеру, оптимизм т.б. жеке қасиеттерді бойына дарытуы қажет дейді. Ол өз оқулықтары мен бағдарламаларында, оқыту ісі жөніндегі мақалаларында мұғалімдерден әрбір сабағын ұқыпты ойластырып, білім беру мен тәрбиелеу тәсілін жетілдіре беруді, шәкірттердің ақыл-ой дамуын адамгершілік қасиетпен тығыз байланыстырып отыруды талап етті. Қазіргі таңда кеменгер тұлғаларымыздың рухани мұраларын заман сұранысына сай тереңдете оқытқанымыз жөн. Жаңартылған білім мазмұнына

сай құндылыққа негізделген білім беру үдерісінде ұлттық дәстүріміз бен мәдениетіміздің дамуына өлшеусіз үлес қосқан жазушы ақындардың мол мұрасын жете меңгерту басты міндет болып отыр.

Бүгінгі таңда оқу үдерісінде **«Білімді ұлт» сапалы білім беру»** ұлттық жобасына сәйкес тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу мен оқытуды қамтамасыз ету жоспарлануда. Ал, білім беру құндылықтары дегеніміз білім беру мазмұнын айқындау үшін негіз болатын, білім алушының тұлғасын қалыптастыруда жетекші фактор болып табылатын оқу мақсаттарының жүйесін құрудағы бағдарлар. Аталмыш негізгі құжаттарда білім берудің алты құндылығы басшылыққа алынған. Олар:

- құрмет;
- ынтымақтастық;
- ашықтық;
- қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік;
- еңбек пен шығармашылық;
- өмір бойы білім алу,

Бұл орайда ұлттық әдебиеттану ғылымының көшбасында тұрған ғұлама ғалым, ұлы суреткер М.Әуезовтің көркем әңгімелерін оқытудың орны ерекше. XX ғасырда қазақ әдебиетін әлемге танытқан ұлы классик жазушы М.Әуезовтің көркем прозадағы суреткерлік шеберлігі еуропалық деңгейге жетуі алғашқы жазған әңгімелерінен бастау алған. Адамзат тарихы бастан кешкен қоғамдық үш формацияны көзбен көріп оймен сүзген жазушы өмірден көргені мен түйгенін көркем оймен суреттеп, туған халқының адамгершілік идеалы мен дәстүр салтын, рухани болмысын. тұрмыстағы күйбелең тіршілігін қағаз бетіне түсіріп шебер бейнелеуі де тұңғыш рет көркем әңгімелерінен басталған болатын. Жазушының алғаш жазған «Қорғансыздың күні», «Оқыған азамат», «Үйлену», «Сөніп-жану». «Кім кінәлі?». «Сыбанның моласында». «Текшенің бауырында». «Жетім», «Кінәмшіл бойжеткен», «Қаралы сұлу». т.б. әңгімелері адамдар арасындағы қым-қиғаш әрекеттерді суреттей отырып гуманистік сипатта жазылған көркем туындылар. Оларда көбіне-көп трагедиялық тағдырға душар болған кейіпкерлер бейнеленіп, ең басты мәселе адами құндылықтар мен жалпы адам болмысын тереңінен тануға талпыныстар жасалынып, автордың ашып көрсеткісі келген басты идеясының бірі адам табиғатын сан қырынан саралап түсіндіруге арналды.

Балаға берілген білім беру және тәрбие процесі ең алдымен сөз арқылы жүзеге асырылады. Оқушылардың тілін дамыту барлық пән мұғалімдеріне қойылатын жалпы талап болып табылады. Алайда, баланы оң және сол жақтарды білуге үйрету, өмірдің талаптарына бейімделу, адамгершілік азамат болу мәселесі жазушылардан үлкен жауапкершілікті талап етеді. Себебі әдебиет – сөз өнері, адамды зерттеу құралы. Бұл ерекше ғылым және таңғажайып өнер, ол адамды нағыз азамат етеді, оның жанын нығайтады және оны жанға бұйырады. Әдебиетті оқыту көркем шығарманы оқудан



басталады. Бала көркем шығарманы үйретпестен әдебиеттен оқи алмайды. Оқушы оны оқып қана қоймай, одан алған әсерлерін өмір бойы қолдана алуы керек.

Мектеп бағдарламасы бойынша қазіргі оқу мазмұнында жазушы М.Әуезовтің шығармалары 7 сыныпта «Көксерек» әңгімесі, 11 сыныпта «Абай жолы» роман-эпопеясы беріледі. Басқа сыныптарда жазушы шығармалары берілмеген. Өз тәжірибеме тоқталатын болсам, «Көксерек» әңгімесін оқытуда алдымен шығарма мазмұнымен таныса отыра, көркем фильммен салыстыруды тапсырамын. Оқушының тыңдау, қабылдау қабілетіне қарай, кей оқушылар кітаптан оқығанда ұқса, кей оқушылар көзбен көргенді ұғады. Осы тұста барлық оқушының әңгіме мазмұнымен бірден танысуын басшылыққа алып отырмын. Шығарма мазмұнымен танысқан соң, оқу мақсаттарына сәйкес тапсырмалар орындалады. «7.1.1.1 әдеби шығарма сюжетінің құрамдас бөлшектерін талдау» мақсатында «Сатылай кешенді оқыту технологиясы бойынша композициялық талдау жасаттым. «7.1.2.1 әдеби шығармадағы тұлғалық болмысты гуманистік тұрғыдан талдау» мақсатын жүзеге асыруда «Балық қаңқасы» әдісі арқылы талдау жасата отыра, бекту кезеңінде «Попс формуласы» әдісімен қорытындылады. «7.1.3.1 көркем шығармадағы кейіпкерлердің типтерін жасалу тәсілдері тұрғысынан анықтау» мақсатындағы сабақты жоспарлауда «Венн диаграммасы», «Кейіпкерлер кластері» әдістерін таңдадым. «7.1.4.1 көркем шығармадағы кейіпкер бейнесін ашып, үзінділерді жатқа айту» мақсатында әңгіме сюжеттеріне көрініс көрсету арқылы мақсатты жүзеге асыра алдым. Бұл тұста оқу мақсатын жүзеге асырудың ең негізгі бөлігіне ғана тоқталып отырмын. Бұл – оқушыны ізденіске баулып, білімді өз ынтасы, өз еңбек – ізденістері арқылы қалыптастыруға жетелейді.

Бүгінгі таңда оқушыларға кітап оқыту, қолына кітап ұстату көкейкесті мәселе болып отыр. Егер бір адам кітап оқымаса, бұл оның өз қасіреті, ал миллиондаған адамдар кітап оқымаса, тұтас бір ұлттың қасіреті. Ақпараттың қарқынды дамуы жас ұрпаққа кітап оқытуына тежеу қойып келеді. Бұл тұста Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев: «Кітап оқу – рухани кемелденудің көзі. Қазіргі уақыт – секунд сайын жаңарған ақпарат заманы. Алтын уақытымызды пайдалы істерге жұмсағанымыз жөн», – деп әр тұлға оқуға тиіс деп санайтын отыз таңдаулы кітаптың тізімін ұсынған болатын. Қазір осы бағытта Оқу-ағарту министрлігі «Оқуға құштар мектеп» жобасын жүзеге асыруда. Аталмыш жоба негізінде былтырғы оқу жылынан бастап мектепте «Ашық аспан аясында кітап оқу» жобасынның авторы негізінде жүзеге асырып келемін. Негізгі ойымыз – Оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылықтарын қалыптастыру, оқу сауаттылығын арттыру, көпшілік алдында өз ойын еркін жеткізуге, тіл байлығын арттыруға ықпал ету. Мектебіміз ұлы жазушы атауында болғандықтан, басты ерекшелік осы жоба аясында жазушының шығармаларын оқуға арнадық.

**Жоба мақсаты:** Мұхтар Әуезовтің құнды туындыларын оқу арқылы оқу мәдениетін қолдау. Кітап оқуды әдетке айналдыру арқылы білім көкжиегін кеңейту.

**Күтілетін нәтиже:**

1. Оқушылардың оқу дағдысын, оқу сауаттылығын қалыптасады. Оқушылар шығарманың маңызын зерттейді, оқи отырып қиялдайды, қажетті дағдыларды күнделікті өмірде қолданады, шығармашылық жұмыс жасауға дағдыланады.

2. Оқыған кітаптарынан алған әсерлерімен көпшілік алдында бөліседі, оқырмандарды шабыттандырады.

«Кітап оқитын бала бүгін – табысты оқушы, ал ертең – қалыптасқан тұлға» дейтін болсақ, оушыны кітап оқуға бағыттау әр мұғалімнің міндеті болмақ. Мектебіміз рухани құндылыққа негізделген білім беру миссиясын ұстана отыра, ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтің мұрасын білім мен тәрбие саласымен байланыстыра жүргізуді жүзеге асырып келеді. Осы жоба аясында 2-11 сыныптарға әр тоқсан сайын М.Әуезовтің шығармалары жас ерекшелігіне сай бөлініп берілді. Оқушыларға әңгімені сыныптан тыс уақытта оқытамыз. Оқылған шығармалар бойынша түрлі іс-шаралар ұйымдастырылып отырды. М.Әуезовтің көркем шығармаларын жатқа оқу байқауы және «Оқимыз, зерттейміз!» атты ғылымға баулу мақсатындағы байқау өткізілді. Әр тоқсан сайын «Бәріміз кітап оқимыз!» сынып сағаты өткізіледі. Мектеп кітапханасында «Кел, балалар, оқылық!» атты күн сайын 20 минуттық оқу сағаты кесте бойынша жүргізіліп отырады. Әр тоқсан сайын «Оқимыз, ой толғаймыз!» атты әңгіме, эссе, өлең, сурет салу сияқты шығармашылық байқауы өткізіліп отырады. Өткізілген іс-шаралар негізінде «Оқырман клубы» мүшелерімен апта сайын кездесіп, талқылау жұмыстарын жүргізіп отырамыз.

Қорыта айтқанда, оқушы бойында халықтың салт-дәстүрін қадірлейтін, елін сүйетін жан-жақты жетілген, саналы намысқор патриот тұлға қалыптастыруда М.Әуезов шығармаларының ықпалы зор. Шынай өмірді дәл сол қалпында түсірген ұлы жазушының қай әңгімесін, повесін, романын оқысаң да, еш жалықпайтын, қазақтың жалпақ тілімен әсерлі жазылған нағыз өмірді көре аласың. «Мен бір күншіл емес, менікі ертеңгі үшін» деп белгілі ғалым А.Байтұрсынов айтқандай, бүгінгі таңда оқушы бойына ұлылар қасиетін сіңіру, шығармаларын бүгінгі күн талабымен оқытсақ, Әуезовтей зиялыларымыздың армандарының іске асқаны деп білу шарт. Әуезов сөзімен айтқанда, «Іздессең – табарсың, алыссаң – аларсың». Ұлы жазушының мол мұрасын ұлықтар ұрпақтарымыз көбейе берсін демекпін.

**Пайдаланған әдебиеттер:**

1. Бітібаева Қ. М.Әуезов туындыларын мектепте оқыту. – Алматы: Мектеп, 2002.

2. «Қазақ әдебиеті» энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: «Аруна Ltd» ЖШС, 2005

3. Мұхтар Әуезов энциклопедиясы. Алматы: «Аамұра», 2011

4.Тренерге арналған нұсқаулық, үшінші деңгей. «Назарбаев зияткерлік мектебі» ДББҰ, 2012

5.Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. Алматы: «Дәуір», «Жібек жолы», 2014.

**Қазбекова Жанар Жұмадилдақызы,  
№62 мектеп-лицейінің  
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі**

### **М.ӘУЕЗОВ ШЫҒАРМАЛАРЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ЖЕТІЛДІРУ**

Мұхтар Әуезов – қазақ әдебиетінің классигі, 20 ғасырдағы қазақ халқының ұлттық ой – санасының, сөз өнерінің, көркем прозасының асқар биігі. Мұхтар Әуезов Омарханұлы – жазушы, абайтанушы, драматург, публицист, әдебиеттанушы, аудармашы, қоғам қайраткері, академик. Ол Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданындағы Бөрілі ауылында 1897 жылы 28 қыркүйекте дүниеге келген. Әуезов атасы да, Омархан әкесі де сауатты адамдар болған. Оның балалық шағы көшпенді ауылда өтті. Оның бала жастан байқағаны, алған әсерлері қазақ қоғамына тән әлеуметтік, отбасы салт - ғұрпы бар ауыл өмірімен тығыз байланысты болды. Бұл жылдары жазушы әдет – салттарды берік ұстанған ескі ауыл өміріне жақсы қанықты. Болашақ жазушы ұлы Абай өз шығармаларында сонша терең әрі жан – жақты суреттеген сол кездегі қазақ қоғамының өзіндік сипаты мол, қайшылыққа толы өмір –тұрмысын көзімен көрді. Сол жылдарда байқаған, танып - білген жәйіттерінің көбісі кейін оның шығармаларынан көрініс тапты. Қазақ сахарасындағы көзі ашық, алдыңғы қатарлы адамдар мәдениетке, білімге ұмтылатын.

Жас Мұхтар Семей қаласында медресе, онан соң 5 сыныптық орыс мектебінде, ал 1915-1919 ж. Мұғалімдер семинариясында оқып, білім алады. Ол осы кезде қазақтың жыршы, жырау ақындарының өлең-жырларымен, сондай-ақ орыс жазушыларының шығармаларымен де таныса бастайды. 1917 ж. Семинарияда оқып жүрген кезінде, халық аңызы бойынша Шәкәрім Құдайбердіұлының «Жолсыз жаза» поэмасының негізінде «Еңлік-Кебек» пьесасын жазып, оны Ойқұдық деген жерде Әйгерімнің үйінде сахналайды. Бұл қазақ ұлттық драмасының қарлығашы еді. Кейін жазушының жаңартуы, жетілдіруі нәтижесінде, пьеса қазақ драма театрының сахнасынан құрметті орын алады.[9] Пьеса екі жас – Еңлік пен Кебектің бір-біріне деген шексіз махаббатын баяндайды. Алайда феодалдық қоғамның салт-ғұрыптары мен қағидалары, ескілікті жақтаушы күштер олардың жолында асу берместей болып, кесе-көлденең тұрады. Өз тағдырларын өздері шешкісі кеген Еңлік пен Кебекті өлім жазасына кеседі. Семей, Орынборда әр түрлі қызмет жасай жүріп, Алаш партиясының көсемі Жүсіпбек Аймауытовпен 1918 ж. «Абай» журналын шығарады. 1921 ж. «Қорғансыздың күні» деген алғашқы әңгімесі жарияланады. Жазушының «Оқыған азамат», «Қыр суреттері», «Кім кінәлі?», «Ескілік көлеңкесінде», «Жетім», «Қыр әңгімелері», «Қаралы сұлу» әңгімелері жазушының ауыл өмірін, елдің тұрмыс-жайын, әдет-ғұрпын жетік білетіні айқын танылады. «Қыр суреттері» аталған үш әңгімеде шынайы қыл-қалам шеберінің қолымен салынғандай бедерлі сурет бар. Бірақ бұл суреттер

– қимыл-қозғалысқа толы жанды суреттер.[15] Бірінші сурет: жаздың бір жайлы кезіндегі ауыл өмірінің сырт көрінісі. Екінші сурет: ақтүтек болып, ұйытқып соққан боранның ызғары кішкене үйдің іргесінен өтіп, долы жердің ысқырығы естіліп тұрғандай. Үшінші сурет: ауыл тұрмысы жайлы сыр шертеді.

Мұхтар Әуезов шығармалары арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға болады. Функционалдық сауаттылық – бұл оқушының оқу мен жазу дағдыларын пайдалану қабілеті (шығарма мәтінімен тапсырмалар орындау, кері байланыс жасау), яғни бұл оқушыға шығарма бойынша жұмыс жасауға, сыртқы ортамен қарым-қатынас жасауға мүмкіндік беретін сауаттылық деңгейі. Мақсаты: балаларды жазушы шығармаларын оқуға үйрету, оны жүйелі оқуға дайындау, оқуға деген қызығушылығын артыру және оқу техникасын, сондай-ақ оқылған, шығарманы білетін, оларды өз бетінше таңдай алатын сауатты оқырманды қалыптастыру негіздерін қалау. Міндеттері: шығарма мазмұнын ашу, жалпы мазмұнын (қарау, сюжетті талдау, жаңғырту және қайта баяндау) қалыптасатын өзіндік мағынасын ашу жолдарын көрсету.

Осы тұрғыда 11-сынып қазақ әдебиеті оқулығының «Ғасырлық туынды» бөлімі халқымыздың біртуар ұлы, заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің «Абай жолы» роман эпопеясына арналады.[3] Романда гуманист, ойшыл ақын Абай мен оның айналасындағы адамдар арқылы қазақ халқының белгілі бір дәуірі көз алдымыздан өтеді. Халқымыздың салт-дәстүрі, тұрмыстық-әлеуметтік жағдайы, қоғамдық өмірі жан-жақты суреттеледі. Абайдың идеал тұлға, жоғары интеллектуалды көркем образы романда барлық қырынан ашылған. Абай бейнесі арқылы әлем қазақты таниды. Қазақтың тарихы мен мәдениетін, әдебиетін түсінеді. Абай жолы (бірінші кітап)

1. М. Әуезов « Абай жолы » роман – эпопеясының жазылу тарихы , жанрлық ерекшелігі, тақырыбы мен негізгі ойы туралы қосымша деректерге сілтеме жасай отырып, әңгімеле.
2. 1) Топпен бірге «Шығарманы талдау» кестесін толтырып , шәкірт Абайдың Бейнесіне талдау жасаңдар.

Тарау	Оқиға	Кейіпкерлер	Абайдың іс-әрекеті
«Қайтқанда»			

- 2) Үзіндіні негізге ала отырып, «Жазушы тілінің сөздігін» құрастыр.

Тілдік ерекшеліктер	Үзініден мысалдар
Табу	
Көнерген сөздер	
Кірме сөздер	
Пейзаждық көріністер	

- 3) Қыдырбай мен Абайдың диалогін рөлге бөліп оқыңдар. Жазушының Абай бейнесін сомдаудағы шеберлігі туралы жұппен бірге талқылап, кестені толтырыңдар.

Үзіндіден мысал	Абайды қандай қырынан таныдым?
<p>-Көне, бірдеме айтқалы отырсың ғой. Ұялма, айт!  -Ендеше, Қадеке! «Әкесі құрдастың баласы құрдас» дейді ғой. Оған айтсам, ғафу етіңіз! Бірақ аса бір көңілі керең кісі болмаса, өлеңді сүймейтін жан бола ма? Менің әкемнің де сүйетін өлеңі болар. Жалғыз-ақ сіздің есіңізде қалғаны, әлгі бір «Шұбарым, арғымағым, кер маралым, өз заңынша бөлкендік жандаралым!» деген өлеңді жақтырмай, сынап сөйлеген сөзі болмаса!</p>	

Мұндай тапсырманы оқушылар бар ынтасымен орындайды. Мұндағы ең басты мақсат:

1. Оқушылар қосымша тапсырмаларды орындауда өз бетінше ізденеді.  
2. Оқушылар әртүрлі шығармаларды, басылым мен анықтамаларды қарайды, олармен өздігімен жұмыс істеуді үйренеді. Баланың пәнге деген қызығушылығын арттырады. Сыныптағы барлық оқушы жұмыспен қамтамасыз етіледі. Оқушы белсенділігін оятады. Оқушы өз білімінің деңгейінде жұмыс жасайды.[24] Жазушы шығармалары арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын жетілдіру, оқушыны өз бетімен жұмыс жасауда тиянақтылыққа, ұстамдылыққа тәрбиеленеді және жауапкершілігі артады. Жазушы шығармаларын оқытуда оқушы бойында сан-салалы, күрделі мәселелерге терең бойлауға бастайтын, күнделікті тұрмыста кездесетін дағдылар арқылы баланың жан дүниесіне әсер ететін білім мен тәрбиенің алғашқы баспалдағы – функционалдық сауаттылық. Жазушы шығармасы арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын артрудың негізгі міндеті – жеке тұлғаны дамытып, білімге деген сенімін нығайту, іскерлігі мен дүниетанымын қалыптастыру, оқуға деген қызығушылығын оятып, ынтасын арттыру болып табылады. Осы міндеттерді жүзеге асыратын басты тұлға – ол ұстаз. Психолог Л.С. Выготскийдің айтуынша «Бала дамуының ең шарықтау шегі – бұл тіл мен ойдың шығармашылығы». Шығарманы оқыту мен дамыту әдістерінің екеуі де жеке тұлғаның қалыптасуына ықпал ететін маңызды айғақтар болып саналады. Әсіресе, жаңаша жайлардың алдымызда жазушы шығармаларын оқи отырып, әдебиетке жаңаша көзқарас тұрғысынан айтылған тың пікірлер, тартымды, құнды ой-түйіндер кәдеге асатынына сенеміз. Жарияланып жатқан еңбектерге, мақала, зерттеулерге зер салғанда, жазушының ұлылығы, оның дара тұлғасының ірілігі, рухы мен жігерінің қуаттылығы – бәрі ең алдымен биік деңгейде шығармаларынан анық танылады. Шығарманы оқып – түсіну мен талдап – зерттеуде жазушының ой тереңіне бойлау мүмкіндігі шексіз екеніне көзің жетеді. Халық даналығынан нәр алған, өмір өзенінің тұнығынан суарылған тағылымы мол, тартымды шығармалары қайталап оқыған сайын рухани дүниемізді байытып, баға жетпес жан азығы бола бермек.

Функционалдық сауаттылық оқушының танымдық, шығармашылық қабілетін дамыта оқыту, олардың пәнге қызығушылығын, арттырып, ынтасын дамыта түседі. «Сабақ беру үйреншікті жай шеберлік емес, ол – үнемі жаңадан жаңаны табатын өнер», - деп Ж.Аймауытов айтқандай, бүгінгі күннің мұғалімі шығармашыл адам болу керек. [4]

**Пайдалынған әдебиеттер:**

1. Мұхтар Әуезов энциклопедиясы .- Алматы, 2011 ж. – 9-б.
2. Самехова А. Оқушылардың шығармашылығын дамыту// Ғылыми әдістемелік журнал. – 2009 ж. - № 9 – 15-б.
3. Қазақ тілі мен әдебиет журналы. – 2015 ж. --№ 6 – 24-б.
4. [www.okylyk.kz](http://www.okylyk.kz) /А.С.Ақтанова/Қазақ әдебиеті кітабы/11-сынып/ Жаратылыстану бағыты/

**Атеева Аида Зейноллаевна,  
Мұстафа Шоқай атындағы № 51 мектеп-гимназиясының  
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі**

## **М.ӘУЕЗОВ ШЫҒАРМАЛАРЫН ЗАМНАУИ ТАЛАПТАРҒА САЙ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ**

Қазақтың ұлы жазушысы М.Әуезовтің “...Бұл дәуірде өз тілін, әдебиетін білмеген, қадірлемеген адам толық мәнді интеллигент емес. Әр адамның ең жақын досы – кітап болғанда, сол нәрлі достық ең әуелі әдебиет кітабымен достасудан басталады” деген сөзінің өзі әдебиеттің адам өмірінен алатын орны зор екендігіне дәлел. Әдебиет – сөз өнері, адамтану құралы. Ол – адамды нағыз азамат ететін, оның рухын шыңдайтын, жанына қолбасшы болатын ерекше ғылым, әрі ғажайып өнер. Әдебиетті оқыту көркем шығарманы оқудан басталады. Оқушыға көркем туындыны оқытпай, әдебиеттен білім беру қиын үдеріс. Оқушы шығарманы жай оқып шықпай, одан алған әсерін өмірлік жолында пайдалана алуы шарт.

Әдебиетті меңгертудегі мұғалімнің басты мақсаты жазушының шығармасын оқыту арқылы ұлттық құндылықтарымызды игерту, рухани азық алуына түрткі болу. Оқушы бойында халықтың салт-дәстүрін қадірлейтін, елін сүйетін жан-жақты жетілген, саналы намысшыл, патриот тұлға қалыптастыруда М.Әуезов шығармаларының ықпалы зор. Шынайы өмірді дәл сол қалпында түсірген ұлы жазушының қай әңгімесін, повесін, романын оқысаң да, еш жалықпайтын, қазақтың жалпақ тілімен әсерлі жазылған нағыз өмірді көре аласың. Олар әлем таныған «Абай жолынан» бастап, «Қараш-қараш оқиғасы», «Көксерек», «Жетім», «Оқыған азамат», «Қыр суреттері», «Үйлену», «Сөніп-жану», «Кім кінәлі?», «Ескілік көлеңкесінде» т.б. шығармалары.

Әдебиет пәні бойынша мектеп оқу бағдарламасында жазушы М.Әуезовтің шағын жанрдағы әңгімелерін оқытудан басталады. Әңгіме – көркем прозаның ең ықшамды түрі. Оның қиындығы да сол ықшамдылығында, суреткер аз сөзге көп терең мағына сыйғызып, негізінен бір оқиғаны баяндау арқылы мол өмір шындығын ашып береді. Жазушының шығармасын заманауи талапқа сай оқыту – ұстаздың міндеті. Баяндамада М. Әуезовтің «Көксерек» әңгімесін оқытуда заманауи талаптарға сай оқытудың бірнеше әдіс-тәсілдеріне тоқталмақшымын. «Көксерек» әңгімесінде сөз жоқ, оқушыларды ең алдымен оның оқиға желісі қызықтырады. Автор осы әңгімесінде адамдар әлемі мен қасқырлар әлемін қатар алып, адамдардың сол қасқырлардан да қатал екенін көрсетуі – әңгіменің басты мәселесі. Көксеректі жауыздыққа итермелеген де сол адамдардан көрген жәбірі.

Жалпы шығармалардағы басты проблеманы оқушыға ұғындыруда мұғалім – әңгіме төңірегіндегі проблемаға жетелеуші, ал оқушы – өз ой елегінен өткізе отыра соның шешуін табушы рөлін атқаруы тиіс. Шығармада



көтерілген өмірлік мәселені құндылығы мен заманауилығы тұрғысынан талдау арқылы оқушы шығарма идеясына өзіндік көзқарасын білдіреді. Сонымен қоса «шығармада көтерілген өмірлік мәселе қаншалықты құнды, осы мәселе заман талабына сай келе ме? Шығарма идеясы оқырманның бойында қандай құндылықтардың қалыптасуына әкеледі?» деген сұрақтарға жауап іздейді. Шығармада көтерілген өмірлік мәселенің құндылығы мен заманауилығын талдау үшін проблемалық оқытудың маңыздылығы айрықша. Проблемалық оқыту – мәні проблемалық ситуация туғызу мен оқушылардың оқу проблемасын дербес шешулері бойынша іс-әрекеттерін басқару болып табылатын оқыту түрі. Проблемалық оқытудың ерекшелігі - мұнда мұғалім білімді дайын түрде баяндап бермейді, оқушылардың алдына проблемалық міндет қояды. Шешімді және шешу құралдарын оқушы өзі іздестіруі тиіс.[1]

7 сынып оқу бағдарламасында М.Әуезовтың «Көксерек» әңгімесін оқытамыз. Әңгіме желісі бойынша «Адам және табиғат» тақырыбын оқытуда «Журналистік сауал», «Фишбоун», «SWOT талдау», «Жетекші сұрақтар», «Дастарқан» атты әдістерін тиімді қолдануға болады. Аталған әдістер негізінде оқушылар шығармадағы өмірлік мәселенің шешу жолдарын көрсетіп қана қоймай, құндылықтар төңірегінде түрлі жұмыстарды жүргізеді.

**«Журналистік сауалдар» әдісі.** Оқушы авторға әңгімеде көтерілген негізгі мәселе төңірегінде сұрақтар әзірлейді. Сұрақ қоюда шығармадағы кейіпкерлердің бейнесі, іс-әрекеті туралы көзқарастары, адам мен табиғат арасындағы байланыс сөз етіледі. Бір оқушы ұсынылған сұрақты аяқтаса, екінші оқушы автор ретінде жауап береді.

#### **Оқушы сұрақтары:**

Сіздің бұлай ойлауыңызға... ?

Егер мен сізді дұрыс түсінсем... ?

Сіздің сондағы айтпағыңыз... ?

Біздің болжамымыз бойынша ..? Автор жауабы:..

Шығармада көтерілген өмірлік мәселенің құндылығын талдау үшін «SWOT талдау», «Фишбоун» стратегияларының да маңызы зор. Оқушылар өз беттерімен әрекеттеніп, проблеманың шешу жолдарын іздестіреді, ойлау қабілеттерін дамыта отырып, бірлесе жұмыс жасайды.


**«SWOT талдау» әдісі.** Бұл әдістің тиімділігі оқушылар әңгімедегі көтерілген мәселені бірлесіп талдайды. Адамдар мен көк бөрінің іс - әрекеттерін саралай отырып, адамзаттың табиғатпен психологиялық тепе-теңдікті сақтау керектігін түсіндіреді. Қасқырдың тағылық жолға түсу жолдарын суреттеудегі жазушының шеберлігін танып, аң мен адам арасындағы тартысын суреттеуі арқылы тіршілік үшін күрестің өте күрделі де қиын әрекет екенін дәлелдейді. Әңгімеден түйген ойларын ортаға салып, пікір алмасады.

**«Фишбоун» әдісі.** «Көксерек» әңгімесі қалай аяқталушы еді? Қалай ойлайсындар, кемпір қарғысымен әңгімені аяқтауына не себеп? Жазушы неге үндейді?«Көксерек» әңгімесінен үзіндіні оқи отырып, негізгі мәселені

көрсетіп талдау жасаңыз. Ол үшін балық кескіндемесіндегі мына бейнені қолданыңыз, талдау барысында арнайы реттілікті сақтаңыз.

- Негізгі проблеманы анықтаңыз.
- Оны қалыптастырған себептерді табыңыз.
- Айғақтар мен дәлелдерді келтіріңіз.
- Қорытынды ұсыныс жасаңыз.

Бұл ізденістеріңізді балық кескіндемесіне түсіріңіз



**«Бұрыштар» стратегиясы.** «Бұрыштар» стратегиясы оқушылардың бірігіп жұмыс жасап, ақпарат алмасуына, ой бөлісуіне, идеяның түрленуіне қозғаушы күш болатын маңызды жұмыс түрі болып табылады.

1 – қадам: оқушыларды 4 топқа бөліңіз, топтардың қызметін түсіндіріңіз, 1-топ «Келісемін», 2 – топ «Келіспеймін», 3 – топ «Толық келісемін», 4 – топ «Толық келіспеймін», яғни топтар осы көзқарасты қорғап шығуы тиіс.

2 – қадам: Оқушыларға түрткі болу үшін автордың идеясы ұсынылады.

«Қасқырды қанша асырасаң да, орманға қарап ұлиды»

«Қасқыр да қас қылмайды жолдасына»

3-қадам: Бөлінген топ мүшелері топ атына сай өз көзқарастарын қорғау үшін әзірленетін мәліметті дайындау үшін уақыт береді. (3 аргумент жеткілікті)

4-қадам: Әр топ әр аргументті оқып болған соң, барлық топ мүшелері қайтадан таңдау жасайды. Олар келіссе «Келісемін», келіспесе «Келіспеймін», толық келіссе «Толық келісемін», толық келіспесе «Толық келіспеймін» делінетін көзқарас қорғалған топқа, орынға барып, топ мүшелерінің санын көбейтсе, сол топ «Жеңімпаз» атанады.

Шығарма оқиғасының оқырманға әсерін талдау және баға беру үшін және оқырман бойында құндылықтар қалыптастыру үшін «INSERT» әдісі аса қолайлы. Бұл әдіс – оқығанын саналы түсінуге, өз ойын басшылыққа алуға, ойын білдіруге үйрететін ұтымды әдіс. Оқушылар білгендерін анықтап, білмейтіндерін сұрауға әзірленеді. Бұл әрекет арқылы жаңаны түсіну үшін бұрынғы білетіндерімен жаңа материалды байланыстыруға дағдыланады. [1]

**«INSERT» әдісі.** *Түз тағысы қасқыр неліктен адамға үйреніспейді? Жыртқыш аң мен адамның арасында достық болады ма? Адам табиғатты бағындыра алады ма?*

Сұраққа төмендегі кестенің бөліктері негізінде жауап беріңіз.

V	білгеніме	<->	білгеніме	<+>	мен үшін	<?>	мені
сәйкес			сәйкес келмейді	жаңа			таңқалдырды,

			зерттегім келеді.

Ал «Екі жақты түсіндірме күнделігі» стратегиясы тиісті құндылықты танып, оның әсер ету себебін түсіндіруде елеулі рөл атқарады. Оқушы бұл тұрғыда өз-өзіне есеп беріп, тұжырымды ойлар айтады.

*Көксерек Құрмаштан гөрі ақ қасқырмен неге тез бауырласты? Қасқырлар іс-әрекеті мен адамдар іс-әрекетінде ұқсастық бар ма? Қайсысы қаталырақ? Көксеректің тағдыры немен аяқталды?*

Мәтіннен оқушы өзіне қатты әсер еткен тұстарды немесе үзінділерді таңдап алып, дәптер бетін екіге бөліп сызады да, сызықтың оң жақ бетіне жазады. Келесі сол жақ бетіне не себепті әсер еткенін жазады.

Маған әсер еткені ... мені таңқалдырды...	себебі

**«Пікірталасқа негізделген әңгіме» стратегиясы.** Екі топ жеребе арқылы осы жауаптарды таңдап, өз көзқарастарын білдіреді./ оқушылар осылай жауап беруі мүмкін/

«Иә»

«Жоқ»

*Қасқырлар іс-әрекеті мен адамдар іс-әрекетінде ұқсастық бар ма? Қайсысы қаталырақ?*

«Иә»,

«Жоқ»

Мұнда да екі топ жеребе арқылы осы жауаптарды таңдап, өз көзқарастарын білдіреді. Таңдалған көзқарас бойынша ойын жеткізеді. Аргументке сай пікірін білдіреді.

«Шығармадағы материалдық және рухани құндылықтарды заманауи тұрғыда салыстырып, жаңашылдығына баға беру» оқу мақсаты бойынша «Дастарқан» әдісін қолдану тиімдірек. Бұл әдісті қолдану арқылы топтық жұмыстарда шығармада көтерілген өмірлік мәселені табады, негізгі мәселенің құндылығын анықтайды және заманауилығы тұрғысынан талдайды. Автор көтерген мәселе арқылы шығармадағы құндылық түрлерінің басымдылығын салыстырады. Ойлау дағдыларының жоғарғы сатысы бағалау және салыстыру деңгейлеріне сәйкес тапсырмалар орындайды. [1]

**«Дастарқан» стратегиясы.**

1-қадам.Топ оқушыларына төрт бөлікке бөлінген А-3 парағы таратылады. Парақтың ортасына әр топ шығармадағы ең маңызды деген 2 проблеманы жазады. Негізгі мәселеден туындайтын құндылықтарды анықтап, түрлерін ажыратады.

2-қадам.Топтар сағат тілімен парақтарын алмастырып, проблеманың шешу жолдарын ұсынады. Құндылықтардың дұрыстығын бағалайды.

3-қадам. Аталған құндылықтардың қазіргі таңдағы маңыздылығына 1 дәлел келтіреді және шығарманың жаңашылдығына 2-3 сөйлеммен баға береді.

Топтық бірлескен жұмысты осы бағалау критерийлері бойынша бағалауға болады.

Бағалау критерий	Дескрипторы
Шығармада көтерілген өмірлік мәселенің құндылығын заманауилығы тұрғысынан талдайды.	Шығармада көтерілген негізгі 2 мәселені анықтай алады;
	Мәселенің шешу жолын ұсынады;
	Мәселеден туындайтын құндылықтарды сараптай алады;
Шығармадағы негізгі мәселе арқылы көрінетін құндылық түрлерінің басымдылығын салыстырады.	Құндылықтардың қазіргі таңдағы маңыздылығына 1 дәлел келтіреді және шығарманың жаңашылдығына 2-3 сөйлеммен баға береді.

Шығармадағы негізгі мәселелер:

1. Құрмаштың көксерекке бауыр басуы.
2. Көксеректің ауыл малдарын қыруы.
3. Көксеректің ауылға ұзақ уақыт келмеуі.
4. Көксеректің тұз тағысына айналуы.
5. Көксеректің өлімі.

Мәселені шешу жолы:

1. Тұз тағысы – жыртқыш аңға қиянат жасауға болмайды.

Негізгі мәселе: 1-мәселеден туындайтын рухани құндылық: Табиғат-қоршаған орта. Табиғат халық қазынасы. Табиғат – Алланың адамға тартқан сыйы. Адам-ең саналы тіршілік иесі.

2. Табиғатқа қиянат жасамау. 2- мәселеден туындайтын рухани құндылық: Қасқыр – табиғаттың бір бөлшегі. Табиғаттағы барлық тіршілік иелерінің өмір сүру құқы бар. Табиғатты қорғау керек. Әрбір табиғат перзенті өмір сүруге құқылы.

Құндылықтардың қазіргі таңдағы маңызы өте зор, мысалы киелі аң киікті атқан адамдар (браконьерлер) тағдыры қайғымен аяқталып жатады. Қазақстан ормандарында қасқырлардың саны да көп емес. Ол да табиғаттың бір бөлшегі. Жазықсыз, еш себепсіз жыртқыш аңдарды атуға болмайды.

Шығарманың жаңашылдығы: автор оқырманына табиғатты қорғау, әрбір табиғат перзенті өмір сүруге құқылы екенін жеткізді. Табиғаттағы байланыс үйлесімде болу керек екендігін, адамдар табиғаттың заңдылығын бұзса, апатқа әкелетіндігін ұғындырды.

Шығарманың рухани құндылығы: Әңгіме кемпірдің қарғысымен аяқталады. Бұл кемпір қарғысы – автор Әуезовтің озбырлыққа, жауыздыққа, каталдыққа деген қарғысы. Жазушы жер бетіндегі адамдарды татулыққа, бір – бірін, өзін сыйлауға, құрметтеуге үндейді.

«Табиғат – Ана!

Табиғаттың сырын танып білейік,

Табиғаттың тілін ұғып көрейік.

Тыныштығын сақтап өмір-өзеннің,

Ізгіліктің шамын жағып жүрелік!», - деп Ш. Айтматов жырлағандай, адам рухани дүниесін сыртқы табиғат құбылысын тану арқылы қалыптастырады.

Әр оқытушы сабақ үдерісінде оқушыларға сапалы білім беру үшін оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін ақпараттық-коммуникациялық технологияны қолдана отырып білім берсе, оқушылардың көркем шығарма оқуға деген қызығушылығы арта түсері анық. Ақпараттық-коммуникациялық технологияны дамыту – білім берудің бір бөлігі. Жоғарыда көрсетілген әдіс-тәсілдерді заманауи білім берудегі жаңа платформа - «Thinglink» электронды параққа жинақтап, қолдануға болады. Бұл платформаның ерекшелігі оқытудағы әдіс -тәсілдерді жүйелі қолдануға қолайлы электронды көрнекілік. Мұғалімнің терең әдеби білімі, кең ой-өрісі, көркем туындыны объективті түрде бар бітім-болмысымен қабылдай білуі де шығарманы талдауға әсер етеді. Кейіпкерлерге мінездеме беру, олардың іс-әрекеттерін салыстыру, әңгімедегі ерекше ұнаған эпизодтармен жұмыстар жүргізу, т.б. жұмыс түрлері оқушыларды шығармашыл тұлға ретінде қалыптастырады. Жазушының шығармаларын оқытуда оқушының жас ерекшелігіне назар аудара отырып, әр әдіс-тәсілді орынды әрі жүйелі қолдану – ұстаздар алдындағы маңызды міндет.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

- 1.Оқыту мен оқудың белсенді әдіс-тәсілдері, Астана ДББҰ НЗМ, 2013 жыл.
- 2.Керімбекова Б., Қуанышбаева Ә. Қазақ әдебиеті. Жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Мектеп, 2017 жыл.

## **ӘДЕБИЕТ ӘЛЕМІНДЕГІ М. ӘУЕЗОВ ҚАЛДЫРҒАН ТАҒЫЛЫМДЫ ЖОЛ**

XIX ғасырдағы ұлтты ағарту ісі өрістей түсіп, XX ғасырда қазақ халқы сауаттана бастады да, қазақ әдебиеті өркендей түсті. Орыстың отарына шыдамаған халықтың атынан неше түрлі шығармалар мен повестер, романдар жарық көре бастады. Мұндай шығармалар ең алдымен заманның сұм екенін көрерменге жеткізуімен ерекшеленді.[1] XX ғасыр поэзиясына өлшеусіз үлес қосып, ұйқастар мен өлеңнің жаңа түрін мұраға қалдырып кетті. Ал, көркем сөз жазған прозашылар көрерменге жаңа бағыттағы шығармаларды ұсынды. Осындай XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті тарландарының бірі – Мұхтар Омарханұлы Әуезов болды. Жаңадан өріс алған қазақ прозасының дамуына себепші болған оның шығармалары мен мақалалары бүгінгі таңда да өзектілігін жойған емес. Осы тұста бірер сұрақтың туындауы заңдылық: «Әуезовтің әлем әдебиеті мен қазақ әдебиетіне сіңірген еңбектері қандай? Ондағы жалпыадамзаттық құндылықтар қалай көрініс тапқан?»

Әуезов – тіл жанашыры. Оның тіл тазалығы мен тіліміздегі термин сөздері мен сөздік қорына баса назар аударуында да себеп бар. Патшалық Ресей үкіметі халқымызды тілінен айырмақ болғанда ел жанашырлары өздерінің әдеби мұраларымен бұл құйтырқы мақсатқа жол бермеді. Әуезов те қазақ тілін дамытып, кемеліне жеткізу үшін бірнеше мақала жазған. Соның бірі – «Қайсысын қолданамыз?» мақаласы. Қазақтың ғылымға ден қою керектігін айта келіп қазақ тілінің өзі ғылым үшін таяздық ететінін жеткізеді. Тіпті, қазақ тілі ғана емес, қай тілді алсаңыз да, ғылымға келгенде сөзі жетпей, өзге халықтан сөз ұрлап, тіл тазалығына нұқсан келтіріп жатқаны. Бұл мәселе – ғылыммен айналыспақ болған талапкерге ауыр жүк, шешілуі қиын проблема. Аталған мақалада Әуезов бірнеше мәселенің шешімін таппаққа бекінген: қазақ терминологиясының дамымағаны әрі қазақ тілінің ғылыми терминдерге жете бермейтінін жазған. Әрі ғылымның қазақша дамуы бірнеше қиындықтар әкеліп, тілді өзгертуге мәжбүр болатынымыз да сөз болған. Осындай ірі мәселені ол кейіннен «Ғылым тілі» мақаласында өрбіте баяндаған. «Абай» газетінде жарық көрген бұл мақалада оқу-білімнің екі бағытта өрбіп жатқанына тоқталған: мұсылманша оқыған қазақтар ғылым тілі деп шығыс елдерін есептесе, орысша сауат ашқандар ғылымның қайнар көзі деп батыс жақты санайды. Бірінші мақалада осы екі бағыттың бірін ұстанып, ғылым тілін соған қарай беттеу керек екенін айтса, екінші мақалада екі бағыттың қайсысын таңдағаны жазылған. Мәселенің өзектілігін тани білген Әуезов екі бағытқа қарай тартатындай ғылым тілін мал терісі емес деп есептейді. Сол үшін қазақ оқуына қандай бағыт енгізбес бұрын, салдарын болжай білуді жөн деп санаған. Яғни, қазақ тілінің сөздік қорының

калыптасып, жұрт арасында қолданысқа енгізілуіне себеп болған – Әуезов пен оның салықалы ойлары.

Мұхтар Әуезовтің жиырма томдық еңбегінің он тоғызыншы еңбегіне кірген мақаланың бірі – «Ана тілі әдебиетін сүйіндер» деп аталады. Төл туындыларының кітабына өзгеріссіз енген бұл мақала ана тілінің қадірі туралы сөз қозғайды. Ана тілін жастар қауымына үйретудің екі жолын ұсынған: біріншісі – мұғалімнің үйретуімен мектеп табалдырығында алынған білім. Екінші жолы – адамның өздігінше ұзақ уақыт бойы ізденіп, өз алдына бір саланы зерттеуі. Осы екі жолды толықтай айта келе, жастар қауымына зор міндет жүктейді. Оның айтуынша, адам қанша жерден ғалым болса да, қазақ тілін, өз ана тілін білмеген адам интеллегенция өкілі бола алмайды. Оның пікірінше, жастайынан кітап оқып өскен адам ғана нағыз ғылымның адамы бола алады. Расында да, бір мамандықтың айналасында қалып, өз-өзін дамытпаған адам мәнді интеллигент болмақ емес. Өз сөздерін аргументтеу мақсатында шетел азаматтарының кітаппен жақын достасқанынан хабар береді. Тіпті, үй қызметіндегі ата-аналардың да көркем әдебиетке қызығуы – халықты сауаттандыруға жетелейтін ізгі жол. Қазақ әдебиеті туралы тек орыс тілі әдебиеттердің аудармасынан ғана білетін «қазақсымақтарды» сынамайды, оларды мүлде құптамайды. Қазақ тілінің қыр-сырын білген адам ғана интеллигенттік сипатқа енеді деп өз ойын тұжырымдайды.

Мұхтар Омарханұлы «Айман-Шолпан» драмасына толықтай кіріспес бұрын, қазақ фольклорлары туралы еңбегінде осы жыр туралы мақала жазып қалдырған. Ол аталмыш мақалада бірнеше қорытындыға тоқталады: біріншіден, жырдың нақты авторы белгісіз, демек, «Айман-Шолпан» жыры – халық ауыз әдебиетіне жатады. Халық ауыз әдебиетіне жатады деген сөз, оның о баста, басқа нұсқасы болғанын, алайда, халық арасында өзгеріске ұшырағанын білдіреді. Екіншіден, жыр мазмұнына сүйенер болсақ, ондағы кей батырлар тарихта болған, яғни, өмірде болған адамдар, Есет батырдың аты аталғанына қарап, жырдың XIX ғасырдың екінші жартысында пайда болған деуге болады. Үшіншіден, жырда троп түрлерінің ішіндегі әсірелеу кездесе бермейді. Әдетте лиро-эпостық жырларға тән әсіреулер көптен кездеседі. Ал, «Айман-Шолпан» жырында қазақ халқының бақталастығын ашып көрсеткен. Сонымен қатар, жырда Айманның өзін және сіндісі Шолпанды құтқаруы үшін жанкештілікке баруы сол кезеңдердегі өзекті мәселелерден сыр шерткендей. Ол мәселе – әйел теңсіздігі, әйелдің тандау жасауға құқығы болмауы. Ал, заманына қарсы шыққан Айманның әрекеттері шығарманың шарықтау шегі мен шиеленісуіне жетелейді. Дауда «жеңген» Көтібар батырдың Айманға қол жеткізе алмауы, Айман қыздың ақыры өз дегеніне жетуі қазақ қоғамында енді-енді әйелдің қандай батыр бола алатынынан хабар бергендей суреттеледі. Бүкіл істің басы Мамай мен Көтібардың дауынан басталса, соңы келісім мен екіжақты шешімге ұласады. Қызды көндіруге алып батыр да дауаламай, ақыры беріледі, қыз айласынан дәрменсіз болып қалады. Жырдағы Айманның бейнесі оның ойлы әрекеттері мен сүбелі сөздеріне қарап заманынан асып түскен есті қыз екенін байқауға

болады. Ал, жыр мазмұнына қанық болған көрермен Көтібар батырдың істеген ессіз әрекеттері батырлық емес, есерсоқтық екенін аңғара алады.

Қазақ фольклорін зерттеуде Әуезовтің теңдесі жоқ. Қазақ эпостық жырлары мен лиро-эпостық жырларының шығу тарихына тоқталып, олардың шынайы тарихпен қаншалықты үйлесетінін зерттеген. Осылайша, ол қазақ эпостарының бастамасы ежелгі түркі әдебиетінен бастау алып, сол үлгіде көрініс табатынын жазған. Алайда, қазақ эпосы тарих оқиғаларымен жүз пайыз сәйкесіп келмесе де, жыр мазмұнындағы ірі оқиғалар тарих беттерінен алынған деп топшылады. Демек, қазақ эпостары мен лиро-эпостары тарихи негізден басталатын, одан өзге қазақ менталитеті мен салт-дәстүрінен сипат беретін әдеби жанрдың бір түрі. Осындай лиро – эпостардың бірі – «Қыз-Жібек» жыры. Кейіпкерлерін өзге жырдағыларға ұқсамайтын, басты кейіпкерлері кіршіксіз махаббатпен байланысқан, ақыры қосыла алмай кеткен трагедияны Мұхтар Әуезов те зерттеген болатын. Жырды оқу барысында бір жағынан, басты кейіпкерлердің бір-біріне қосылуға қалай ұмтылғанын көруге болады. Ал, екінші жағынан қазақтар арасындағы теңсіздік пен айла-сұмдық, арам пиғылдылардың пасық әрекетін көріп жиренесің. Осындай ерекшеліктерін байқаған Әуезов бұл жырды қазақ арасындағы тұңғыш романға балайды. Әлем ғалымдары Әуезовті драматург ретінде таниды. Бүгінгі таңда театр сахналарында қойылып жатқан «Еңлік-Кебек», «Айман-Шолпан» пьесалары - ХХ ғасырдағы қазақ әдебиетінің асқар шыңы. «Еңлік-Кебек» пьесасын қағазға ең алғаш Абайдың Мағауиясы түсірген. Абай мен Шәкәрімнің ұсынысы бойынша басылым көрген «Еңлік-Кебекті» пьеса етіп Мұхтар Әуезов толықтырды. Пьесаның түйінді ойына тоқталсақ, ескіліктің құрсауында қалған ел қос ғашықтың түбіне жетіп тынды. Әуезов айтпақшы, қазақтың ескілігі өзіне жау болған. Трагедиядан бөлек, комедияға қалам тартқан Әуезовтің «Айман-Шолпан» пьесасына драматург тарапынан өзгертулер енгізілген. Мәселен, жырдағы жеті кейіпкер пьесада он жеті болып көбейеді де, олардың образы ашылып, сюжет мазмұны арқылы әр кейіпкерді тануға мүмкіндік бар. Оқиғаны шебер жеткізумен қатар, оған өз тарапынан тартысты ойлар мен идеялар қоса білген. Автор өз жанынан қосқан кейіпкерлері шығармаға өң беріп тұрғандай әсер қалдырады, оның «жаңа» кейіпкерлері - тек оқиға мен тартыстың ортасында жүрген жандар. Мәселен, Әуезовтің идеясымен туған кейіпкер Жарастың күлдіргі оқиғаларынсыз пьесаны елестету мүмкін емес. Кейіпкерлерді бейнелеп қана қоймай, қазақ салт-дәстүрлерін оқиғамен байланыстырып, халық ауыз әдебиетін классикалық пьесаға айналдыра біледі де, өзінің жаңашыл қаламгер екенін тағы бір рет дәлелдеді. Халықтан қалған жырда кейіпкерлер, әсіресе Айман-Шолпанның бейнесі көмескі болса, пьесада олардың қандай екендігіне көз жеткізуге болады. Демек, М.Әуезов – филолог-ғалым ғана емес, өз заманының үздік драматургы. Әуезов – абайтанушы көрнекті ғалым. Ол жастайынан Абай өлеңдерін сүйе жаттап, көп жырлары жатқа білетінін жүрген жерінде айта жүретін, реті келсе жаза жүретін болған. Жүсіпбек Аймауытовпен біріге отырып, «Абай» журналын жарыққа шығарып, алғаш



абайтанушы атанған болатын. «Қазақ әдебиетінің бүгінгі дәуірі» атты мақаласында ұлы хакімнің өмірі мен шығармашылығына кеңінен тоқталып, қазақ әдебиетінің тарихын Абайға дейінгі әдебиет және Абай дәуірінің әдебиеті деп екі кезеңге бөледі. Абай еңбектерін жан-жақты жинап, баспаға дайындап, том-том етіп шығарды. Толықтырулар енгізу керек болса, толықтыруды да ұмытпаған. Әуезов осы тұста бастап, қалт етсе, Абай шығармаларын жан-жақты талдайтын монографиялық еңбектер жариялай бастады. Ақын еңбектерін басып шығаруда, сирек кездесетін еңбектерінің тең жартысын өзі тауып енгізді. Өзбек, қарақалпақ, маңғыт тілдеріне аударылуын қадағалап, өзге елдерді де Абайдың рухани байлығымен сусындата білді. 1959 жылғы Абайдың өмірі мен шығармашылығына арнаған еңбегінде оның өмірінің қилы тұстарына жеке-жеке тоқтала келіп, ақындық қабілеттері мен төл шәкірттері (Көкбай, Ербол, Мағауия) туралы да тың мәліметтермен бөлісті. Олардың бергін келе қазақ әдебиетіне енгізген жаңашылдықтары мен өлеңдерінің ерекшеліктерінің пайда болуына Абай тәлімгерлігі мол екенін тамсана жазған. Абайдың поэмалары ежелгі дәуірлердегі оқиғаларды қамтитынын ескерсек, Ақылбай әкесінен үлгі алып, аналитикалық сипаттағы поэмалар жазған. Ақылбай шығармаларында оқиғаны зорайтып айтып, кейіпкер образын бейнелеуде мықты эмоциялардың шиеленісуін жазатынын айта келіп, оны «адам жанын бейнелеудегі тамаша суретші» деп жоғары бағалаған. Мағауия болса, орыстың романтизм жанрын кеңінен ашқан, өз дәуіріндегі романтик қаламгер болғанын бізге жеткізеді. Өзі жазған поэмада құрылысы жөнінен де, кейіпкерлер образын көрерменге ұсыну тәсілі де, топтық кейіпкерлер жүйесін де жеткізуі орыстардан шабыттанғаны деп топшылайды. Ал, шәкірттер ішінде ең озғаны деп Көкбайды атаған. Ақындығы соншалық, суырыпсалма, біздіңше, импровизацияға жақын болғанын дәл байқаған. Оның Абай өлеңдері мен шығармашылығы туралы мәлімет жинауда Көкбайдың көп септігі тигенін айта кеткен. Абай шәкірттерінің өз заманындағы керемет жетістіктерін саралай келе, бәрібір де олардың ешқайсы да Абай жеткен жетістікке жете алмағанын қорытындылай айтады. Менің пікірімше, Абай ақындығының мектебін тәмамдаған оқушыларының жеткен белесін мойындаса да, олардың ұстазды баса озбағанын әділ айтқан. Мұхтар Әуезовтің осындай ғылыми-танымдық еңбектері құр өткінші дүние емес, ғалымның дәрежесіне тән кемел ойларымен ерекшеленеді.

Әуезов қазақ әдебиетіне жаңалық енгізуді сүйген. Оның ең алғашқы әрі елеулі тәржімасы саналатын «Ревизор» шығармасы Гогольден аударылған. Мұхтар атамыз тәржіманың басты міндеті ретінде түпнұсқадан нақты аударылуы деп есептеген. Ал, «Ревизор» - кейіпкерлерінің іс-әрекеттерін ирониялап, қазақ тілінің байлығын көрсететін тамаша аударма. Жиырманшы ғасырдың отызыншы жылдары өзге тілден шығарма аудару жаңалық болып есептелінді. Алғашқы нұсқасы біраз жылдан кейін қайта өңделіп, оқырман жүрегіне жол тартты. Кейіпкерлерін әбден күлкі етіп, оқиғаны шебер жеткізе білген. Батыс жазушыларының шығармасы - аударуға

күрделі туындылар. Әсіресе, Шекспирдің «Отеллосын» тәржімалау екінің бірінің қолынан келе бермеген. Орысша аудармасын негізге ала отырып, Әуезов «Отеллоны» қазақша аударудың тың тұстарын таба білген. Осылайша, Мұхтар заманынан бері қазақ сахналарында бұл трагедия жетпіс жылдан бері қойылып келеді (керемет туындылар оқырманның да, көрерменнің де жадынан өшкен емес, өшпейді де). Аударма деуге дәтің бармас шығармасының бірі – «Асауға тұсау». Атының өзі шеберлікпен қойылған шығармада кейіпкерлер әбден мысқылданып, көрерменнің талқысына салынған. Шарықтау шегінен кейінгі шешімі автордың суырыпсалмалығынан туған. Бұл- театр сахнасында шығарма кейіпкерлерін сомдайтын актерлер үшін ең қолайлы жағдай. Қазақтың ескі өнерін жаңа бағытқа бұрып, актерлерге де, көрерменге де шабыт берген «Асауға тұсау» ешқашан ұмытылмақ емес.

Тумасынан дарынды болған Әуезовтің қазақ әдебиеті мен әлем әдебиетіне қосқан еңбектерін зерттеу барысында бірнеше қорытындыға қол жеткізе алдым:

- Ең алдымен тіл қамын ойлап, ана тілімізді оқыту мен өркендетуде алдына жан салмаған тұлға. Оның қазақ тілін оқыту туралы мақалалары бүгінгі күнге дейін өзектілігін жойған емес.

- Қазақ фольклорын тұңғыш зерттеуші де - Мұхтар Әуезов. Оның эпостық және лиро-эпостық жырлар туралы жасаған тұжырымдары мен «Қыз-Жібек» пен «Айман-Шолпанға» жасаған талдаулары өзіндік жаңашылдыққа ие.

- Әуезов - драматург. Ел аузынан қалған «Айман-Шолпан» пьесасы өзінің тарапынан көптеген толықтыруларға ұшырағаны көрерменге, керісінше ұнап, 60 жылдан астам уақыт бойы қазақ театрларының репертуарынан үзілмей қойылып келеді.

- Жаны жаңашылдықты сүйген Әуезов шетел әдебиетінің көрнекті шығармаларын тәржімалады. Мәселен, Шекспирдің «Отеллосы» мен Гогольден аударған «Асауға тұсау» шығармалары төл автордың оқырманға жеткізбек болған ойын дәл сол қалпында аударды.

Әуезов - жаңашыл қаламгер. Оның сұлу да сырлы шығармалары адам жанына қанат бітіріп, басқа әлемге жетектейтіндей. Оның әр шығармасы қалай да болсын, қазақилықпен ұштасып, біте қайнасып жатады. Жо-жоқ, дұрыс түсінбей қалмаңыз! Ол қазақилықты ескіліктің сарқыншағы етпей, керісінше жаңа заманның жаңашылдығына қоса білген. Иә, Әуезовтің әдебиет пен театр сахнасына қосқан елеусіз еңбегі еш кетпеді. Оның оқырмандары да, көрермендері де Әуезов шығармаларынан халыққа деген өшпейтін сүйіспеншілік пен зор махаббатты байқайды. Расында да, Әуезов - жүрегі «қазақ» деп соққан тума дарын иесі, бақытты қаламгер.

#### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:**

1. «Аңыз адам» журналы. 10 - басылым, 2010 ж, қараша
2. Мұхтар Әуезов энциклопедиясы – Алматы, «Атамұра» баспасы, 2011 жыл [147-150 б]

3. Massaget.kz жастар порталы. «Әуезовтің проза және драматургия жанларын өркендетуге қосқан үлесі»  
[https://massaget.kz/okushyilarga/uy\\_tapsyirmasyi/24016/](https://massaget.kz/okushyilarga/uy_tapsyirmasyi/24016/)
4. Ainews. «Мұхтар Әуезовтің аудармалары»  
<https://ainews.kz/kk/culture/muhtar-aezovtin-audarmalary--2735084>
5. Әдебиет тарихы – «Алматы» баспасы, 1992 жыл

**Мазмұны:**

1. Спанова Ақгүл Спанқызы - «М. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясын жоғары деңгейлі оқу мақсаттары негізінде жастар тәрбиесіне ықпал ете оқыту» 4-8 б.б.
2. Ондыбаева Айжарқын Кузенбаевна - «М. Әуезов шығармаларын креативті тапсырмалар арқылы оқыту» 9-11 б.б.
3. Жаңабек Дана Әкімжанқызы – «М. Әуезов шығармаларын заманауи талаптарға сай оқытудың әдіс-тәсілдері» 12-16 б.б.
4. Тулегенова Галия Жанабергеневна – «Мұхтар Әуезов әңгімелерін оқыту әдістемесі» 17-22 б.б.
5. Кабдулова Айжан Тургановна – «Мұхтар Әуезов әңгімелерін оқыту әдістемесі» 23-26 б.б.
6. Рашитова Дияна Елеуовна – «Білім беру үрдісінің барлық субъектілерінің тұлғалық өсуіне жағдай жасауда М.Әуезов шығармаларының ролі» 27-31 б.б.
7. Дуйсенова Куанышкул Кадиршиновна – «Абай және Әйгерім» 32-34 б.б.
8. Байсалиева Айсулу Пернебековна – «М.Әуезов әңгімелерін оқыту әдістемесі» 35-38 б.б.
9. Даулетова Гулфайрус Ермекбаевна – «М.Әуезов шығармаларын заманауи талаптарға сай оқытудың әдіс-тәсілдері» 39-41 б.б.
10. Мнажадинова Гүлжаһан Телағысқызы – «М.Әуезов шығармалары арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын жетілдіру» 42-45 б.б.
11. Кулумбетова Акжан Ибатбековна – «М.Әуезов әңгімелерін оқыту әдістемесі» 46- 50 б.б.
12. Самалова Айгерім Мырзагажиевна – «М.Әуезов шығармаларын заманауи талаптарға сай оқытудың әдіс-тәсілдері» 51-54 б.б.

**13. Акирапбаев Нурбол Болатбекұлы – «М.Әуезов мұрасын оқытудың маңыздылығы» 55 - 59 б.б.**

**14. Қазбекова Жанар Жұмадилдақызы – «М.Әуезов шығармалары арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын жетілдіру» 60 - 63 б.б.**

**15. Атеева Аида Зейноллаевна – «М.Әуезов шығармаларын заманауи талаптарға сай оқытудың әдіс-тәсілдері» 64 – 69 б.б.**

**16. Қабылов Миіржан Рамазанұлы – «Әдебиет әлеміндегі М. Әуезов қалдырған тағылымды жол» 70 - 75 б.б.**